

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Педагогтарға кеңес:	Балалармен «Білім күні» мерекесі бойынша ән салу, тіл дамыту жаттығуларын өткізу.	
	Ата – аналарға кеңес:	Тіл ұстарту жаттығулары: Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ. Ел – ел – ел, Соғады жел.	
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Сәлеметсіздер ме, достар! (Өңгімелесу) Мақсаты:Амандасу және қоштасу түрлерімен танысып, бекіту. Өңгімелесу арқылы баланың сөздік қорын байыту.Байланыстырып сөйлеуге үйрету.
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	«Байтерек» мектепалды тобы: Жаңылтпаш. Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатта тақпақ, Жатта тақ-тақ. «Салтанат» мектепалды тобы: «Доп» ойыны. Бөбекжайға жаңадан келген балалармен танысу.		
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет			
мектепалды топ	Тақырыбы: «Сәлемдесе білемін».		

	Мақсаты: Сәлемдесу,амандасу туралы түсінік беру. Балаларды сәлемдесе білуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта алады. Шаттық шеңбері Қуан шаттан алақай! Қуанатын күн келді Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң! Қайырлы күн! Балалар біз бүгін сендермен сәлемдесу, амандасу туралы әңгімелесеміз. -сендер қалай ойлайсындар адамдар неліктен бір-бірімен амандасады? О.Ақыпбековтің Сәлем берем үлкенге өлеңін әңгімелеу Көшелерден біз өткен Ата көрсем жақын кеп, Сәлем берем іздетпен, «Ассалаумағалейкум!»-деп. Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдейілеп, Сәлемдесем сол тұста: «Есенсіз бе,әжей?»-деп. Кім кездессе көшеде, Таныс емес демеймін, «Аға,тәте,көкеге, Сәлеметсіз бе?»-деймін Балалар үлкен атаны көргенде қалай амандасады? Әжені көргенде қандай жылы сөз айтамыз? Ф\ж «Бірге қайтала». Қазақ тілінде әдемі сөйлеу үшін дыбыстарды дұрыс айтып үйренейік. Қу-ку-ку-куыршақ қы-қы-қы-қыз Жаңа сөздер үйренеміз. «Сәлеметсіз бе!»,«Сау болыңыз!»,«Рақмет!» "Менің атым...", Мақсаты: балаларға қазақ тілінде танысуды, ізеттілікті білдіретін сөздерді үйрету. Дәйексөз «Сәлем сөздің анасы» Ойын: «Қалай амандасу керек?» Ғажайып сөздер Балалар сабақта үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады. Балалар әдептілік сөзден білінеді,сондықтан ең бірінші кім амандасу керек? Қорытынды: Ойын «Сөзжұмбақ» Күтілетін нәтиже: Балаларда сәлемдесу,амандасу туралы түсінік қалыптасты. Сөздерді дұрыс айта алады.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін *Волкова* әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09-.06.09.24ж.
Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру (топтық жұмыс)	«Өнегелі 15 минут» - Амандасу қағидалары	«Өнегелі 15 минут» - Амандасу қағидалары	«Өнегелі 15 минут» - Амандасу қағидалары .	«Өнегелі 15 минут» - Амандасу қағидалары	«Өнегелі 15 минут» - Амандасу қағидалары
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Педагогтарға кеңес:	Тіл дамыту жұмыстары: Біз әдепті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Үлкендерге жол беріп, Біз ақылды боламыз.			
	Ата – аналарға кеңес:	Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалардың тілін дамыту.			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	«Қ» дыбысы (Өңгімелесу) Мақсаты: Балабақша туралы әңгімелеуге үйрету. «Қ» дыбысын дұрыс айтуға қалыптастыру.Монолог түрінде сөйлеуді дағдыландыру.		
		Ересек	«Туған жерге саяхат» (саяхат) Мақсаты: Амандасу және қоштасу түрлерімен танысып, бекіту. Өңгімелесу арқылы баланың сөздік қорын байыту. Байланыстырып сөйлеуге үйрету.		
Балалармен жеке жұмыс					

(баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	«Тыңда, көрсет, қайтала». Мақсаты: жаңа сөздерді бекіту. Күтілетін нәтиже: Балалар қазақша амандасуды, ізеттілікті білдіретін сөздерді үйренді.	«Сенің атың кім?», «Неше жастасың?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Күтілетін нәтиже: Өзі туралы айта біледі, қазақ тіліне тән дыбыстарын дұрыс айтады.	«Не деу керек?» сөздік ойыны. Мақсаты: амандасу, қоштасу сөздерін үйрету. К/н: Таныс сөздерді күнделікті өмірде қолдана біледі.	Сөздік ойын «Кел, танысайық». Мақсаты: екеуден бөлініп, жаңа сөздерді қолдана отырып диалог түрінде сөйлесу. К/н: Таныс сөздерді күнделікті өмірде қолдана біледі.	«Не деу керек?» сөздік ойыны. Мақсаты: амандасу, қоштасу сөздерін үйрету. К/н: Таныс сөздерді күнделікті өмірде қолдана біледі.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды тобы	Тақырыбы: Балабақша Мақсаты: Балабақша туралы түсінік қалыптастыру. Балабақшадағы жиһаздарды, заттарды атағанда, сөйлеп құрап айтқанда грамматикалық тұлғаларды дұрыс сақтап сөйлей білуге үйрету. Қазақ тілінде дұрыс, анық сөйлеуге жаттықтыру. 1.Шаттық шеңбері 2.Мұғалім балалармен бірге Е. Өтетілеуұлының өлеңін қайталайды. 3.Ізгі сөздер Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»- деп кіремін. 4.Сұрақ-жауап: Мұғалім: Керемет! Ал сендер үйде, балабақшада осындай ізгі сөздерді қолданасыңдар ма? Ертеңгісін адамдармен қалай амандасамыз? Қане бәріміз бірге қайталайықшы.-«Қайырлы таң!». Тағы қандай әдепті сөз қолданамыз?-«Сәлеметсіз бе!». Күндіз кездескен адамдарға не деп айтуымыз керек?-«Қайырлы күн!». Ал, кешке ше?-«Кеш жарық!» 5. Балабақша қызметкерлері мен бөлмелері бейнеленген суреттерге назар аударту. Мақсаты: Балалар қызметкерлерді атай алады. Сурет бойынша сөйлем құрай алады. Балабақша қызметкерлері: (тазалықшы, аспазшы, дәрігер, кір жуушы, тәрбиеші апайлар).				

	Тазалықшы – екінші үйімізде өз үйіміздей жылы, таза болсын деп бөлmemізді жуып, тазалайды. Аспазшы - біз үшін дәмді тамақ әзірлейді. Дәрігер – сендердің дендеріңнің сау болуын қадағалайды. Кір жуушы – біздің сүлгілерімізді жуып береді. Тәрбиеші апайлар – сендер жақсы адам болып өсулерің үшін бәрін үйретеді. Балалар апайларына тақпақ айтып береді. Балабақша – біздің екінші үйіміз сияқты екен, ал бірінші үйіміз өз үйіміз, себебі онда сендерді жақсы көретін жақын адамдар тұрады, әке - шешен, ата - әжең, ағаң, апайын. Олар сендерге қамқорлық көрсетеді. 7.Сергіту сәті Балалар тәрбиешілермен бірге Е. Өтетілеуұлының «Бала, бала, баламыз»өлеңін бірігіп айтып, өлең мазмұнына сәйкес қимыл – қозғалыс жасайды. Бала, бала, баламыз Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз! Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Тәрбиеші қарайды, Аяққа бір, қолға бір. Міне, «вагон», кіреміз, «Пойызбен»жол жүреміз. «Кемеге» де мінеміз, Толқындарды тілеміз. 8.Мұғалім: Балалар, сабақта үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтыңдаршы. Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Қайырлы күн! Кеш жарық! Рахмет! Балалар бүгінгі сабақта не жайында әңгімелестік? Балабақша біздің екінші үйіміз. Біз балабақша мүшесіміз. Балабақшаны, достарымызды, апайларымызды өте жақсы көреміз. Жүректен жүрекке шеңбері. Жақсылыққа құмармыз, Жақсы адам боп шығармыз. Бізді жақтап отырған, Сендерге де мың алғыс! Қоштасу. Рефлексия Күтілетін нәтиже: балабақша туралы түсініктер қалыптасып, әңгімелей алады. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтады.
--	--

ересек тобы	Тақырыбы: Менің балабақшам Мақсаты: Балабақша туралы түсінік қалыптастыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға үйрету. Балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. 1.Шаттық шеңбері.Сәлемдесу 2. Балабақша туралы түсіндіру. 3.Дыбыстық жаттығулар: -ша-ша-ша – балабақша -нің-нің-нің – менің -ең-ең –ең – кең -ық-ық-ық – жарық -мі-мі-мі –әдемі 4. Суретпен жұмыс.Қонаққа тәрбиешіні шақырып, балаларды балабақша заңымен, балабақша қызметкерлерімен таныстыру. 5.Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Аяқты нық басайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып алайық. 6.Тіл дамыту. Сурет арқылы әңгімелесу. Мысалы: Мынау- менің балабақшам Балабақшам жарық, таза, әдемі. 7.Өлең үйрену. Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. (Е.Өтетілеуұлы) 8.Сөздік ойын. «Тыңда, көрсет, қайтала». Мақсаты: Балалар суреттегі бейнеленген заттарды қазақ тілінде айта алады. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады. Күтілетін нәтиже: балабақша туралы түсінік қалыптасты. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (Ө, Қ, Ғ) анық айта алады.
мектепалды тобы	Тақырыбы: Балабақша – өз үйім! Мақсаты: Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Қуыршақ (ұлттық киімдегі әдемі қуыршақ ұйымдастырылған оқу қызметіне арнайы келеді). – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, бірге амандасайықшы.

	– Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: – Менің атым – Айсұлу. Сендерге қазақ тілді үйретуге көмектесемін, алдағы жұмыстарыңа табыс тілеймін. Д/ ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Соня. Негізгі бөлім: 1. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. «Балабақша» педагог балаларға балабақшаның суретін көрсетіп, сұрақтар қою. Жаңа сөздер: Балабақша, топ, үй, есік, терезе, таза, жарық 2. Дыбыстық жаттығулар: Бақша – бақша – балабақша, ік – ік – ік – мынау есік, ық – ық – ық – бөлме жарық 3. Д/ойын: «Аудармашы». Сөздік жұмысын жүргізу. Мақсаты: Жаңа сөздерді бекіту. 4. Сергіту сәті: Бір-бірімен сыйласты, Тату жүрміз бәріміз. Бал достықтың ұясы – Біздің балабақшамыз. 5. Тіл дамыту, сөйлеу үлгілері. Дидактикалық ойыны: «Тыңда, көрсет, қайтала» . (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Ол – қыз. – Қыз қайда келді? – Балабақшаға келді. 6. Д/ойын: «Сөзді жалғастыр». Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балаларды бағалап, мадақтайды. К/н: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады.
ортаңғы топтары	Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын» Мақсаты: Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту; Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту; Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. 1. Сәлемдесу. Шаттық шеңбері. Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрғызу: Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Жарқыраған күнге! -Сәлеметсіңдер ме, балалар! 2. Суретпен жұмыс. балабақша туралы түсіндіру. 3. Сөздік ойын 4. Дыбыстық жаттығулар: – ша–ша–ша–балабақша – ші–ші–ші–тәрбиеші – ше–ше–ше–көше

	5.Сергіту сәті: Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасату тәсілі арқылы өлеңді жаттап алу, таппақ ішіндегі «ауласында», «жаңа қоныс», «таза ауа», «жаңа үй» деген сөздермен сөздік жұмыстарын жүргізу. 6.Ойын: «Балабақшада не көрдік?» Шарты: балабақшада көргендерін атайды. Достыққа, бауырмалдыққа, ұқыптылыққа, бір–бірін сыйлауды таныта алады. 7.Ойын: Күн мен түн Балалармен қоштасу. Рефлексия. Күтілетін нәтиже: балабақша туралы түсінік қалыптасты. Ойын арқылы пәнге деген қызығушылықтары артты.
мектепалды тобы	Тақырыбы: «Балабақша бөлмері мен қызметкерлері» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері туралы сөздік қорларын толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Тілді түсіну, зейін тұрақтылығын, ойлау, фонематикалық қабылдау қабілеттерін дамыту. 1.Миға шабуыл. 2.Мұғалім балалармен бірге Е. Өтетілеуұлының өлеңін қайталайды. 3.Ізгі сөздер Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»- деп кіремін. 4.Сұрақ-жауап: Мұғалім: Керемет! Ал сендер үйде, балабақшада осындай ізгі сөздерді қолданасыңдар ма? Ертеңгісін адамдармен қалай амандасамыз? Қане бәріміз бірге қайталайықшы.-«Қайырлы таң!». Тағы қандай әдепті сөз қолданамыз?-«Сәлеметсіз бе!». Күндіз кездескен адамдарға не деп айтуымыз керек?-«Қайырлы күн!». Ал, кешке ше?-«Кеш жарық!» 5.Тіл дамыту. Торғай Торғай - торғай, тоқылдақ

	Жерден тары шоқып ап Бөтегесі бұлтиып Шиқ-шиқ етіп отырмақ 6.Балабақша қызметкерлері: (тазалықшы, аспазшы, дәрігер, кір жуушы, тәрбиеші апайлар). Тазалықшы – екінші үйімізде өз үйіміздей жылы, таза болсын деп бөлmemізді жуып, тазалайды. Аспазшы - біз үшін дәмді тамақ әзірлейді. Дәрігер – сендердің дендеріңнің сау болуын қадағалайды. Кір жуушы – біздің сүлгілерімізді жуып береді. Тәрбиеші апайлар – сендер жақсы адам болып өсулерің үшін бәрін үйретеді. Балалар апайларына тақпақ айтып береді. Балабақша – біздің екінші үйіміз сияқты екен, ал бірінші үйіміз өз үйіміз, себебі онда сендерді жақсы көретін жақын адамдар тұрады, әке - шешен, ата - әжең, ағаң, апайын. Олар сендерге қамқорлық көрсетеді. 7.Сергіту сәті Балалар тәрбиешілермен бірге Е. Өтетілеуұлының «Бала, бала, баламыз»өлеңін бірігіп айтып, өлең мазмұнына сәйкес қимыл – қозғалыс жасайды. Бала, бала, баламыз Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз! Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Тәрбиеші қарайды, Аяққа бір, қолға бір. Міне, «вагон», кіреміз, «Пойызбен»жол жүреміз. «Кемеге» де мінеміз, Толқындарды тілеміз. 8.Мұғалім: Балалар, сабақта үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтыңдаршы. Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Қайырлы күн! Кеш жарық! Рахмет! Балалар бүгінгі сабақта не жайында әңгімелестік? Балабақша біздің екінші үйіміз. Біз балабақша мүшесіміз. Балабақшаны, достарымызды, апайларымызды өте жақсы көреміз. Жүректен жүрекке шеңбері. Жақсылыққа құмармыз, Жақсы адам боп шығармыз. Бізді жақтап отырған,
--	---

	Сендерге де мың алғыс! Қоштасу. Рефлексия. Күтілетін нәтиже: Балабақша қызметкерлері атауларын қазақ тілінде игерді, пәнге деген қызығушылықтары артты. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптасты.
--	--

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.09-13.09.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Педагогтарға кеңес:	Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен жаңа сөздерді қайталау.			
	Ата – аналарға кеңес:	Ата – аналарға арналған бұрыш: М.Әлімбаев «Балабақша»			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	«С.Оспановтың «Балабақшада» өлеңін жаттау». Мақсаты: С.Оспановтың «Балабақшада» өлеңін жаттату арқылы тілдерін жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	«Тыңда, көрсет, қайтала». Мақсаты: жаңа сөздерді бекіту. Күтілетін нәтиже: Балалар қазақша амандасуды, ізеттілікті білдіретін сөздерді үйренді.	«Аудармашы» Мақсаты: балалардың сөздік қорларын тексеру. К/н: балалар қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айта біледі.	«Сенің атың кім?», «Неше жастасың?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Күтілетін нәтиже: Өзі туралы айта біледі, қазақ тіліне тән дыбыстарын дұрыс айтады.	«Аудармашы» Мақсаты: балалардың сөздік қорларын тексеру. К/н: балалар қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айта біледі.	«Сенің атың кім?», «Неше жастасың?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Күтілетін нәтиже: Өзі туралы айта біледі, қазақ тіліне тән дыбыстарын дұрыс айтады..
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет:					
мектепалды тобы	Тақырыбы: Балабақша қызметкерлері Мақсаты: Балаларды қоршаған орта заттарымен таныстыру; сұрақты дұрыс қабылдауға, қойылған талаптарды орындауға үйрету. «Қ», «ұ», «ы» дыбыстарының айтылуын үйрету.				

	1.Қол ұстасып, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Бір-бірімізге қарайық, Жылы сөздер айтайық! 2.Дидактикалық ойын: «Қайсысы кімдікі» Мақсаты:Балалардың танымдылық процестерін дамыту Шарты: мамандықтардың суреттері ілулі тұрады, балалар заттардың қайсысы кімдікі екенін тауып алу керек. 3.Т: Ф. Оңғарсынова «Тәрбиеші» өленің жаттату. Менің жақсы апайым (қызметкерлер мен танысу) Сурет салып, ән айтуды Би билеуді, ойнауды Үйретеді әрқашан Тәрбиеші апайымыз. М:Өленді оқып, жаттау барысында балаларды балабақша қызметкерлерінің аты-жөнімен, мамандық атауларымен таныстыру, олардың еңбегін бағалай білуге, құрметпен қарауға тәрбиелеу. 4.Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қорап» Мақсаты: Балаларды мамандардың өз ара ажыратуға үйрету. Аталған құралдардан жалғауларды дұрыс жалғауға үйрету. Сөзден байланыстырып сөйлем құрастыруға үйрету. Шарты: Қорапшаның ішінен қолмен сипап сезу арқылы заттың атауын табады және ол құралдар кімнің құралы екенін және ол не үшін қажет екендігін атады. Мысалы: фен-шашпаразшыға, ол шашты кетпіреді, әшекейледі 5.Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Мақсаты: түрлі мамандық иелері құралдарын (тәрбиеші, дәрігер, аспазшы, көмекші) басқаратыны туралы түсініктерін кеңейту. Құралдар: ыдыстар: кастрюль, қазан, шайнек, ожау, плита; фонендоскоп, ойыншық шпателі, шприц, ақ халат, тонометр; кітап, доп, қалам, машинаның рулі. Шарты: Балаларды үстелдің үстінде (ыдыстар: кастрюль, қазан, шайнек, ожау, плита; фонендоскоп, ойыншық шпателі, шприц, ақ халат, тонометр; кітап, доп, қалам, машинаның рулі) тұрған ойыншықтарға жақындатып сұрайды: (мына заттардың ішінен кімнің заты? кімге жұмысына не қажет?) деп сұрайды. 6.Тапсырма: мамандықтарға байланысты заттарды атап, қоржынға салады. Мұғалім: әр баладан жауап алады. Қоржынға салған заттын атын сұрап бекітеді. Қорытынды: «Кім қанша сөз біледі?» Күтілетін нәтиже: балабақша қызметкерлерінің қазақша атауларын біледі, қарапайым сұраққа жауап береді.
ересек тобы	Тақырыбы: Біздің топ Мақсаты: Топтағы заттардың атауын еске түсіру, жекеше- көпше түрде айтуға үйрету. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жыл мезгілін, айын, апта атауын сұрау. Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз – тыныштық, Ашық болсын кең аспан.

	Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Негізгі бөлім: 1. Дидактикалық ойын: «Саяхаттау» балалар топтарына саяхатқа шығады. <i>Педагог балаларды саяхатқа дайындалуды ұсынады, саяхатқа автобуспен барамыз (автобустың дауысы ұнтаспамен қойылады). Балалармен бірге тақпақты қайталайды.</i> Тамаша ғой бақшамыз, Саяхатқа шығамыз. Алға басып келеміз, Бәрін, бәрін білеміз. Слайд: «Балабақша бөлмелеріне саяхат». Педагог балалардың назарын Не? Нелер? сұрақтарына аударады. Жаңа сөздер: Үстел, орындық, топ, кереует, гүлге су құю 2. Дыбыстық жаттығулар: Дық – дық – дық – мынау орындық, ует – ует – ует – бөлмеде тұр кереует, 3. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетіп, сөзді жалғап сөйлем құрап үйрету. Балабақша (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) . Біздің топта.... (үстел, орындық, кереует бар) . Табиғат бұрышында бар (гүлдер) 4. Сергіту сәті: Бір-бірімен сыйласты, Тату жүрміз бәріміз. Бал достықтың ұясы – Біздің балабақшамыз. 5. Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?» Заттардың жекеше, көпше түрлерін ата? Сұрақтарға жауап беру, жекеше көпше түрді бекіту. – Мынау не? – Бұл – орындық, бұл – орындықтар. 6. Д/ойын: «Сөз сандығы». Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балаларды бағалап, мадақтайды. Күтілетін нәтиже: Топтағы заттарды атайды, сұрақтарды түсініп, жауап береді. Қысқа мәтіндер құрастырады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Біздің балабақшада» Мақсаты: Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту; ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту; құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Шаттық шеңбері Балабақшам менің Жаңа қадам жасадым, Қош болып тұр, бесігім. Мен қуанып ашамын, Балабақша есігін. Қ-сы Әлдилеген елім, Сәбиіңмін сенің. Сәбиіңмін сенің, Балабақшам менің. Айтып бере тәтелер

Әсем өлең, жақсы аңыз.
 Ойыншықтар әперер
 Қандай жақсы бақшамыз.
 Кіріспе әңгіме
 -Балалар, бүгін біз сүйікті бақшамыз туралы ой пікірімізді ортаға салайық.
 -Осы балабақшада сендер не үйрендіңдер, соны айтып бере аласыңдар ма?
 -Сендер көп нәрсені осы балабақшадан үйреніп жатырсыңдар. Себебі сендер күні бойы осы балабақшадасыңдар. Сондықтан, «Балабақша-өз үйім» деп айта аласыңдар.
 -Ал сендер қалай ойлайсыңдар, балабақша деген атау не үшін берілген?
 «Балабақша»-бұл әдемі атау. Мысалы, бақшада жас жеміс ағаштары өссе, ал, балабақшада Отанымыздың жас ұландары-сендер өсіп жатырсыңдар, бұл жерде сендер жақсылыққа, достыққа, әдептілікке, мейірімділікке, бір-бірінді және үлкендерді сыйлауға үйреніп жатырсыңдар.
 -Қазір мен сендерге Мұзафар Әлімбаев ағамыздың «Біздің балабақшада» деген өлеңін оқып берейін.
 Балабақша есігін
 Үшке тола ашқанбыз.
 Балапандай өсіріп,
 Мәпелейді бақшамыз.
 Бұл-екінші үйіміз
 Бір туғанбыз бәріміз.
 Біз-осы үйдің гүліміз,
 Біз-осы үйдің сәніміз.
 Сұрақ-жауап:
 -Осы оқылған өлең шумағында не туралы айтылған?
 -Сендерге балабақша несімен ұнайды?
 Балалардың жауабын тыңдап, қорытындылау.
 -Дұрыс айтасыңдар. Біз күні бойы балабақшада боламыз, бұл-біздің екінші үйіміз, біз осы балабақшаның гүліміз.
 Тыныштық сәті (баяу әнмен)
 Кірпігімізді төмен түсірсек
 Көзіміз жұмылады.
 Таза ауада еркін тыныстаймыз!
 Ғажап қана ұйықтасақ,
 Шаршағанымыз ұмытылып,
 Денеміз босаңсиды.
 Күн жылына бастады,
 Қыстың соңғы күндерінде
 Арықтардан су ағып,
 Қар ери бастады.

	Түн болды! Аспанда әдемі жұлдыздар жарқырап, Жайнап шыға келді. Таң атты! Күн шықты! Көктем келді! Күннің сәулесі жарқырап, Денемізді жылытты. Алғашқы бәйшешек гүл ашып, Жұпар иісін ауаға таратып, Жымыып күліп, күнге қарай созылады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар! Оянатын сәт келді, оянамыз, тұрамыз, Керілеміз, күлімдейміз, Бәрекелді қандай тамаша! Сергіту сәті Кел, балақан, балақан, Шапалақта алақан: Жай, жай, жай! Қозғап барлық денені, Қолды қатты соқ енді: сарт, сарт, сарт! Тықылдатып таяқты, Ақырын бас аяқты: Жай, жай, жай! Айтқан кезде өлеңді, Қатты басқын еденді: Тарс, тарс, тарс! Шығармашылық жұмыс «Балабақша ауласын безендіру» Қорытындылау Бір шаңырақ астында Тату-тәтті тұрамыз. Брге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Күтілетін нәтиже: балабақшдағы сыйластық, ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын;балабақша қызметкерлерінің атқаратын жұмыстарын меңгерді
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Балабақша қызметкерлері Мақсаты: Балабақша қызметкерлерімен таныстыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауға тәрбиелеу

	1.Сәлемдесу. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Жарқыраған күнге! -Сәлеметсіңдер ме, балалар! 2.Суретпен жұмыс.балабақша қызметкерлері туралы айту. 3.Сөздік ойын 4. Дыбыстық жаттығулар: —ша—ша—ша—балабақша —ші—ші—ші—тәрбиеші —ше—ше—ше—көше 5.Сергіту сәті: Санамақ жаттау: «Қуыр,қуыр, қуырмаш» 6. Д/ойын: «Аудармашылар». Мақсаты: сөйлем құрап аударуға дағдыландыру. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балаларды бағалап, мадақтайды. Күтілетін нәтиже: балабақша қызметкерлерінің қазақша атауларын біледі, қарапайым сұраққа жауап береді.
мектепалды тобы	Тақырыбы: «Балабақшада кімдер жұмыс істейді»? Мақсаты: Тақырыптық сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға үйрету, «ә», «і», «ң» дыбыстарын дұрыс айтуын нақтылау және бекіту. 1 «Ізгі сөздер» Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»- деп кіремін. Балалар шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарын айтып, өлең мазмұнына қарай қимыл-әрекет орындайды. 2.Мұғалім ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «өз үйім – менің бірінші үйім, балабақша – екінші үйім»деген тақырыпта әңгіме жүргізеді. — Балалар балабақша дегеніміз не? -Екінші үйіміз — Балабақшада біз не істейміз? -Ойнаймыз, оқимыз — Ал балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба?- Иә — Бұл үлкен үйімізде бізге кім қамқорлық көрсетеді, аялайды? -Апайлар

	— Балабақшада сендер үшін қаншама адам жұмыс істейді? — Қане, олар кімдер және не істейді екен?-апай, аспазшы, дәрігер, т.б. 4.Сөзұйқастар: 5. Жаңылтпаштар жаттау. 6. Жүректен жүрекке шеңбері. Алдын ала берілген өлеңді жатқа айту. Жүректен жүрекке шеңбері. Жақсылыққа құмармыз, Жақсы адам боп шығармыз. Бізді жақтап отырған, Сендерге де мың алғыс! Балабақша туралы әңгімелеу. Тазалықшы – екінші үйімізде өз үйіміздей жылы, таза болсын деп бөлmemізді жуып, тазалайды. Аспазшы — біз үшін дәмді тамақ әзірлейді. Дәрігер – сендердің дендеріңнің сау болуын қадағалайды. Кір жуушы – біздің сүлгілерімізді жуып береді. Тәрбиеші апайлар – сендер жақсы адам болып өсулерің үшін бәрін үйретеді. 7.Қорытынды: Бағдаршам Күтілетін нәтиже: байланыстырып сөйлеуде етістіктерді дұрыс пайдалану, қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырату.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 16.09-20.09.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Педагогтарға кеңес:	Тақпақ жаттау: Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ Ойыншықтар тыңдайды, Емес олар ұрыншақ			
	Ата – аналарға кеңес:	Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен жаңа сөздерді қайталау.			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	«Ойыншықтар» «Қ» дыбысы Мақсаты: Ойыншықтар туралы әңгімелеуге үйрету. «Қ» дыбысын дұрыс айтуға қалыптастыру.Монолог түрінде сөйлеуді дағдыландыру.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	«Болашақ»ересек тобынан: «Мынау не?». Күтілетін нәтиже:өтілген тақырыптарды қайталайды, сұаққа жауап береді.	«Сұңқар» ортаңғы тобы: «Не істейді?» ойыны. Мақсаты: Балабақша қызметкерлерінің тауларын дұрыс атай білуге үйрету.	«Зияткер» мектепалды тобы: «Жұлдыз жина» дидактикалық ойыны. Мақсаты: өтілген тақырыптарды қайталайды.	«Дарын» ортаңғы тобы: «Не істейді?» ойыны. Мақсаты: Балабақша қызметкерлерінің тауларын дұрыс атай білуге үйрету	«Еркемай» ересек тобы: «Жұлдыз жина» дидактикалық ойыны. Мақсаты: өтілген тақырыптарды қайталайды.

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды тобы	Тақырыбы: Ойыншықтар әлемі Мақсаты: Балаларды қойылған сұрақтарды түсіне білуге үйрету, оған толық сөйлем құрап жауап бере білуге дағдыландыру. 1.Сәлем саған алтын күн! Сәлем саған көк аспан! Сәлем саған жер Ана! Сәлеметсің бе, достарым?! Тосын сый: Сиқырлы қорпаша – Ой, балалар қараңдаршы бұл қандай қорап болды екен? Қорапты ашып қарайықшы. Балалар, мұнда әсем, әдемі ойыншықтар бар екен. – Балалар мына жұмбақтың жауабын шешіп көріңдерші: Тепсең-ақ секіріп, ұстатпай қашады, Бір жерге бекініп, тұра алмай сасады. Ол не?. – Доптың пішіні қандай? – Доптың түсі қандай? – Доп неден жасалған? Суретпен жұмыс: Машинаның суретін көрсетіп, бұл не деп сұрау. – Ал, машина неден жасалған? – Кім машинаны сипаттап айтып береді? – Кім машина туралы тақпақ біледі? – Ал енді, мына жұмбақтың шешуін табыңдар: Салпаң құлақ , масақ мұрт, Қыли көзді, жырық ұрт, Көлеңкесінен қорыққан, Үрей дейді оны жұрт. – Бұл не балалар? – Қоян неден жасалған? – Қоянды кім сипаттап айтып береді? – Балалар, енді мына жұмбақтың жауабын тауып көріңдер: Асты, ұйқыны білмейтін, Мұндай бала көрсем ше. Жүгірмейтін, жүрмейтін, Жыламайтын, күлмейтін.				

	– Бұл не?. – Балалар, дұрыс айтасындар бұл қуыршақ, аты -Әйгерім. – Қуыршақтың киімін кім сипаттап айтып береді? – Қуыршақ неден жасалған? Дыбыстық жаттығу: аталған ойыншықтарды дұрыс дыбыстау – Балалар, міне сендермен бірге ойыншықтардың неден жасалатынын білдік. Яғни ойыншықтар: резеңкеден, пластмассадан, ағаштан, матадан жасалады екен. Сергіту жаттығуы. Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы – қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жөнелді. – Балалар, егер бір ойыншық болса, біз ойыншық дейміз. Ал, бірнеше ойыншық болса, ойыншықтар дейміз. Сол сияқты бірнеше ойыншық атауларын жекеше және көпше түрде айтқызу. Ойын «Ғажайып қалта» Шарты: Баланың көзі байланып, қалтадан бір ойыншық алады да, сипап сезу арқылы неден жасалғанын айтады. Содан кейін көзін шешіп ойыншықты сипаттап айтып береді, алдын ала жасалған үйдің біріне апарып кіргізеді. Ойыншықтың неден жасалатынына қарай «жасыл түсті үйге - матадан», «қоңыр түсті үйге - ағаштан», «қызыл түсті үйге - пластмассадан», «көк түсті үйге - резеңкеден» жасалған заттарды кіргізу керектігін балаларға түсіндіру. Қорытынды: «Кім көп сөз біледі?» Күтілетін нәтиже: Сұрақтарға дұрыс сөйлем құрап жауап бере алады. Сөздерді анық айта алады.
ересек тобы	Тақырыбы: Ойыншықтар әлемі Мақсаты: Ойыншықтар туралы қазақ тілінде атауларын үйрету. Дыбыстарды анық айтуды дағдыландыру. Сәлемдесу. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Барша жанды құрметтеп, Бас иеміз біз. Дыбыстық жаттығулар. «Көбелек гүлге қонады» ойыны Ойынның шарты: Сендер гүлдерсіңдер, сол гүлге көбелек ұшып келіп қонады. Көбелек қонған бала менің сұрағыма жауап береді. 1.Қазір жылдың қай мезгілі? 2. Күз мезгілінде неше ай бар? 3. Ауа - райы қандай болады?

	4. Сүйікті ойыншығың қандай? Суретпен жұмыс: «Ненің суреті жасырылған?» ойын ойнап алайық. Ойын шарты бойынша өздеріңе ұнаған пішіндерді таңдап алыңдар, олардың артында аяқталмай қалған суреттер бар сол ненің суреті екен табыңдар. Жасырылған суреттер: доп, қуыршақ, машина және т. б - Балалар, сонда бұлар ненің суреттері? Сұрақтарға жауап қайтарады. - Ойыншықтардың - Жарайсыңдар, дұрыс. Осы ойыншықтарымыз қандай пішіндердің артына жасырылған? Балалар сендер үйде, балабақшада не істейсіңдер? Немен ойнайсыңдар? Иә, балалар бүгін біз сіздермен сүйікті ойыншықтарымыз туралы айтамыз! Ойыншықтармен қалай ойнау керек екенін білеміз бе? (балалардың жауабы) Мына керемет ойыншықтар барлығы балалар үшін жасалған. Олар үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады. Күнделікті ойыншықтарымыздың неден жасалатынын білеміз бе? Иә, онда мына ойыншықтарымызға мұқият қарайықшы. Ойыншықтардың мынадай түрлері бар екен. Ойыншықтардың түрлерімен таныстырып кетейін. 1. пластмассалы 2. резиналы 3. матадан 4. ағаштан 5. темірден Балалар сендер енді өздеріңнің ойыншықтарыңды неден жасалатынын білдіңдер ме? Сергіту сәті: Тікірейіп екі құлағы, Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті қолын жуады. Секірем деп үстелден, Құлап жүрме мысығым. Дыбыстық жаттығу: Ойыншықтар Тіл дамыту: Доп туралы тақпақ жаттау. Қорытынды: Жаңақ сөздерді доп лақтыру әдісімен қайталау. Күтілетін нәтиже: Ойыншықтар туралы әңгімелеуді біледі; «қ» дыбысының артикуляциясын
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Ойыншықтар достығы.

Мақсаты:Ойыншықтар және олардың достығы туралы қысқа сюжеттік әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. «Қ» дыбысының дұрыс айтылуын бекіту.Өзара татулық сезімдерін дамыту.Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері.

Біз ұқыпты баламыз,
Айтқан тілді аламыз.
Ойыншықтарды жинаймыз,
Үлкендерді сыйлаймыз.
-Жарайсыңдар балалар!
-Балалар қараңдаршы, балабақшаға келгенде айналамызда нелерді көреміз?

Жұмбақ жасыру.

Аяғы бар жүрмейді,
Ауызы бар күлмейді.
Айнымайды бөпемнен,
Тек сөйлеуді білмейді.
-Балалар, бүгін біздер ойыншықтармен танысамыз.
-Қане бәріміз менің үстелімдегі ойыншықтарға қарайық.
-Қане, қоянды ұстап көріңдерші, қандай екен?
- Қоян туралы кім тақпақ біледі?
- Доп неден жасалған?
-Доп туралы кім тақпақ біледі?
- Машина неден жасалған?
-Машина туралы кім тақпақ біледі?
-Домбыра неден жасалған?
-Бір сөзбен не деп айтамыз? Бір ойыншықты ойыншық дейміз, көп ойыншықты ойыншықтар дейміз.
-Дұрыс айтасыңдар балалар,ойыншықтар жасалуына қарай бірнеше түрге бөлінеді: жұмсақ,резинадан, немесе пластмассадан, темірден т.б жасалуы мүмкін. Сонымен қатар біз ойыншықтарды мұқият, сындырмай, ластамай ұстауымыз керек.
-Балалар, сендердің сүйікті ойыншықтарың барма? Қандай?
- Көбіне қыз балалар қандай ойыншықты жақсы көреді?
«Қуыршақ» қандай әріптен басталып тұр?
-Ал ұл балалар ше?
Енді сендермен «**Ойыншықтар**» шығармасын тыңдап көрейік.
Ертеде сұлу әдемі қуыршақ болыпты.Ол өз әдемілігіне масаттанып басқа ойыншықтармен ойнамапты. Достары аюдың баласы қонжық,қоянның баласы көжек,маймыл оны ойнауға шақырса бармапты.Бір күні қатты жел соғып, қуыршақ еденге құлап түседі.Оның әдемі көйлегі жыртылып, қатты жылапты.Оны байқаған ойыншықтар не істепті?
-Маймыл не істепті?

	-Көжек қалай көмектесті? -Ал көнжық шы? -Қуыршақ не себепті өзін танымай қалады? Доссыз өмірде қызық емес екенін ұғады. Осыдан соң қуыршақ менмендігін ұмытып,сұлулығына мақтанбай достарының бәрімен тату болыпты. Дидактикалық ойын: «Аукцион» Сергіту сәті. «Қарлығаш» Шығармашылық жұмыс: «Пирамида» Ән: «Ойыншықтар» Күтілетін нәтиже: Ойыншықтың түрлерін, және олар туралы мәлімет алды, таза ұстаудың жолдарын біледі. Қуыршақты сипаттау арқылы сын есім сөздерді пайдалануды меңгерді
ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Мен ойнаймын» Мақсаты:Тақырыптық сөздерді мен сөз тіркестерін үйрету.Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. 1.Балдырған баламыз, Қашан да, қайда да, Сенімді біз боламыз. Себебі біз достармыз! 2. Әңгіме жүргізу: Балалар, қарандаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар! Біз бүгін осы ойыншықтар туралы әңгімелесеміз. - Балалар ойыншықтарды бірнеше түрге бөлеміз: қатты, жұмсақ, резеңке. Қатты ойыншықтарға машина, ұшақ, пойыз, ал, жұмсақ ойыншықтарға: аю, қоян, түлкі жатады. Резеңке ойыншықтардың жұмсағыда қаттысы да болады. 3. Ғажайып сәт. Есік қағылады. Топқа бауырсақ кіреді - Балалар, бізге қонақ келіпті, кім екен? Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен атам мен апамнан ойнап жүріп адасып қалдым, сендерге маған көмектесесіңдер ме? - Балалар, бауырсақ қай ертегіде кездеседі? - Бауырсаққа кімдер кездеседі? Сендер бауырсаққа көмектесу үшін осы кейіпкерлердің әр түрлі тапсырмалары бар екен. Сол тапсырмаларды орындасаңдар ғана бауырсақ атасымен апасын таба алады. Бауырсаққа бірінші кім кездеседі. 1. Қоян: «Ойыншықтарды сипаттап, түстерін пішіндерін айтып бер» 2. Қасқар: Ойын: «Кім жылдам» Шарты: Ойыншықтарды көрсеткенде олардың аттарын жылдам айту керек. 3. Аю: Алақай балалар, бауырсақ атасы мен апасына келді. 4. Енді әже мен ата, барлығымыз Дьнеш блоктарын пайдаланып ойыншықтар құрастырайық. Ол үшін бірнеше

	топқа бөлініп алайық. 4.Сергіту сәті Бейнежазба арқылы қимылдар орындау. Дидактикалық ойын:Өртүрлі ойыншықтар Тіл дамыту: Өр топтың ойыншығы әртүрлі болсын. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар ұйықтайды, Әмір беріп бұйырсақ. Қорытынды. Күтілетін нәтиже: Ойыншықтардың қазақ тіліне атауларын үйренеді; пәнге қызығушылықтары қалыптасты.
мектепалды тобы	Тақырыбы: Қандай? Қанша? Мақсаты: Балаларды сөйлем құруда сын есімдерді пайдалануға үйрету. Санау қабілеттерін жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. 1.Қуанамыз күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бірге жүреміз. Өткен тақырыпты қайталау. 2.Дидактикалық ойын: «Алтын сақа». Алтын сақаны қолына алған бала өткен «Менің ойыншықтарым» тақырыбы бойынша сөз айтады. 3.Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәуленің қолында ойыншық ақ аю. – Сәлеметсіздер ме?! Педагог: Сәуле, қолыңдағы не? Бұл – ақ аю, менің сүйікті ойыншығым. Аю әдемі, жұмсақ. Сүйікті. Сү-йік-ті. Балалар айтып жаттығады. Педагог: Балалар сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма? Балалар өздерінің сүйікті ойыншықтарын атап, қысқаша сипаттайды (түсі, көлемі, неден жасалғаны). 4.Ойын «Кім жылдам?» . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады. 5.Педагог шағын мәтін құрайды. Біздің топта ойыншықтарымыз көп. Ойыншықтар ойын бұрышында тұрады. Ойыншықтарды жинау керек. Тап-таза ұстау керек. Оларды жуу керек. Ойыншықтарды сындырмай, лақтырмай ойнау керек. 3-4 бала мәтінді қайталайды.

	6.Балалармен қайталау. – Қ-қ-ақ-лақ-тыр-ма – лақтырма. – Ы-ы-ын-сын-дыр-ма – сындырма Сөздік ойын: «Аудармашы». Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударды. Наши игрушки – біздің ойыншықтарымыз Игровой уголок – ойын бұрышы Чистый – таза Надо собирать – жинау керек Не ломать – сындырмау керек Надо мыть – жуу керек Не бросать – лақтырмау. 7.Сергіту сәті. М.Әлімбаевтың ойыншықтар туралы өлеңін қимылмен айтады және жасайды. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. Қуыршақтар ұйықтайды, Айтқаныңнан шықпайды. Бұзау, қозы, құлыншақ «Ұйықта», – десен, ұқпайды. Тындамайды ұрысса, Осылары дұрыс па? Тентектігін қоймаса, Тұрғызармын бұрышқа. 8.«Сиқырлы қаламмен» жұмыс: Ойыншықтар. Қорытынды: Ойын: «Дұрыс ата». Ойыншықтарды атайды, қаламмен тексереді. Күтілетін нәтиже: Заттардың түрін, түсін, санын айта алады. Сұраққа толық жауап береді.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.09-27.09.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Апта дәйексөзі:	«Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.» /Абай/			
	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Ата – аналарға кеңес:	Сөйлеу мәдениетін жетілдіру мақсатында «Қазақ тілін бірге үйренейік» тақырыбында ата-аналарға жаңа сөздерді үйде қайталауға кеңес беру			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Сен білесің бе? «Ң» дыбысы Мақсаты: Балаларды диалог арқылы сөйлестіріп, сұрақ қоюға үйрету. «Ң» дыбысын анық айтуды қалыптастыру.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	«Мынау не?». Күтілетін нәтиже:өтілген тақырыптарды қайталайды, сұаққа жауап береді.	Д/о «Кел, сөйлесейік!» «Күз» тақырыбында сөйлесу, табиғи құбылыстарын ажырату. Күтілетін нәтиже: Сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстары бар	Д/о «Қайтала, көрсет» өтілген тақырыпқа байланысты сөздерді қайталау. Күтілетін нәтиже: Сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстары бар	Д/о «Кел, сөйлесейік!» «Күз» тақырыбында сөйлесу, табиғи құбылыстарын ажырату. Күтілетін нәтиже: Сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстары бар жаңа сөздерді дұрыс айтады.	Д/о «Қайтала, көрсет» өтілген тақырыпқа байланысты сөздерді қайталау. Күтілетін нәтиже: Сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстары бар жаңа сөздерді дұрыс айтады.

		жаңа сөздерді дұрыс айтады.	жаңа сөздерді дұрыс айтады.		
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Балалар күзгі табиғат ерекшелігін, күзгі еңбек түрін, күздің берері мол мезгіл екенін айта алады. Жай сөздерден сөйлем құрауды айта алады. Сөз дыбыстарын дұрыс айтуды жаттықтыра алады. Көкөністерді дұрыс атап, баланың жұмбақ шешу арқылы ой-өрісін кеңейте алады. «Қайда өседі?» сұрағына жауап беріп, сипаттама беруді үйрене алады. 1. Миға шабуыл: Сәлемдесу. Жыл мезгілін, апта күнін, ауа-райын анықтап алу. 2. «Қош келдің, алтын күз!» ой қозғау. Өткен тақырыптарды еске түсіру. 3. Жұмбақ жасыру. Күз туралы 4. Жеміс-жидектермен, көкөністермен таныстыру. 5. Педагог жетекшілігімен тіл дамыту: Ә.Табылдиев «Көкөністер» өлеңі 6. Сергіту сәті: «Бұл қай кезде болады?» әуен ырғағымен. 7. Құрылымдалған сөздік ойыны: «Кім көп біледі?» ойыны. 8. Жемістер мен көкөністер бейнеленген суреттерімен жұмыс. Балалар сөздерді біледі, айта алады. Рефлексия: «Телефон» Күтілетін нәтиже: күз туралы біледі; ерекшеліктерін айта алады.				
ересек тобы	Тақырыбы: «Күз мезгілі» Мақсаты: Адамдардың күзгі еңбегі жайлы әңгімелесіп, сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамыта алады. Үлкендер еңбегін құрметтеп, еңбек етуге талпынысын таныта алады. 1. Миға шабуыл: Алтын күз 2. Жұмбақ жасыру: Жиып–теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл орман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) Педагог жетекшілігімен ойын: Сурет бойынша әңгіме. Балаларға сурет арқылы күзгі ерекшеліктерін айтып, жаңа сөздермен таныстыру. Балалар бір – біріне сұрақ қояды. /сын тұрғысынан ойлау; коммуникативтік; бала үні/ 3. Фонетикалық жаттығу: -үз- үз - үз – күз -тыр- тыр - тыр - қолшатыр -ын- ын - ын - салқын -рақ- рақ - рақ - жапырақ 4. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық,				

	Қолымызды созайық. Жапырақ болып дөңгелеп, Жерге келіп қонайық. 1-2-3 Жапырақ болып ұш. Ойын: Жапырақтардың түстерін ажырат? /4К моделі: сын тұрғысынан ойлау; коммуникативтік; бала үні/ 5. Педагог жетекшілігімен ойын: Тіл дамыту.Өлең жаттату: Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ, Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Балалар өлең арқылы байланыстыру сөйлеу дағдыларын қалыптастарады. 6. Жапырақтармен «Қуырмаш» ойын ойнау 7. Рефлексия: Жапырақтар Күтілетін нәтиже: күз туралы түсініктер қалыптасты; қазақ тілінде айта алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы:Алтын күз Мақсаты: Балалардың күз туралы білімін қалыптастыру. Күзгі табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Табиға қамқор болуға, оны аялауға тәрбиелеу. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерді көргеніме қуаныштымын, бәріміз қол ұстасып, дөңгелене тұрайық. Күндей жарық, айдай арайлы, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық. - Қазір жылдың қай мезгілі? - Күз неше айдан тұрады? - Күзді неге «алтын күз» деп атайды? Ойын: «Табиғат мейірімді». Ойын шарты: мұғалім сөйлемді өзі бастап береді. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады. - Жер-Ана мейірімді, өйткені ол ... (көкөністер мен жемістерді өсіреді). - Күн мейірімді, өйткені ол ... (жарығын, жылуын береді) Ғ. Қайырбековтің «Алтын күз» өлеңімен таныстыру, жаттату. Жемісі мол теретін, Күз дос екен бізбенен. Бәрін тауып беретін Жомарт екен күз деген. Күз айында жемістер мен көкөністер піседі. Жемістер бақ өседі, көкөністер бақшада өседі. Жемістер мен көкөністерді ата. Жемістер: алма, алмұрт, шие, өрік, жүзім, т.б.

	Көкөністер: қызанақ, қияр, қырыққабат, қарбыз, қауын, Сергіту сәті: (Баяу музыка әуенімен орындалады.) Бастаушы: Күзде ағаш жапырақтары сарғаяды, жел соғады, ағаштар тербеледі, жапырақтар жерге қалықтап түседі. Аспанды бұлт торлайды, жаңбыр жауады. Түк, түк, түк (дыбыс шығару). Күн жарқырап шықты, біз қуанамыз! (Балалар қимылмен көрсетеді). Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жемісі?» Ойын шарты: Алма, алмұрт, шие ағаштары және жемістері көрсетілген. Әр жемісті сәйкес ағаштарға тауып ілу керек. Мұғалім балалардан күзгі табиғат көріністі жөнінде сұрайды. Балалардың жауабы тыңдалады. <i>Жұмбақ шешу.</i> Жауып жаңбыр, жерде сабыр, Шөп, жапырақ солады. Айтыңдаршы, бөбектерім, Бұл қай кезде болады? (Күзде) Қорытынды: Күзде күн суытады, жауын-шашын көп болады. Айнала сары түске өзгереді, бұл мезгіл «алтын күз» деп айтылады. Балалар мектепке барады. Жиын-терін болады. Қорытынды. Рефлексия Күтілетін нәтиже: Өлең мазмұнын түсінуі, жаттауы. Өлеңді жатқа айта алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Күз мезгілін басқа жыл мезгілдерінен ажыратып, сипаттама бере алады. Суреттен күз мезгіліне сай бейнені тауып алады. 1. Миға шабуыл: Алтын күз 2. Ой қозғау. Күз туралы мәлімет беру. Суреттер арқылы күз туралы баяндау. Күзгі жапырақтарды көрсету. Күзгі киім туралы мәлімет беру. / сын тұрғысынан ойлау; коммуникативтік; бала үні/ 3. Фонетикалық жаттығулар. жаң – жаң – жаң – жаңбыр шө - шө - шө - шөп 3. Сергіту сәті: Көкөністер биі 4. Тіл дамыту: Слайдтағы суреттер арқылы көкөністердің атауын қайталау. Мақсаты: балалар айта алады. 5. Құрылымдалған ойын: «Таныс көкөністерді тап» Балалар көкөністерді атайды. 6. Еркін ойын: «Дұрыс па? Бұрыс па?» 7. Рефлексия

	Күтілетін нәтиже: Күз мезгілі туралы біледі, дыбыстарды анық айта алады.
мектепалды топтары	Тақырыбы: «Күзгі ерекшеліктер» Мақсаты: Балалар күзгі табиғат туралы баяндап, сурет жұмыс жасай алады. Оқылған сөйлемдерден таныс сөздерді ажырата алады. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айта алады. 1. Миға шабуыл: Алтын күз 2. Ой қозғау. Күз туралы мәлімет беру. Суреттер арқылы күз туралы баяндау. Күзгі киім туралы мәлімет беру. 3. Фонетикалық жаттығулар. бұл –бұл- бұл-бұлт жаң –жаң –жаң – жаңбыр шө -шө -шө- шөп қа –қа- қа – қазан қа –қа- қа –қараша 3.Педагог жетекшілігімен ойын: «Күзгі жапырақтар» Суреттерді пайдалана отырып, жаңа сөздермен сөйлем құрау. Суреттерге байланысты сұрақтар қою. Мақсаты: балалар жай сөйлемдерді құрай алады. Сұрақтарға жауап береді. /сын тұрғысынан ойлау; коммуникативтік; бала үні/ 4.Сергіту сәті: Көкөністі көп ектік, Өссін, піссін-деп ектік. Көктемде еккен көкөніс, Күзде берді көп өнім. /Ғ.Өкеев/ 5.Тіл дамыту: Мынау қызанақ. Қызанақ қызыл, дәмді, домалақ. Қияр жасыл, сопақ, дәмді. Пияз ащы. Жемістер мен көкөністер туралы видеофильм көрсету. Салыстыру. Балалар көрген мәлімет бойынша сұрақтар қоя алады. 6.Жұмбақ жасыру: Қабат, қабат тоны бар, Кішкене ғана бойы бар /қырыққабат/ Бойын жерге жасырған, Бұрымы бар жасылдан /сәбіз/ Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылытады /пияз/ 7.Еркін ойын: «Таныс көкөністерді тап» 8.Рефлексия: Түстер Күтілетін нәтиже: Күзгі ерекшеліктерді айта алады, дыбыстарды анық айта алады.

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.09-04.10.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Апта дәйексөзі	«Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»			
	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Ата – аналарға кеңес:	Сөйлеу мәдениетін жетілдіру мақсатында «Қазақ тілін бірге үйренейік» тақырыбында ата-аналарға жаңа сөздерді үйде қайталауға кеңес беру			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Жемістер мен көкөністерді ажырат Мақсаты: Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде өткен жемістер мен көкөністерді бекіту. Ойын арқылы алған білімдерін еске түсіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	Д/о «Табиғат дауысы» (жел, жаңбыр) аудио дыбыстарды тыңдайды, табиғат құбылысын ажыратады, қазақ тілінде атайды.	Д/о «Қоян себетін сәбізбен толтыр» «Көкөністер» тақырыбында сөйлесу, көкөністер атауларын айта отырып қоян себетін толтыру.	Д/о «Қай мезгіл?» Жаңбыр жауады, күн салқын, жел соғады, құстар ұшып кетеді. Бұл қай мезгіл? Күтілетін нәтиже: сөз	Д/о «Қоян себетін сәбізбен толтыр» «Көкөністер» тақырыбында сөйлесу, көкөністер атауларын айта отырып қоян себетін толтыру. Күтілетін нәтиже: Көкөніс атауларын	Тамерлан, Фарида Д/о «Қай мезгіл?» Жаңбыр жауады, күн салқын, жел соғады, құстар ұшып кетеді. Бұл қай мезгіл? Күтілетін нәтиже: сөз тіркестерін

	Күтілетін нәтиже: «Күз» мезгіліне тән сөздерді дұрыс айтады	Күтілетін нәтиже: Көкөніс атауларын дұрыс айта алады, сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстары бар жаңа сөздерді дұрыс айтады.	тіркестерін түсінеді, сұраққа жауап береді.	дұрыс айта алады, сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстары бар жаңа сөздерді дұрыс айтады.	түсінеді, сұраққа жауап береді.
--	--	--	---	---	---------------------------------

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет

мектепалды топтары	Тақырыбы: «Күз сыйы». «Жемістер» Мақсаты: Көкөніс пен жемістердің бау-бақшада өсетіні, олардың атауы туралы түсінік бере алады. Дәрумендердің адам ағзасына маңызы туралы түсінік бере алады. Жемістер атауларын дұрыс айтып, түстері мен дәмдерін ажырата алады. 1.«Табиғат дыбыстары» таспаға жазылған естіледі.Жаңбырдың шуы» Қарашы тағы да терезеге! Терезеге қарашы!Тағы да Шықты жаңбыр қыдыруға! Жаңбыр жауды – ой- ой – ой, Барлығың үйге. Үйге, үйге! 2. Мұғалім: жүгіріңдер, тезірек маған. Менде қолшатыр бар, біздің қайда тығылатынымыз жаңбырдан. Балалар бақта болады. - Бұл Күз, тағы да бізге көрініп кетті. Балалар, сендер білесіңдерме, Күз адамдарға көп сыйлықтар сыйлайтынын. Жуырда күз бізге бір себет әдемі жапырақтар сыйлады.Біз одан әдемі гүлдесте құрап, әдемі жапсыру жасадық. Ал күзде біздің жейтін сыйлықтар бар. Кәне тауып алайықшы, күз қайда сыйлықтарды тығып тастаған екен, оны иісі арқылы табуға да болады. Барлығы бірге жемістерді үстелдің үстіне қойып қарастырады: алма, лимон, банан, апельсин. - Ой, қарандаршы бізге кірпі келді, мынау соның жемістері сияқты. Ол бұларға тиіскен жоқ, өйткені ол білмейді олар қалай аталатынын. Кәне, кірпіге көмектесейікші. 3. Дидактикалық ойын: «Тауып көрші, қай жеміс» - Үлкен, дөңгелек,қызыл, тәтті, піскен – бұл...(алма). - Үлкен, сары, ұзын, пальмада өседі – бұл...(банан) -Үлкен, тоқсары, дөңгелек, піскен – бұл...(апельсин). 4. Артикуляциялық жаттығу: Беттері –алмадай. Сендердің беттерің дөңгелек алмадай. Екі ұртын үрлеу.(бұртиту). Тіл – жапырақ алманың бүйірін жапты. Тілді жоғары көтеріп және үстіңгі ерінді жабу.
--------------------	--

	Алмалар ағаштан шөпке түсіп жатыр: «Бам- бом- бум!» Үлкен алманы бейнелеу(қатты), орташа(ақырын), кішкентай (баяу). - Кәне кірпіге айтып берейікші, жемістер қайда өседі екен. 5. Жаттығу: «Жемістер қайда өседі». - алма, банан, апельсин бақта өседі. Оларды бір сөзбен « жемістер»- деп атайды. Үстелден қолдарындағы жемісті суреттен тауып алыңдаршы (бұл карточкалар фланелеграф үшін), содан соң оны сол ағашқа бекітіңдер, сол жеміс өсетінге. - Алмалар қай ағашта өседі? (алма ағашында) - Апельсиндер апельсин ағашында өседі. - Лимон қай ағашта? (лимон ағашында). 6. Сергіту сәті: - балалар, кәне кірпіге жемістерді апарып берейікші, үйіне дейін. Біздің аяқтарымыз жүріп кетті. Тура тіп- тік жолда. Кірпінің үйіне. Жап- жасыл орманда. Жолменен секіріп, Аяқтарды жиі айырбастап, Қолдарымызды соғып, Аяқтармен сартылдатып, 7.Дидактикалық ойын: Жемістер Тіл дамыту: Алма кетті домалап, Көше бойын жағалап Кім алманы табады Сол ойыннан шығады. Қорытынды: Бағдаршам Күтілетін нәтижесі: күз сыйының ерекшеліктері туралы біледі, тілге тән дыбыстарды айта алады.
ересек тобы	Тақырыбы: «Күз сыйы» Мақсаты: Балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттырып, ойлау, түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін жетілдіру. «Ұ», «ө» дыбыстарын дұрыс айтуын нақтылау, бекіту. 1.Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз! Жабырқауды білмейміз, Күлімдеген күндейміз! Өткен тақырыпты қайталату. Д/ ойын: «Кел, сөйлесейік» сұрақ - жауап арқылы сөйлем құрату. 2.Негізгі бөлім. 3. Дыбыстық жаттығулар. Ма – ма – ма – тәтті алма, ие – ие – ие – қызыл шие Рік – рік – рік – пісті өрік, мұрт – мұрт – мұрт – тәтті алмұрт Быз – быз – быз – үлкен қарбыз, уын – уын – уын – сары қауын, міс – міс – міс – бақта өсті жеміс

	4. Дойын «Сиқырлы себет» Мақсаты: жемістерді ұстап, сезіну арқылы ажырату, атау. Шарты: көздерін байлап, себеттегі жемістерді сылап – сипау арқылы ажырату. 5. Сергіту сәті. Күзім, күзім, күзім, пісті, алма – жүзім. Тұрғанда бәрін күз беріп, кел, алайық, біз теріп! 6. Тіл дамыту. «Бақта ма, бақшада ма?». Мақсаты: көкөністер мен жемістерді ажырата білуге, қазақ тілінде дұрыс атай білуге үйрету. 7. «Сөз сандығы» ойыны. Мақсаты: өтілген тақырыптарды естеріне түсіру, қайталату. Сөз арасында кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта білуге баулу. 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: Жеміс атауларын айта алады, көкөністер мен жемістерді ажырата алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Күз сыйы» Мақсаты:Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажыратуға және атай білуге, зерттеу жүргізу, іздестіру әрекеттерін орындау қызығушылығын дамыту. Шаттық шеңбері: «Амансың ба, алтын күн!» Амансың ба, алтын күн! Амансың ба, көк аспан! Амансың ба, жер ана! Амансың ба, достарым! Жұмбақ жасыратынын, жұмбақтың жауабы бүгінгі іс-әрекетіміздің тақырыбы болатынын хабарлайды. Бозарып дала, Тоңады бала. Астығы піскен, Жапырағы түскен. Бұл қай мезгіл? -Күз мезгілі. -Өте жақсы! Ал, енді көзімізді жұмып күз мезгілін елестетейікші. (Осы кезде әдемі әуен қосылады) Ой қозғау Балалардан не елестеткендері туралы сұрау. Өздерінің ойларын айтады: мысалы, мен күзгі желді елестеттім, мен жапырақтың шуылын елестеттім. -Қанша күн суық болса да, әр мезгілдің өзіндік бір жылылығы, кереметтері болады екен. - Мен сендерге тағы бір жұмбақ жасырайын деп тұрмын. Ағайынды бәрі, Жазда жасыл, Күзде сары. Ол не?

-Жапырақ.
(Осы кезде желдің дыбысы естіледі).
-Бұл ненің дыбысы?
-Желдің дыбысы.
-Жел соққанда жапырақтардың қандай күйде болатынын білесіңдер ме?
-Жапырықтар ұшып жерге түседі, қалқиды, домалайды.
-Қане , олай болса, жапырақтардың қандай күйде болатынын тыныс алу жаттығуы арқылы жасап көрейік.
Тыныс алу жаттығуы.
Алдыларындағы бөтелкенін ішіндегі қағаз қиындысына түтікше салып, қатты үрлеуді ұсынады.
Түтікшені бөтелкеге салып, үрлейді. Мұрындарымен демалып, ауызбен ауаны шығарады.
- Жел қатты соғып, мынандай жапырақтарды ұшырып әкеліпті. Бұл жапырақтар сиқырлы екен, әрбіреуінде тапсырмадар бар.
Тапсырма №1
Дидактикалық ойын: «Сиқырлы жапырақ».
- Кім мына жапырақты қолына алса, сол күз мезгілінің бір ерекшелігін айтады.
Әр бала қолына жапырақты алып күз мезгілінің белгілерін айтады:
-Күзде күн суытады.
-Күзде жаңбыр жауады.
-Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.
-Күзде адамдар жылы киінеді.
-Күзде жапырақтар сарғайып жерге түседі.
-Күзде жеміс-жидектер піседі.
- Неге біз күз мезгілін «алтын күз» дейміз?
-Өйткені, күзде жапырақтардың бәрі сарғайып, алтынға ұқсайды.
-Неге «жомарт күз» дейміз?
-Өйткені, күзде жемістер, көкөністер, астық, саңырауқұлақтар піседі.
Тапсырма №2
Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қорап».
Қолдарын қорапқа салып сипап, сезу арқылы ішінде не бар екенін айтуды ұсынады.
Қолдарын қорапқа салып, ішіндегі затты айтады, мысалы, пішіні домалақ, ол алма.
Өстіп қораптағы барлық көкөністер мен жемістерді алып шығып, екі ыдысқа салады.
Сергіту сәті:
Жел соқты, жел қатты-қатты соқты,
Жаңбыр жауды, жаңбыр қатты-қатты жауды,
Күн шықты, күн шықты,
Жел тына қалды.
(Шеңберге тұрады, бір-біріне теріс қарап, арқаларына массаж жасайды).
- Көкөністер мен жемістердің адамға деген пайдасы зор.

	–Қане, кім біледі қандай пайдасы бар? -Сонымен, міне күздің тағы бір сыйы, байлығы ол нелер? (Көкөністер мен жемістер) Бүгін жемістер мен көкөністер жайлы әңгімелейміз. Жемістер қайда өседі? (Жемістер бақта өседі) -Көкөністер қайда өседі? (Көкөністер бақшада өседі) -Жемістер мен көкөністерден не жасауға болады? (Тосап, компот, салаттар жасауға болады). Тапсырма №3 Дидактикалық ойын: «Борщ-Компот». Балаларға кастрөл мен банкінің суретін ұсынады.. Біреуіне борщқа салатын заттарды тауып жапсыруды, екіншісіне компотқа салатын заттарды жапсыруды ұсынады. (Жемістер мен көкөністер-дің құрамында дәрумендер бар). -Ал, оларды жемес бұрын не істеу керек? (Алдымен жылы сумен жуу керек) Тапсырма №4 Дидактикалық ойын : «Дәрумендер». Ноутбуктан слайд көруді ұсынады. Дәрумендердің пайдасы туралы айтады. Тапсырма №5 Қимылды ойын ойнайық: «Салат» Бастарына маскаларды киіп, музыка әуенімен жүгіріп ойнауды, ал музыка тоқтағасын үш – үштен тұра қалып салат болуды ұсынады.. (Бастарына маскаларды киіп музыка әуенімен жүгіріп ойнайды да, ал музыка тоқтағасын үш – үштен, екіден тұра қалып салат болады). Қорытынды. Рефлексия: Екі түрлі қолшатырды алады. -Егерде көңіл-күйлерің жақсы болса, сары түсті қолшатырдың астына жиналыңдар, көңіл-күйлерің болмай тұрса, көк түсті қолшатырдың астына жиналыңдар Күтілетін нәтиже: Күз мезгілі, күз мезгілінің ерекшеліктері туралы. Тілдік, сөздік қорлары, есте сақтау қабілеттері, жемістер, көкөністер туралы мағлұмат.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Күз байлығы: көкөністер мен жемістер Балалардың қызығушылығын арттыу, дұрыс, анық сөйлеуге жаттықтыру, ұқыптылыққа баулу. 1.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Отбасының гүліміз, Көңілді өтер күніміз! «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты еске түсіру. «Кел, сөйлесейік!»

	2.Негізгі бөлім. 3.Дыбыстық жаттығулар. Ма – ма – ма – тәтті алма, мұрт – мұрт – мұрт – тәтті алмұрт, міс – міс – міс – бақта жеміс, Яр – яр – яр – дәмді қияр, нақ – нақ – нақ – дәмді қызанақ, ніс – ніс – ніс – бақшада көкөніс 4. Дойын «Бақта ма, бақшада ма?» Мақсаты: көкөністер мен жемістерді ажырата білуге, қазақ тілінде дұрыс атай білуге үйрету. 5. Сергіту сәті: Бала, бала, балақан, қане, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, былай – былай ойнап. (музыкамен) 6. «Сиқырлы себет» дидактикалық ойыны. Мақсаты Мақсаты: көкөністер мен жемістерді ұстап, сезіну арқылы ажырату, атау. Шарты: көздерін байлап, себеттегі жемістерді сылап – сипау арқылы ажырату. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды Күтілетін нәтиже: «Көкөністер мен жемістерді атайды, ажырата алады.
мектепалды топтары	Тақырыбы: Күзгі табиғат. Көкөністер Мақсаты: Табиғаттағы өзгерістер туралы түсіне алады. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем құрастырып, әңгімелесе алады. Адамдар үшін жемістер мен көкөністердің маңызы туралы түсінік беріп, суретпен сөйлем айта алады. Өсімдіктерді күтіп-баптауға және табиғатқа қамқорлықпен қарай алады. 1.Қуаныш шеңберіне тұру. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен өсейік. Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік. -Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Қалдарың жақсы ма? -Онда осындай көңіл күймен сабағымызды басталық. -Балалар бүгін сендерді бағбан ата өз бақшасын аралатуға шақырды. Бағбан атаға қонаққа барайық па? -Қалай ойлайсыңдар, бағбан атаның бақшасында не бар? -Балалар, бағбан ата сендерге осы көкөністердің қазақша атауын үйреніп алуды тапсырады. 2.«Тыңда, қайтала» дидактикалық ойыны. Мақсаты «Көкөністерді қазақша атауды үйрету. 3.Сөздік жұмысын жүргізу. Көкөністер-овощи, орамжапырақ-капуста, пияз-лук, картоп-картошка, қызана-помидор, асқабақ-тыква, қызылша-свекла, сәбіз-морковь, перец-бұрыш, қияр-огурец. 4.«Не жоқ?» ойыны. Мақсаты: Балалардың көру, есте сақтау қабілетін арттыру. Шарты: тақтаға көкөністердің суреті ілінеді. Педагог балалардың көзін жұмғызып, көкөністің біреуін жасырады. Балалар көздерін ашып қай көкөніс жоғын айтады. 5.Сергіту сәті:

	Көкөністерге байланысты түрлі іс-қимылдарды орындату. Бақшаға барамыз, картопты қазамыз, картопты тереміз, шелекке саламыз. Балабақшаға қайтамыз. Карточкамен жұмыс. Тапсырма: Көкөністерді санап, себетке сал. 6. Тіл дамыту. Әр балаға бір-бір көкөністен беріледі. Үлгі бойынша сөйле. Мынау- сәбіз. Сәбіз-көкөніс. Түсі-тоқсары. 1) Сұрақтар: -Біз бүгін қайда қонаққа бардық? -Қандай көкөністердің қазақша атауларымен таныстық? «Моншақ» ойыны арқылы бекіту. Шарты: балаларды екі топқа бөліп көкөністердің суреттерін көрсетіп, атауларын сұрау. Әр дұрыс жауапқа моншақты тізу. Қай топтың моншағы ұзын болса, сол топ жеңімпаз. Қорытынды. Күтілетін нәтиже: Көкөністер мен жемістердің қазақ тіліндегі атауларын біледі. Байланыстырып сөйлей алады.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 7.10-11.10.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Апта дәйексөзі:	«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»			
	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Ата – аналарға кеңес:	Ата-ана бұрышына: Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. (Е.Өтетілеуов)			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Сюжеттік - рөлдік ойын «Отбасы» Мақсаты: Балаларға «Отбасы» түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, әдептілікке, сыпайылыққа, мейірімділікке, үлкенге көмек көрсетуге, баулуға тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету.		
		Ересек топ	«Бұл үйде кім тұрады?»		

	Сөйлем құрау.Мысалы: -Менің атам. Әкемнің атыІнім 3 жаста. 4.Сергіту сәті: Атам, әжем, Әкем, шешем, Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. 5.Ойын. Отбасы мүшелерін тап! Мақсаты: Берілген суретте отбасы мүшелері шатастырып атап қойылған, балаларға қателерді түзете біледі. Таныс сөздерді айта алады. 6.Дидактикалық ойын: Отбасы мүшелерін рет-ретімен атау. 7. «Қайсысы артық?» ойынымен аяқтау. Күтілетін нәтижі: Отбасы мүшелерін атай алады, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта алады.
ересек тобы	1.Әнұранды айтып, балалардың назарын іс-әрекетке аудару. 2.Тақпақ айту: Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз 3.Сурет арқылы балаларға отбасы мүшелерімен таныстыру. Сұрақтар қою. –Бұл кім? 4.Сөйлесу ойыны: Шарты: Балалар бір– біріне сұрақтар қоя алады. Сұрақтарға жауап бере алады. 5.Сергіту сәті: Ұнтаспадан «Айгөлек» әнін тыңдатып, әуен ырғағымен қимыл – қозғалыс жасату. 6.Ойын: Кім тез табады? Үлестірмелі суреттер беріп, суреттегі кім екенін тез атап беру. 7.Дидактикалық ойын: «Үйде кім бар?» -Балалар, мынау –үй. -Тук-тук. Үйде кім бар?т.с.с. 8.Мақал – мәтел: Отан – отбасыдан басталады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Ынтымағы жарасқан отбасы. Мақсаты: отбасы туралы түсініктерін кеңейту, отбасындағы өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Отбасылық, туыстық қарым- қатынастың мәнін түсіндіру. дағдыландыру

	Ұйымдастыру кезеңі. 1. Шаттық шеңберіне тұрады, бір-біріне әдемі күлкілерін сыйлайды: Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді болып жүрейік! 2. Тыныштық сәті: Баяу музыка ойнап тұрады. - Бір сәтке көздеріңді жұмып, көз алдарыңа туған үйінді, отбасы мүшелерін елестетіп көріңдерші. Туған үйіміз сондай ыстық. Отбасы мүшелері қандай сүйкімді, көңіл күйіміз өте жақсы! Көздеріңді жаймен ашыңдар. Балалар өз отбасы туралы әңгімелеп береді. 3. Дидактикалық ойын: «Менің отбасым». Ойын шарты: балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, готбасу туралы жақсы сөздер айтады. - Менің отбасым ... (тату). - Менің отбасым ... (көңілді). Ойын осылайша жалғаса береді. 4. Дәптермен жұмыс: «Ынтымағы жарасқан отбасы» суретіне қарап, әңгіме құрау. Балалар жауап береді. 5. Сергіту сәті: Біздің үйде ән тарап, Думандатар өмірді. Біздің үйде салтанат, Біздің үйде көңілді. (Қимылмен көрсетеді). «Отбасым – бақыт мекені» - жоғары дауыста орта дауыста төмен дауыста айтылады. Қорытынды.Рефлексия. Күтілетін нәтиже: отбасы туралы түсініктерін кеңейту, отбасындағы өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын меңгерту; отбасылық, туыстық қарым- қатынастың мәнін түсіндіру.
ортаңғы тобы	1. Амандасу. Шаттық шеңбері. 2. Суретпен жұмыс Балалар, қалай ойлайсыңдар, бұл қандай отбасы? -Отбасында кімдер тұрады? -Атасы мен әжесі немерелерін қалай еркелетеді? -Алан мен Арнұр қандай балалар ? -Олар үлкендерге қалай көмектеседі? -Отбасында сыйластық көріне ме? -Ата-әжесінің берген баталарын еске түсіріңдер. -Сендер қандай балаларсыңдар? -Ата-әжелерін сендерді қалай еркелетеді? (Балалардың жауаптары тыңдалады.) 3. Сергіту сәті Бас бармағым-әкем. Балан үйрек-анам. Ортан терек- ағам Шылдыр шумек –апам

	Кішкентай бөбек –мен Бір үйде біз бізнешеуіміз? Бір үйде біз, бесеуіміз Жұдырықтай жұмылған, Біздер тату жанұя. 4. Ойын «Менің отбасым» 5. Тіл дамыту Анам маған үлкенді сыйла деген Сол сөз маған ізгілік құйған екен. Үлкендерден ауысқан кішілікті Үлкендердің өзіне сыйға берем. Шарты: Балалар қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айта алады. Дыбыстарды ажырата алады. 6. Мақал жаттау. Балапан ұяда не көрсе, Ана көрген тон пішер. Ұшқанда соны іледі. Әке көрген оқ жонар. т.б
мектепалды топтары	Тақырыбы: Менің отбасым мен туыстарым. (Ә) дыбысы Мақсаты: Балалардың тіл мәдениетін жетілдіру, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. «Қарындас», «Сіңілі» туыстық ұғымдарының ерекшелігін ұғындыру. «Ә»дыбысын дұрыс айтуын нақтылау, бекіту. 1.Шаттық шеңбері: Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Ата - ананы құрметтеп, Бас иеміз біз. Қайырлы күн, менің сүйікті балаларым! Бүгін біз үшін өте ерекше, әрі әсерлі сабақ. Бүгін бізге қонақтар келіп отыр. - Балалар мына суретке назар салыңыздаршы! Мына суреттерді бір сөзбен айтқанда қалай деп атай аласыңдар: (отбасының суреті) - Қанеки балалар біз саусақ жаттығуларын жасап көрейікші! (балалар саусақтарын бүгіп отырып орындайды) 2.Санамақ айту Бас бармағым – әкем, балаң үйрек апам, Ортан терек – ағам, шылдыр шүмек мен. Титтей бөбек сен Бір үйде нешеуіміз? Бір үйде бесеуіміз. 3.Мұғалім: - балалар санамақ кімдер туралы айтылған? Кім айтады? Отбасында аталған адамдардан басқа кімдер айтылмай қалды? Балалар, қазір сендерге мен жұмбақ жасырамын. -Кітапты көп оқитын, немерелерін жақсы көреді, ақ сақалды, кісіні кім дейміз? (Ата) 4.Дыбыстық жаттығулар.

қарындас,әпке, сіңлі, мен, сен, ол, біз, сіз, олар
 дас – дас – дас – қарындас, ке – ке – ке – әдемі әпке,
 лі – лі – лі – сіңілі
 5. Дойын «Отбасында кімдер бар?» Мақсаты: суреттегі отбасы мүшелерін атай отырып, «отбасында әке бар, ана бар ..» сөйлем құрап жауап бере білуге дағдыландыру.
 6. Тіл дамыту
 Ата туралы тақпақ.
 Айтады ертек жан атам,
 Ақ сақалы салалап,
 Құмарымды тарқатам,
 Жермен көкті аралап.
 7. Өзі салмақты, байсалды, бос уақытын балалармен өткізгенді жақсы көреді,
 циркке, саябаққа апарады, отбасын қорғаушы, сақтаушы ол кім? (Әке)
 Көрсету.
 Әке туралы тақпақ
 Атам айтса «Ұлым» деп,
 Әжем айтар «Күнім» деп,
 Екеуінен қаймығып,
 Айтады әкем «Інім»деп.
 8.Ол өте мейірімді, ақ шашты, тәтті бауырсақ пісіреді, бізге жылы қолғап, шұлық тоқиды. Бұл кім? (Әже)
 Көрсету.
 Әже туралы тақпақ.
 Әжемдей данадан,
 Ертекке қанамын.
 Шақырса даладан,
 Жүгіріп барамын.
 9. Балалар, сендерді жақсы көретін, сүйікті адам кім? (Ана)
 Көрсету.
 Ана туралы тақпақ
 Бала,бала,бала деп,
 Түнде шошып очянған.
 Түн ұйқысын төрт бөліп
 Түнде бесік таянған.
 10.«Кім жоқ?» – дидактикалық ойын
 Тақтада отбасы мүшелерінің суреті ілулі тұрады. Балалар көздерін жұмады. Мұғалім тақтадағы бір отбасы мүшесінің суретін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап шығып, кімнің суреті жоқ екенін айтады. Мақсаты: балалар сөздерді айта алады.
 9.Сергіту сәті:

	1. Айтары мол ғұлама, Көп жасасын бұл адам, Әкесі ол әкеңнің Білер оны сұраған. Ол кім? Барлығы – атам. Аталарының суретін ағаштың тамырларына іледі. 2. Атаңның баласы, Кей кезде таласып. Қаласың әжеге Білгенің асады кәдеге. Ол кім? Барлығы - әкем. (әкесінің суретін іледі) 3. Бала бала, бала деп, Түнде шошып оянған Түн ұйқысын төрт бөліп Түнде бесік таянған. Қолын қатты тигізбей, Кірлі көйлек кигізбей. Иісін жұпар аңқытқан. Бұл кім? Барлығы – ана. (анасының суретін іледі) 10.Ойын: «Неге теңеймін». Балаларға күннің, айдың, бұлттың, алманың, гүлдің суреттері таратылып беріледі. Балаларға «ананды кімге теңейсің» деп сұрағанда қолдарындағы суреттің біреуін көтереді. Сол сияқты атасын, әкесін, ағасын т. б. айтады. 11.Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау - саламат болайық! Осымен сабағымызды аяқтаймыз! Күтілетін нәтиже: балалар сөздерді байланыстырып сөйлей алады; туыстық ұғымдарын айта алады; қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтады.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 14.10-18.10.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Апта дәйексөзі:	«Отанды сүю - отбасынан басталады!»			
	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Ата – аналарға кеңес:	Ата-ана бұрышына: «Сөзұйқастар айтайық» Аң-аң-аң – қайырлы таң! Үн-үн-үн – жарқын күн! Еш – еш –еш – қайырлы кеш!			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Киім кию алгоритмі: Мен - естияр баламын, Өзім кие аламын: Көйлегімді, күртемді, Аяқ – киім, пәлтемді. Інімді де үйретем, Жөн-жобасын көрсетем.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	Д/о «Артығын тап» К\н: суреттерді сәйкестендіре алады, артығыны тауып, атайды.	Сөздік ойын «Сөз сандығы» К\н: күз мезгілі туралы түсініктері кеңейді.	Сөздік ойын «Бұл қай кезде болады?» К\н: балалар жыл мезгілдерін ажыратады.	Сөздік ойын «Сөз сандығы» К\н: күз мезгілі туралы түсініктері кеңейді.	Сөздік ойын «Бұл қай кезде болады?» К\н: балалар жыл мезгілдерін ажыратады.

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Киімдерді ұқыпты киеміз! Мақсаты: Қазақ тілінде киімдер атауларымен таныстыру. Тіл дамыту жұмыстары арқылы сөздік қорларын жетілдіру. Шаттық шеңбері: Біз кішкентай баламыз Өсіп өніп толамыз. Күнге қарай талпынып Көкке қанат қағамыз. Әлемдегі бар адамға Жақсылық біз тілейміз Қайырлы таң балалар! Сурет бойынша әңгіме 1.Мына суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген ? 2.Мұнда балалар не істеп жүр ? 3.Қандай ойындар ойнап жүр ? 4.Үстілеріне қандай киім киген ? Слайд : «Киім түрлері» Суреттерді пайдалана отырып балалармен әңгімелесу, жаңа сөздермен жұмыстану.Сөйлем құрау. Фонетикалық жаттығулар: -ұл – ұл – ұл –бұл -ыз-ыз-ыз- бұл қыз -аз-аз-аз – жаз киім -ас-ас-ас-бас киім -яқ – яқ –яқ – аяқ киім Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап « Осы киімдерге байланысты кім жұмбақтар, тақпақтар, санамақтар, тиым сөздер біледі. Жұмбақтар 1.Түзде адымдайды Үйде дамылдайды Дәлізге жұрт тастайды Төрге аяқ баспайды (сыртқа киетін аяқ киім) Тыйым сөздер 1.Бас киімді теріс киюге, лақтыруға болмайды. 2.Киімнің жағасын басуға болмайды. 3.Аяқ киімді,төңкеріп теріс киюге болмайды. 4.Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді.				

	Санамақ 1-дегенім бөрік Кисең бойға көрік. 2-дегенім етік Киер сәнді етіп. 3-Дегенім ішік Теріден тігер пішіп. 4-Дегенім тымақ Қыста кисең жылы-ақ. 5-Дегенім байпақ Іші жылы тайпақ. Дидактикалық ойын: «Кім жылдам» Қорытынды. Рефлексия. Күтілетін нәтижі: Киім түрлерін қазақ тілінде атауларын біледі, ажырата алады.
ересек тобы	Тақырыбы: «Киім дүкені» Мақсаты: Киім – кешек туралы ақпарат беру. Ұл бала мен қыз баланың киімдерін ажыратуға үйрету. Киімдерді атату арқылы сөздік қорларын байыту. Қарым – қатынас жасау іскерлігін қалыптастыру. Өз бетімен қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге қатыстыру. Шаттық шеңбері: Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік. Балалар мына суретке көңіл аударайықшы. Суреттен кімді көріп тұрмыз. Ұл баланың үстінде қандай киім? Ал, қыз балада ше? Дұрыс айтасындар, балалар! Балалар киім дүкеніне барғыларың келеме? Ендеше, мен сендерге қуыршақ беремін. Қуыршақтарға киімдер аламыз. - Арсен, сен қуыршағыңа қандай киім алдың? - Не себептен сен шалбар алдың? - Аяжан, сен қуыршағыңа қандай киім алдың? - Көйлегіңнің түсі қандай? Сергіту сәті:

	Айнаға қараймын, Шашымды тараймын. Бақытты боламын, Сымбатты боламын. Әрқашан тазамын, Бәрінен озамын. Дидактикалық ойын: «Киімдерді ажырат» Шарты: қысқы киімді көк, жазғы киімді жасыл сөмкеге сызып көрсету. Мазмұнды рольді ойын: «Сәнгерлер» Қорытынды.Рефлексия Күтілетін нәтиже: киім-кешек атауларын біледі, ұл бала – қыз бала киімдерін ажырата алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Киімдер. Мақсаты: Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсінік беру. Сөйлем құрату арқылы сөздік қорларын молайту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу. Ынталандыру. Сезімді ояту. 1. Психологиялық сәт: Балалар сіздердің көңіл - күйлерін қалай? - Сендер көңілді болғанда не істейсіңдер? - Ренжігенде ше? - Қорыққанда? - Таң қалғанда ше - Қуанғанда ше? Сұрақтарға жауап алу. - Бүгін қандай күн? - Ауа райы қандай? Біздің сабаққа қонаққа қуыршақ Айгүл келіп отыр. Ол жай келген жоқ. сандығы толы киімдерімен келіпті. Сендер мұқият қараңдаршы, Айгүл қандай киімдер киіп келіпті? - Киімді қай мезгілге сай киген? — Балалар, Айгүл сендерге бірнеше киімдер ала келіпті. Қазір Айгүлдің сандығын ашып, сендерге ішіндегі киімдерді таныстырамын, мұқият тыңдаймыз. Сөздік жұмысын жүргізу. Пима – жүннен басылған қысқы аяқ киім. Тон – қой терісінен иленген, жылы сырт киім. Ішік – іш жағы аңның терісінен тігілген. «Балаларға арналған киім дүкені» деген мазмұнды сурет бойынша әңгіме құрастыру.

	Сергіту сәті Тоңса біздің қолымыз Қолғапты киіп аламыз Сарт - сарт - сарт Шапалақты соғамыз Тоңса біздің аяғымыз Етікті киіп аламыз Топ - топ - топ Топылдатып билейміз С/о: «Дүкенде» сюжетті - рөлді ойыны. Ойынның шарты: дүкен сөрелерінде қысқы киімдер: тон, пима, қолғап, күрте, тұр. Қысқы киім іздеген бала дүкенге келіп, сатушымен әдепті түрде амандасып, сөрелерден өзіне қажетті киімді таңдайды. Ол таңдаған киімін алып, сол киімге байланысты сөйлем құрау керек. Дүкеншінің осы тапсырмасын орындаған кезде ғана киімді ала алады. Мысалы: Қыста қалың тон киеміз. Дәптермен жұмыс Ө. Ақыпбекұлының «Менің киімдерім» атты санамағын жаттату. 1. топпен 2. қатармен 3 жеке - жеке айтқызу Сурет бойынша жұмыс. «Не артық?» ойыны. Артық киімдерді қоршау. Сергіту сәті Шығу үшін шымыр боп, Шынығамыз шаршамай Бұлшық еттер шымыр боп, Аламыз сосын тыныс жай. Шығармашылық жұмыс Қысқы киімдердің бөліктерін құрастыру: тон, қолғап, малақай, етік, мойын орағыш. Киімдерді топтап айтқызу. Малақай, құлақшын – бас киімдер. Байпак, кебіс, пима - аяқкиімдер. Д/о: «Қуыршаққа қысқы киім кигізу» Малақай – құлағы бар жылы бас киім, құлақшын. Қорытынды. Рефлексия. Күтілетін нәтиже: Әр мезгілде киетін киімдерді атай біледі. Ойлау қабілеттері дамиды. Киімді ұқыпты, таза киюді меңгерді.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Киім»

	Мақсаты:Балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету. 1. Миға шабуыл: Бала бала балақай Басыңа ки малақай Далаға шық Доп лақтырып ойнайық. Тосын сый: Буратино (слайд көрсету) Слайд. Балаларға суреттегі киімдерді көрсетіп, қысқы, жазғы, ер бала мен қыз баланың киімдерін айтып түсінік беру. - Балалар, кәне, бәріміз үстіміздегі киімдердің аттарын айтайықшы. Айару, сенің үстінде қандай киімдер бар? - Диас, сенің үстінде қандай киімдер бар? Буратино: Балалар мен шаршап кеттім. Сендер менімен сергіту сәтін жасайсыңдар ма? Балалар: иә Сергіту сәті! Тоңса біздің қолымыз, Қолғапты киіп аламыз. Сарт – сарт – сарт, Шапалақты соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етікті киіп аламыз. Топ – топ – топ, Топылдатып билейміз. Сөзұйқастыр айтайық. Ді – ді –ді – қыздар көйлек киеді, Ді – ді – ді – ді – ұлдар шалбар киеді, Он – он – он – қандай жылы тон. Тік – тік – тік – кидім етік. 1. Дидактикалық ойын: «Қуыршаққа киімді кигізу» Сұрақ – жауап арқылы іс – әрекетте алған білімдері пысықталады. Мұғалім: балалар, мен сендердің қысқы және жазғы киімдерді жақсы ажырата алатындарыңа сенімдімін. «Дұрыс көрсет» ойыны. Балаларға ойыншы балаға киімдерді қазақ тілінде атауды ұсынады. Буратино: ой, рахмет балалар. Бойым жылынып рахаттанып қалдым. Күтілетін нәтиже: Баскиім,аяқкиім,киім сөздерін үйрену, осы сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту,
мектепалды топтары	Тақырыбы: Іс – қимылды білдіретін сөздерді ұғыну. Балаларды етістікті сөздерді ұғынуға үйрету, айтылған нұсқауларды орындай білуге дағдыландыру. Ұйымдастыру кезеңі 1.Сәлемдесу. Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз.

Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру.
 Өткен «Киімдер» тақырыбы бойынша сөздерді естеріне түсіреді. Педагог киімдерді атайды, балалар суреттерін тақтаға іледі. Балалар әр дұрыс жауап үшін жұлдыз алады, соңында жұлдыздар саналып, жеңімпаз анықталады.

2.Негізгі кезең

Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттегі балалардың іс-әрекетіне көңіл аудару.

- Мына бала не істеп жатыр? -Киініп жатыр.

– Ал, мына бала неге жылап тұр деп ойлайсындар? -Ол киіне алмай тұр немесе шешіне алмай тұр.

Жаңа сөздер: Тез киіну, шешіну, жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағу

3.Дыбыстық жаттығу:

Ін – ін – ін – тез киін, ну – ну – ну – шешіну, тесу – тесу – тесу – жолдасыңа көмектесу.

4. Дидактикалық ойын: «Нұсқауымды орында» К/н: педагог нұсқауларын түсінеді, орындайды.

5. Сергіту сәті.

Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір.

Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз.

6. Дидактикалық ойын: «Не істеп жатыр?». К/н: суреттегі балалардың іс – әрекетін айтады, сұрақтарға жауап береді.

7. Қорытынды. Балаларды мадақтау. Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды?

К/н: балалар етістікті сөздерді ұғынады, айтылған нұсқауларды орындайды.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 21.10.-25.10.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Апта дәйексөзі:	«Отаным - алтын бесігім!»			
	Педагогтарға кеңес:	Сөзұйқастар қайталау. Ді –ді – ді – көк ту желбіреді Ұр – ұр – ұр – төрде елтаңба ілулі тұр Ыз – ыз – ыз – салтанатты ән айтамыз Ар –ар – ар – елімізде рәміздер бар			
	Ата – аналарға кеңес:	Ата-ана бұрышына: Е.Өтетілеуов «Отан» өлеңі			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Киім кию алгоритмі: Мен - естияр баламын, Өзім кие аламын: Көйлегімді, күртемді, Аяқ – киім, пәлтемді. Інімді де үйретем, Жөн-жобасын көрсетем.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	Сөздік ойын «Бұл қай кезде болады?»	Тіл дамыту: Б.Жақып «Менің елім»	Д/о «Кім көп біледі».	Тіл дамыту: Б.Жақып «Менің елім»	Д/о «Кім көп біледі».

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	
мектепалды топтары	Тақырыбы: Менің Отаным! Туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, мемлекеттік рәміздер туралы түсінік беру, тіл мәдениетін жетілдіру. 1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Аман – Отан, панамыз! Аман – ата – анамыз! Біз бақытты баламыз! Айтқан тілді аламыз! Өткен тақырыпты қайталату. Дидактикалық ойын: «Кім жүйрік?» сұрақ - жауап арқылы өткен тақырыпты қайталау. 2. Негізгі бөлім. 3. Дыбыстық жаттығулар. Рәміздер, көк ту, елтаңба, әнұран, Отан, менің Отаным Қазақстан Міз – міз – міз – біздің рәміз, у – у- у – көк ту, Ба – ба – ба – елтаңба, ұран – ұран – ұран – әнұран, Тан – тан – тан – менің Отаным Қазақстан! 4. Дидактикалық ойын: «Біз саяхат жасаймыз». Мақсаты: Қазақстанның бас қалаларына (Астана, Алматы) саяхат жасай отырып, туған жеріне сүйіспеншіліктерін ояту. «Менің Отаным Қазақстан» деп сөйлем құрап айта білуге дағдыландыру. 5. Сергіту сәті. Қатты нөсер басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды (жарты доға жасайды) 6. Тіл дамыту. «Не артық?». Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Шарты: рәміздер арасынан артығын табу, атау (ту, елтаңба, алтын адам, бәйтерек) суреттері 7. Дидактикалық ойын: «Сөз сандығы». Мақсаты: өтілген тақырыптарды естеріне түсіру, қайталату. Сөз арасында кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта білуге баулу. 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: «Менің Отаным Қазақстан» деп айта алады, рәміздерді дұрыс атайды.
ересек тобы	Тақырыбы: Менің Отаным! Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін бекіту, сөздік қорларын байыту, жаттап алуға дағдыландыру. Әнұранды айтып, балалардың назарын іс-әрекетке аудару. 1. Тақпақ айту: Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз 2. Сурет арқылы балаларға отбасы мүшелерімен таныстыру. Сұрақтар қою.

	–Бұл кім? Балалар, бүгін біз еліміз туралы, Отанымыз Қазақстан Республикасы туралы қазақша айтуға үйренеміз. Қазақстан туралы диафильм, карта көрсетіледі. Балалар, біздің Отанымыз қандай? қалай аталады? Сен қай қалада тұрасың? Біздің Отанымыз, менің, сенің Отандарын – Қазақстан Біз Қазақстанда тұрамыз. Оның ел ордасы – Астана Астанада Парламент үйі бар. Мақсаты: балалар қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айта алады. 3.Сергіту сәті: Б. Жаналиевтің «Қазақ вальсі» немесе «Менің елім» музыкалық қимыл қозғалыс жасалады. Ал балалар тұрайық, Алақанды созайық. Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. 4.Ойын: «Қайтала, дұрыс көрсет» Тақпақ жаттату: Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер Отан–ана, Отан үлкен Отан деген – туған ел. 5.Ойын: «Кім көп сөз біледі?» -Балалар бүгінгі іс-әрекет сендерге ұнады ма? Балалармен қоштасу. К/н: «Қазақстан» өлең шумағының мағынасын түсінеді, қайталап жатқа айта алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Менің Отаным! (тақырыпты жалғастыру) Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін бекіту, сөздік қорларын байыту, жаттап алуға дағдыландыру. 1.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Аман – Отан, панамыз! Аман – ата – анамыз! Біз бақытты баламыз! Айтқан тілді аламыз! Өткен тақырыпты қайталату. Дидактикалық ойын: «Кел, әңгімелесейік!» сұрақ - жауап арқылы өткен тақырыпты қайталау, сөйлем құрап жауап беруге дағдыландыру. 2. Негізгі бөлім. 3. Дыбыстық жаттығулар.

	Рім – рім – рім – менің жерім, лiм – лiм – лiм – туған елiм, Қыт – қыт – қыт – бақыт. Ен даласын, егiн жапқан. Бар баласы, бақыт тапқан. Менің жерім, туған елім! Күн сәулелі – Қазақстан! (Т.Молдағалиев) 4. Дидактикалық ойын : «Мен бастаймын, сен қошта». Мақсаты: өлең шумағын қайталату, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдерін ширату. 5. Сергіту сәті. Қатты нөсер басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды (жарты доға жасайды) 6. Тіл дамыту. «Аудармашылар». Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: «Қазақстан» өлең шумағының мағынасын түсінеді, қайталап жатқа айта алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Менің Отаным! Туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, Отан туралы түсінік беру, тілдерін ширату. 1.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Отбасының гүліміз, Көңілді өтер күніміз! Дидактикалық ойын: «Кім жүйрік?» Өткен тақырыпты еске түсіру. 2. Негізгі бөлім. 3.Дыбыстық жаттығулар. Отан, Қазақстан, менің елім, Астана Тан – тан – тан – Отан, тан – тан – тан – Отаным Қазақстан, Лім – лім – лім – менің елім 4. Дидактикалық ойын: «Бас қалаға саяхат» Мақсаты: слайд арқылы Астана қаласына саяхат жасатып, бас қаланың әсемдігімен таныстыру. Еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. 5. Сергіту сәті: Бала, бала, балақан, қане, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, былай – былай ойнап. (музыкамен) 6. Дидактикалық ойын: «Кел, сөйлесейік». Мақсаты: қарайды, тыңдайды, жауап береді. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: Отан туралы түсінік алады, «Отаным - Қазақстан» деп айта алады.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 28.10-01.11.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Апта дәйексөзі:	«Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!»			
	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Ата – аналарға кеңес:	Ата-ана бұрышына: Мнемокесте Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық.			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Өлең жаттау. Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	Д/о «Ненің дыбысы»	Д/о «Кел сөйлесейік»	Д/о «Ненің дыбысы»	Д/о «Кел сөйлесейік»	Д/о «Ненің дыбысы»
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Жабайы табиғат әлемі				

	Мақсаты: Табиғаттағы құбылыстармен танысып, суретті мазмұндай алады.. Жекелеген заттардың атауларын қазақ тілінде дұрыс айта алады. Табиғат сұлулығын көре білуді үйренеді. Миға шабуыл: Сәлемдесу. Жыл мезгілін, апта күнін, ауа-райын анықтап алу. Ой қозғау: «Отаным» сұрақ-жауап әдісі арқылы өткен тақырыпты пысықтау. Дыбыстық жаттығу. Балалар Ә,Ы дыбыстарын айта алады. Табиғат бейнеленген суреттерге назар аударту. Суреттер арқылы табиғаттағы өзгерістермен таныстыру. Сергіту сәті: «Табиғат мінезі» жаттығуы Қәне,барлығымыз тізбектеле тұрайық. Көзімізді жұмып, өзімізді табиғат аясында тұрғандай сезінейік. Күн тамаша, ашық күн сәулесі шуақ шашып тұр, айнала тамаша көрініске толы. Енді, көзімізді ашып, өзімізді еркін сезінейік. Алғашқыда бәрі жақсы болып тұрды да кенет аяқ астынан жел соқты. Алдымызда тұрған адамның арқасынан жәймен ғана қолмен жеңіл желдің самалындай етіп сипаймыз. Жел күшейді – енді алдыңыздағы адамның арқасын қатты уқалай бастаймыз. Кенет, боран басталды – енді боран күшіндей екі қолмен айналдыра күштірек уқалаймыз. Содан кейін, аяқ астынан жай ғана жаңбыр сіркірей бастады – енді қолымызбен жаңбырдың тамшысындай жаймен ұрамыз. Бір кезде қатты жауын жауды – біз қаты жауын сияқты арқамызды саусақтың ұшымен жоғары төмен сипалаймыз. Аяқ астынан бұршақ жауды – арқамызды саусақ басымен бұршақ жауғандай қаттырақ ұрамыз. Бір кезде бәрі басылды, күн жарқырап ашылып, адамға бір күшті шуақ берді. Тіл дамыту. Сөздік ойын. Педагог жетекшілігімен сөздік ойын «Кім көп сөз айтады» Мақсаты: балалар жаңа меңгерген сөздерді айта алады. Рефлексия: «Сиқырлы сөздер» Күтілетін нәтиже: балалар табиғат туралы қазақ тілінде айта алады, төл дыбыстарды анық айтады.
ересек тобы	Тақырыбы: Табиғат әлемі Мақсаты: Бөлме гүлдерін бақылап, құрылысын, өсу жолын әңгімелей алады. Өлең жолдарын қимылын келтіре, мәнерлі айта алады. Бөлме өсімдіктеріне өз қамқорлықтарын таныта алады. Миға шабуыл: Күз мезгілі Балалар сұрақтарға жауап бере алады. «Табиғат әсемдігі» көрнекі суреттер бойынша әңгімелеу. «Ағаштар, талдар» бейнежазба көрсет. /креативтік; коммуникативтік; бала үні/ Жаңа сөздермен (Ауа, су, табиғат, жаңбыр) фонетикалық жаттығу жасау. Сергіту сәті: «Қуырмаш»

	Рефлексия: Лайк, Дизлайк Күтілетін нәтиже: гүлдерге қамқор жасай алады, таныс дыбыстардың артикуляциясын анық айтады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Жабайы табиғат әлемі» Мақсаты: Табиғатты аялауға, қамқор болуға тірбиелеу. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. 1. Ұйымдастырушылық кезеңі: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Өлең оқу. Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. 2. Негізгі бөлім: Сұрақ - жауап ойыны. - Балалар табиғат дегеніміз не? - Табиғат нешеге бөлінеді? Тірі табиғат - олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан - жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. (слайт суреттері) Өлі табиғат - қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы оларсыз өмір сүрмейді. Сондықтан олар бір - бірімен тығыз байланысты. «Не жаман, не жақсы?» сөздік дидактикалық ойын. Сөздік жұмыс. (Тақпақ жаттау) Табиғатым - тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Сергіту сәті. Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық. Қызықты сәт. Есік қағылады. (Қоян қонаққа келеді) - Балалар, мен орманда тоңып қалдым. Аңдардың бәрі жылы киімдерін киіпті, ал мен жыл мезгілдерін білмеймін, қыста киетін киімді ажырата алмаймын. Маған көмектесіңдерші. - Балалар, көмектесеміз бе? - Олай болса, мен сендерге жыл мезгіліне байланысты сұрақтар қоямын. Кім тапса, сол жыл мезгілі болады. - Аққала жасап, сырғанақ теуіп ойнайтын қай жыл мезгілі? - Қар еріп, құстар келетін қай мезгіл? - Күн ысып, суға шомылатын қай мезгіл? - Жеміс - жидек пісетін, Астық жинайтын қай мезгіл? «Жыл мезгілін байланысты киімді тап» ойыны. Қоян балаларға рахметін айтып, кетеді. Балалар, қазір мынау ыдысқа жер саламыз, одан кейін гүлдің тұқымын саламыз да, жермен жабамыз. Енді су құямыз. - Көрдiңдер ме балалар, тiрi табиғат өлi табиғатсыз өспейдi. - Бiздiң гүлiмiз өсу үшiн не керек екен? - Су. Жер керек. - Ендi еккен гүлiмiздi терезенiң алдына қойып, күнде кезекпен суарып, бақылап отырамыз. 3. Қорытынды: - Қорыту. Балаларды мақтап, мадақтау.. Күтілетін нәтиже: балалар табиғат туралы біледі.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Жабайы табиғат әлемі

	Мақсаты: «Түлкі мен қарға» ертегісінің мазмұнын әңгімелеп, түсіне алады. Ауызекі сөйлеулерін дамыта алады. Батырлық, өжеттілік сезімдерін таныта алады. Миға шабуыл. Күн сәулелері Ой қозғау.«Табиғат әсемдігі» көрнекі суреттер бойынша әңгімелеу. Жаңа сөздермен (Ауа, су, табиғат, жаңбыр) фонетикалық жаттығу жасау. Сергіту сәті: «Бармақтар» Құрылымдалған ойын: «Ағаштар» Рефлексия: Смайлик Күтілетін нәтиже: ертегіні көрсету, әңгімелеу арқылы сөздерді анық айта алады.
мектепалды топтары	Тақырыбы: Табиғатты аялайық Мақсаты: Табиғатты аялауға, қамқор болуға тірбиелеу.Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. Миға шабуыл: Сұрақ - жауап - Балалар табиғат дегеніміз не? - Табиғат нешеге бөлінеді? Тірі табиғат - олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан - жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. (слайт суреттері) Өлі табиғат - қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы оларсыз өмір сүрмейді. Сондықтан олар бір - бірімен тығыз байланысты. «Не жаман, не жақсы?» сөздік дидактикалық ойын. Сөздік жұмыс. (Тақпақ жаттау) Табиғатым - тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Сергіту сәті. Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық. Қызықты сәт. Есік қағылады. (Қоян қонаққа келеді) - Балалар, мен орманда тоңып қалдым. Аңдардың бәрі жылы киімдерін киіпті, ал мен жыл мезгілдерін білмеймін, қыста киетін киімді ажырата алмаймын. Маған көмектесіңдерші. - Балалар, көмектесеміз бе? - Олай болса, мен сендерге жыл мезгіліне байланысты сұрақтар қоямын. Кім тапса, сол жыл мезгілі болады. - Аққала жасап, сырғанақ теуіп ойнайтын қай жыл мезгілі? - Қар еріп, құстар келетін қай мезгіл? - Күн ысып, суға шомылатын қай мезгіл? - Жеміс - жидек пісетін, Астық жинайтын қай мезгіл? «Жыл мезгілін байланысты киімді тап» ойыны. Қоян балаларға рахметін айтып, кетеді. Қорытынды: «Суретті жұмбақ» Рефлексия: Лайк, Дизлайк Күтілетін нәтиже.Тірі және өлі табиғат туралы түсінік қалыптасты, таныс дыбыстардың артикуляциясын біледі.

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.11-08.11.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық (топтық жұмыс)	«Теңге алу» ұлттық ойын	сөздік ойын: «Сөздік карта»	«Сөздік карта» ойыны	«Сөздік карта» ойыны	«Сөздік карта» ойыны
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Құндылық – Әділдік және жауапкершілік	Апта дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!»			
	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Ата – аналарға кеңес:	Ата-ана бұрышына: «Сөзұйқастар айтайық» Аң-аң-аң – қайырлы таң! Үн-үн-үн – жарқын күн! Еш – еш –еш – қайырлы кеш!			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Жаңылтпаштарды жаттау: Пай –пай – пай – жайылып жүр тай, Ай – ай – ай – ұшып кетті торғай		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар,	Д/о «Артығын тап»	Сөздік ойын «Сөз сандығы»	Жұмбақ ойын «Бұл қай кезде болады?»	Сөздік ойын «Сөз сандығы»	Жұмбақ ойын «Бұл қай кезде болады?»

дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)					
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Жануарлар әлемі: Жабайы аңдар. «Н» дыбысы Жабайы жануарлар қазақша атауларымен таныстыру, оларға қамқор болуға тәрбиелеу, сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл байлықтарын дамыту. «Аң» сөзіндегі «Н» дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. 1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Қуанамыз күлеміз, бар әлемді сүйеміз! Қол ұстасып, қуанып. Достармен бір жүреміз! 2. Өткен тақырыпты қайталату. Дидактикалық ойын: «Қызыл тетік» сұрақ - жауап арқылы өткен тақырыпты қайталау. Жаңа сөздер: Аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, жылан, жолбарыс, керік, кірпі 3. Дыбыстық жаттығулар. Кі – кі – кі – ку түлкі, қыр – қыр – қыр – сұр қасқыр, тан – тан – тан – аң патшасы арыстан, Іл – іл – іл – үлкен піл, рыс – рыс – рыс – жолбарыс, ю –ю – ю – бұл аң аю. 4. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»: ұнтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдап, ажырату. 5. Сергіту сәті. Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден, Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. 6. Тіл дамыту. «Суретте не артық?». Мақсаты: жабайы аңдарға жатпайтын жануар немесе құсты атау, неліктен артық екенін айту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдерін ширату, сөйлем құрап жауап бере білуге үйрету. 7. Дидактикалық ойын: «Орманға саяхат». Мақсаты: орманда кездескен аңдарды атау, сөздік қорларын молайту. 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды Күтілетін нәтиже: Аңдардың қазақ тіліндегі атауларын біледі, дұрыс айта алады.				
ересек тобы	Тақырыбы: Жабайы аңдар Мақсаты: Жабайы аңдар туралы балаларға толық мағлұмат бере отырып, қазақша аттарын айта алады. Жабайы табиғатқа сүйіспеншілік сезімін таныта алады. Миға шабуыл: Сәлемдесу. Жыл мезгілін, апта күнін, ауа-райын анықтап алу. Ең айлакер аң... Балалар: түлкі. Ең қорқақ...				

	Балалар: қоян. Балды ең жақсы көретін... Балалар: аю Ең батыл аң.. Балалар: қасқыр. Біліуімізкерек оны біз, Біз де табиғаттың ұлымыз. Табиғат бөлек деменіз, Сол үшін жауап береміз. Ой қозғау: «Табиғат» тақырыбына сұрақ-жауап әдісі арқылы өткен тақырыпты пысықтау. 3Дыбыстық жаттығу. -Ыр, ыр, ыр ырылдайды қасқыр, -Кі, кі, кі бұлаңдайды түлкі, -Ян, ян, ян жүгіріп жүр қоян, -Ю, ю, ю қорбаңдайды аю. Табиғат бейнеленген суреттерге назар аударту. Суреттер арқылы табиғаттағы өзгерістермен таныстыру. Сергіту сәті: Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық. Тіл дамыту. Сөздік ойын. (Тақпақ жаттау) Табиғатым - тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. «Жабайы аңдардың іздері» Мақсаты: Жабайы аңдардың іздерін танып біле алады. «Орманда нелер мекендейді?» Суретте үй жануарлары мен жабайы жануарлар берілген, сол сурет ішінен орманда мекендейтін жануарларды белгілей алады. Рефлексия: «Лайк», «Дизлайк» Күтілетін нәтиже: сөздер мен сөз тіркестерін айтады, таныс дыбыстардың артикуляциясын біледі
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Жабайы аңдар» Мақсаты:Өңгіменің мазмұнын сурет бойынша әңгімелеуге үйрету; Сөздік қорларын дамыту; Жылулық шеңбері. Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық, Таза ауа да салайық, Жүрек жылуын салайық, Осы жақсы лебіздерді

	Балаларға сыйлайық. Теледидардан жабайы аңдарды көрсету. - Балалар, сендер хайуанаттар бағына барып көрдіңдер ме? Сурет бойынша әңгімелеу. - Суретте қандай аңдарды көрдіңдер? - Неліктен жабайы аңдар дейміз - Олар қай жерде мекендейді - Аю балаларымен не істеп жатыр? - Аюдың баласын қалай атайды? - Қасқырдың баласын қалай атайды? - Түлкінің ерекшелігі неде? Сергіту сәті: Біз орманға барамыз, Жан-жағымызға қараймыз . Аю шықты қорбаңдап, Қасқыр шықты ырылдап, Түлкі шықты майысып, Қоян шықты секіріп, Қорықпандар балала, Өз орныңды табыңдар. -Балалар ертегіні мына сурет арқылы әңгімелейік. Жабайы, аңдар деген сөздердің жуан, жіңішке естілуін анықтау және осы сөздерді буынға бөлдіру. Жа-ба-йы, аң-дар Р-р-р-ырылдайды қасқыр Ұр-ұр-ұр-Балам орныңнан тұр, Қоянның түсі сұр. Ж-ж-ж-Қоян жолбарысты жықты. Дәптермен, жұмыс: Аңдардың қимылын келтір және боя.. Қорытынды.Рефлексия
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Жануарлар әлемі: Жабайы аңдар. Жабайы аңдардың қазақша атауларымен таныстыру, оларға қамқор болуға тәрбиелеу, сөздік қорларын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. 1.Сәлемдесу. Отбасының гүліміз, Көңілді өтер күніміз! 2. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». Өткен тақырыпты еске түсіру. Қуыршақ Сәуленің келуі, баладарды орманға саяхатқа шақыруы. Жаңа сөздер: Аю, қасқыр, түлкі, қоян

	3.Дыбыстық жаттығулар. Ян – ян –ян – қоян, қыр – қыр – қыр – сұр қасқыр, кі – кі – кі – қу түлкі, ю – ю – ю- үлкен аю. 4. Дидактикалық ойын: «Даусынан таны, ата» Мақсаты: ұнтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдап, ажырату 5. Сергіту сәті: Аңдардың қимылдарын салып жүру. Қоян сияқты секіру, аю секілді қорбандап жүру. 6. Дидактикалық ойын: «Не жоқ?». Мақсаты: қарайды, қайталайды, жауап береді. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды Күтілетін нәтиже: : Аңдардың қазақ тіліндегі атауларын біледі, дұрыс айта алады.
мектепалды топтары	Тақырыбы: Жабайы аңдар. «Н» дыбысы Балалардың білімдерін толықтыра түсу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру, сөздік қорларын байыту. 1.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Қуанамыз күлеміз, бар әлемді сүйеміз! Қол ұстасып, қуанып. Достармен бір жүреміз! 2. Өткен тақырыпты қайталату. Дидактикалық ойын: «Орманда не көрдік?» сұрақ - жауап арқылы өткен тақырыпты қайталау. Жаңа сөздер: Жыртқыш аң, қорқақ қоян, айлакер, қақпан, ет жейді, сәбіз жейді. 3. Дыбыстық жаттығулар. Ян – ян – ян – қорқақ қоян, кер – кер – кер – түлкі айлакер, Пан – пан – пан – аңшы қойды қақпан, ді – ді – ді – қасқыр ет жейді 4. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»: ұнтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдап, ажырату. 5. Сергіту сәті. Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден, Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. 6. Тіл дамыту. «Бұл не, ол қандай?». Мақсаты: жабайы аңдарды атап, сұраққа «бұл қоян, ол қорқақ» деп жауап беруге дағдыландыру, тілдерін ширату. 7. Дидактикалық ойын: «Маған ұнаған аң». Мақсаты: өздеріне ұнаған аңдарды атау, неліктен ұнағаны туралы әңгімелей білу, сөздік қорларын молайту. 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды Күтілетін нәтиже: Аңдардың қазақ тіліндегі атауларын, олардың ерекшеліктерін біледі, айта алады.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.11-15.11.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық (топтық жұмыс)	«Күй күмбірі» Жауапкершілік туралы терең мағыналы күйлердің бірі — Құрманғазының «Аманат» күйі.	сөздік ойын: «Жауапты кім?»	«Күй күмбірі» Жауапкершілік туралы терең мағыналы күйлердің бірі — Құрманғазының «Аманат» күйі.	«Жауапты кім?» ойыны	«Күй күмбірі» Жауапкершілік туралы терең мағыналы күйлердің бірі — Құрманғазының «Аманат» күйі.
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Құндылық – Әділдік және жауапкершілік	Апта дәйексөзі: «Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі»			
	Педагогтарға кеңес:	Тіл дамыту: Шағала, шағала! Көл-теңіз жағала Аққу – құстың патшасы Теі келмейді басқа			
	Ата – аналарға кеңес:	Қазақ тілі ұйымдастырылған іс – әрекеттегі жаңа сөздерді қайталау.			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Жаңылтпаштарды жаттау: Пай –пай – пай – жайылып жүр тай, Ай – ай – ай – ұшып кетті торғай		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар,	«Жұмбақты шешіп, суретін сал»	Компьютерлік ойын «Не артық»	мектепалды тобы:	Компьютерлік ойын «Не артық»	мектепалды тобы:

дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)			Жұмбақ ойын «Бұл қай кезде болады?»		Жұмбақ ойын «Бұл қай кезде болады?»
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Дала құстары Мақсаты: Құстар туралы мағлұмат беру, оларды қорғауға баулу, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. 1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Қуанамыз күлеміз, бар әлемді сүйеміз! Қол ұстасып, қуанып. Достармен бір жүреміз! 2. Өткен тақырыпты қайталау. Дидактикалық ойын: «Қызыл тетік» сұрақ - жауап арқылы өткен тақырыпты қайталау. Жаңа сөздер: Аққу, қарлығаш, торғай, қарға, сауысқан 3. Дыбыстық жаттығулар. Жаңа сөздер: қанат, ұя, тұмсық, ұшу, дауыс, қауырсын. Қу – қу – қу – әдемі аққу, ғаш – ғаш – ғаш – ұшады қарлығаш, Ғай – ғай - ғай – кішкентай торғай, ға – ға – ға – қарға, қан – қан – қан – үлкен сауысқан. 4. Дидактикалық ойын: «Даусынан ажырат» (құстардың дауысы аудио арқылы). Мақсаты: Құстарды дауыстарынан ажырата білуге үйрету, тілдерін ширату, есту қабілеттерін дамыту. 5. «Бұл қай құс?» ойыны: Мұғалім әр құс туралы сипаттап айтады, ал балалар қай құс екенін табуы керек. Мысалы: «Бұл құс - биікте ұшады, оның өткір тұмсығы және үлкен қанаттары бар. Ол даланың патшасы деп аталады. Бұл қандай құс?» Жауап: Бүркіт. 6. Сергіту сәті. «Ұшты, ұшты» 7. Тіл дамыту. «Жоғалған құс». Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту, сұрақтарға сөйлем құрап жауап беруге дағдыландыру. Шарты: аталған құстрадың қайсысы жоқ екенін табу, « кішкентай торғай жоқ» деп жауап беру. 8. Дидактикалық ойын: «Аудармашылар». Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. 9. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды Күтілетін нәтижесі: Құстардың қазақ тіліндегі атауларын біледі, дұрыс айта алады.				
ересек тобы	Тақырыбы: Дала құстары Мақсаты: Балаларға құстар туралы түсінік беру, құстардың тіршілігі туралы баяндау. Құстардың сыртқы бейнесі, тіршілігі, қоректенуі туралы айту. Ұй құстарымен дала құстарын ажырату. Жылулық шеңберін орындайық. Құстар, құстар келеді, Жерді шуға бөледі. Көктем келді бізге деп, Жақсы хабар береді. Құстардың сайрағанын тыңдату.				

(3 минут)

-Балалар ненің дыбысын естідіңдер?
Құстардың сайрағанын.

- Балалар сендер құстардың сайрағанын естігенде ,қандай күйде болдыңдар?
Әдемі орманда жүргендей болдық.
Дұрыс айтасыңдар балалар, бұл
Құстар дауысы.

Жалпы құстар туралы мәлімет беру.

Балалар құстар табиғатың көркі.Құстар өзгеше болып жаратылған құбылыс иесі. Құстардың бейнесі біздің аспан Әлеміндегі қоршауымыз сияқты, себебі көк аспан олардың туған мекені. Көкті құссыз, құсты көксіз елестету қиын. Біздің көгімізде құстар сайрап жүрсе, жердегі адамдар да тыныш, бейбіт өмір сүре алады Біз көкке қарағанда көзіміз ең әуелі ұшқан құсқа түседі. Олар тек аспанда ұшып орманда мекендейді.

Құстардың түрлері өте көп.

Суреттегі құстармен таныстыру.

Құстар дала құстары және үй құстары болып екіге бөлінетінін айту.«Дала құстарына» (Қарлығаш, торғай қарға, сауысқан, дуадақ т.б) жатады.

Тоқылдақ- орман құсы, ол орманда өмір сүреді. Тоқылдақ ағаштарды құрттардан, шіруден сақтайды. Оны – орман дәрігері деп атайды.

Сауысқан- ала құйрықты , ұзын құйрықты құс. Оның құйрығы 35 см. Ол өте сақ құс. Кез келген тамақтармен қоректенеді.

Қарға- Қазақстанда кең тараған құс.Қарғаның басы, қанаты, құйрығы қара болады, ал арқасы мен бауыры сұрғылт, тұмсығы үшкір, тырнағы өткір болады.

Торғай- ағаш қумақтарының індерінде, үйдің маңдарында мекендейді. Торғай бұталардың дәнімен , жемістерімен қоректенеді.Кейде тоқылдақтың қорегінің қар бетіне түскен қалдықтарын теріп жейді.

Сергіту сәті.

Қарға біздің қар, қар,
Сауысқаным саңқ,саңқ.
Торғайларым шиқ, шиқ.
Жапалағым ух,ух,
Көкек көкек, көкек деп,
Ұшады екен желпілдеп.

Сөздік жұмыс: Құс – птица, тауық- курица, қарлығаш- ласточка. Жаңа сөздер: *ұя, ұшу, қанат, тұмсық, қауырсын, мекендеу, қорғану.*

Ойын: «Қай құс екенін тап»

Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?» Балаларға құстардың дауыстарын тыңдатып, сұрау.

Қимылмен ойын: «Құстар қалай қозғалады?»

Қорытынды.Рефлексия

Күтілетін нәтиже: дала құстары мен үй құстарын ажырата біледі.Қазақ тілінде аудармасын айта алады.

ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Құстар - біздің досымыз» Мақсаты: Табиғатты сүюге баулу, балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстардың пайдасына тоқталу. Құстар туралы тақпақтар, мақал-мәтелдер айтқызып сөздік қорын байыту. Құстар жөнінде жұмбартар жасырып ойлау қабілеттерін дамыту. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Шаттық шеңбері: Табиғат біздің анамыз Табиғатқа баламыз Иіліп сәлем береміз Біз әдепті баламыз -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болып жатыр? -Күз мезгілінде неше ай бар? -Атап айтыңдаршы. Балалар, біздің кең байтақ жеріміздің табиғаты өте сұлу, әрі әдемі. Біздің жерімізге жетер ешбір мекен жоқ. Балалар біз немен демаламыз? Нені басып жүреміз? Ал су не үшін керек? -Дұрыс, балалар, ауамен дем алып, суды ішеміз. Осының бәрін, бізді қоршаған ортаны бір сөзбен табиғат деп атаймыз. Бүгін біз оқу іс-әрекетімізде осы табиғатымызға әдемі көрік беретін құстар жөнінде әңгімелейміз. -Балалар, мына суретте ненің суретін көріп тұрсындар? Осы құстардың атын атап айтыңдаршы. -Балалар құстар туралы не білесіңдер? -Дұрыс-ақ, олар адам өміріне, табиғатқа үлкен пайда кетіреді. Сондықтан біз оларды қорғауымыз керек. Дидактикалық ойын: «Дауысынан ажырат» Мақсаты: Берілген құстардың дауысынан ажырата білуге үйрету. Жұмбақ: Қонып алып жарға, Қарқылдайды(қарға) (Топқа көңілсіз қарға кіреді) -Сәлеметсіз бе, қарға! Сен қайдан ұшып келесің? Неге көңілсізсің? Қарға: -Сәлеметсіз бе, балалар! Қарқ-қарқ-қарқ! Менің қарным аш, қонатын ұямда жоқ, тоңып жем таба алмай ұшып келе жатып, сіздердің топтарыңызға байқамай ұшып кіріп кетіпмін, кешіріңдер! Қарқ-қарқ-қарқ! Маған көмектесіңіздерші. -Ой, қарға, келгенің жақсы болды! Сен мұңайма, қамықпа! Балалар құстар жайлы әңгімелесіп жатыр еді. Олар табиғатты, құстарды жақсы көреді, аялай біледі, қорғай біледі. Саған да көмектеседі. Кел төрлет, бізбен бірге бол! Балалар қарғаның көңілін көтеріп, тақпақ айтады. Тақпақтар: Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар Боран соқса қар болар,
--------------	---

	Бұтаға қонар қарғалар. Қос қанатын иіп ап, Жарға келіп қонады. Қара киім киіп ап, Балшықтан үй соғады. Құс сұлуы аққумын Табиғат көркін сыйлаған. Мылтығын кезеп еш мерген Атуға көзін қимаған. -Балалар, біз құстар туралы мақал-мәтел білеміз бе? Кәне кім айтады? Құс төмен ұшса жаңбыр жауады, Жоғары ұшса күн жылынады. Сауысқан шиқылдаса жақсы хабар естіміз. Құстар – достар Қыста құсқа жақсылық жасасаң Жазда жақсылығыңды өтеп береді. Сергіту сәті: Қарлығашқа ұқсайық Кәне қант жазайық Қарлығаш боп ұшайық Ұшып-ұшып алайық Бір-екі-үш Қарлығаш боп ұш Төрт-бес-алты Қарлығаш боп қалқы Жеті-сегіз-тоғыз-он Қарлығаш боп қон. Тапсырма: «Ұя құрастыру» Мақсаты:балаларды өз бетімен жұмыстануға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Табиғат өзгерістерін біледі.Құстарға қамқорлық көрсетуді, даусын ажыратуды.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Құстар біздің досымыз. Құстар туралы мағлұмат беру, оларды қорғауға баулу, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. 1.Сәлемдесу. Отбасының гүліміз, Көңілді өтер күніміз!

	2. Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап» Өткен тақырыпты еске түсіру. Жаңа сөздер: Торғай, қарға, құс • Бүркіт – үлкен, күшті құс, биік тауларда мекендейді. • Бозторғай – дала әншісі, шағын құс, үнемі әсем дыбыс шығарады. • Аққу – ақ түсті сұлу құс, көлде мекендейді. • Қаз – көлдерде және өзен жағаларында жүреді, топ болып ұшады. 3. Дыбыстық жаттығулар. Ғай – ғай – ғай – торғай, ға – ға – ға – қарға, ұс – ұс – ұс – ұшады құс. 4. Дидактикалық ойын: «Бұл қай құс?» Мақсаты: Өлкемізде мекен ететін құстармен таныстыру, олардың дауыстарын тыңдатып, ажырата білуге дағдыландыру. 5. Сергіту сәті: Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп, қонбайсың. Жем берейін жақында, Сонда, торғай, тоңбайсың! 6. Қимылдық ойын: «Құстар». Мақсаты: қарайды, тыңдайды, қайталайды. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: Өлкемізде мекен ететін құстар туралы түсініктері бар, құстарды атай алады.
мектепалды топтары	Тақырыбы: Дала құстары. «Ғ» дыбысы. (тақырыпты жалғастыру) Өлкемізде мекен ететін құстарды атай білуге үйрету, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. 1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Қуанамыз күлеміз, бар әлемді сүйеміз! Қол ұстасып, қуанып. Достармен бір жүреміз! 2. Өткен тақырыпты қайталату. Дидактикалық ойын: «Кім жүйрік?» сұрақ - жауап арқылы өткен тақырыпты қайталау. 3. "Ғ" дыбысымен танысу: Мұғалім «Ғ» дыбысының айтылуы мен жазылуын көрсетеді, дыбысты қайталап айтқызады. Мұғалім балалардан қай құстардың атауында «Ғ» дыбысы кездесетінін сұрап, балалармен бірге тауып айтады (<i>бозторғай, қарға</i>). 4. Сөздік жұмыс: Жаңа сөздер: <i>бозторғай, қарға, гажайып, галам</i>. Дыбыстық жаттығулар. Шін – шін – шін – көк көгершін, ла – ла – ла – ұшады шағала, кіт – кіт – кіт – үлкен бүркіт, Ран – ран – ран – самғайды қыран, құс – құс – құс – тоты құс Даусынан ажырат» (құстардың дауысы аудио арқылы). Мақсаты: Құстарды дауыстарынан ажырата білуге үйрету, тілдерін ширату, есту қабілеттерін дамыту. 5. Сергіту сәті. «Ұшты, ұшты» 6. Тіл дамыту. «Жоғалған құс». Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту, сұрақтарға сөйлем құрап жауап беруге дағдыландыру. Шарты: аталған құстрадың қайсысы жоқ екенін табу, «бүркіт пен қарға жоқ» деп жауап беру.

	7. Дидактикалық ойын: «Аудармашылар». Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды Күтілетін нәтиже: Құстардың қазақ тіліндегі атауларын біледі, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айта алады.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.11-22.11.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық (топтық жұмыс)	«Күй күмбірі» Жауапкершілік туралы терең мағыналы күйлердің бірі — Құрманғазының «Аманат» күйі.	сөздік ойын: «Жауапты кім?»	«Күй күмбірі» Жауапкершілік туралы терең мағыналы күйлердің бірі — Құрманғазының «Аманат» күйі.	«Жауапты кім?» ойыны	«Күй күмбірі» Жауапкершілік туралы терең мағыналы күйлердің бірі — Құрманғазының «Аманат» күйі.
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Құндылық – Әділдік және жауапкершілік	Апта дәйексөзі: «Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі»			
	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Ата – аналарға кеңес:	Жаттығу ұсыну: «Орнын тап» (дауысты дыбыстарды ажырату)			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	«Ғажайып алаң». (Ә.Жүнісбековтың әдістемесі). Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың ерекшеліктерімен таныстыру.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	Суретті жаттығу: «Сөйлесейік» (диалог)	Д/о: «Қайсысы қайда тіршілік етеді» Мақсаты:жануарла	Тіл дамыту. М.Жаманбалино в «Бір аптада»	Д/о: «Қайсысы қайда тіршілік етеді» Мақсаты:жануарларды ұқсас белгілеріне	Тіл дамыту. М.Жаманбалинов «Бір аптада»

		рды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.		қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.	
--	--	--	--	---	--

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет

мектепалды топтары	Тақырыбы:Қоршаған орта Мақсаты: Айналамыздағы қоршаған орта туралы әңгімелеу білуді үйрету. Дыбыстарды анық айтуды дағдыландыру. Миға шабуыл: Сәлемдесу. Жыл мезгілін, апта күнін, ауа-райын анықтап алу. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі- көңіл ажары ! Күліп өмір сүрейік! Ой қозғау. Педагог жетекшілігімен ойын:«Жасырын сурет» Слайдта берліген суреттерден жануарларды атайды. Сөздік ойын: «Кім шапшаң?» 1.«жер шары-деген не?» -Біз өмір сүретін жер, 2.Біз өмір сүретін жер басқаша қалай айтамыз? -Бізді қоршаған орта 3. Бізді қоршаған орта дегеніміз не? -Табиғат 4. Табиғатқа не жатады? - Жер, су, ауа, өсімдік, т. б. 3) Табиғат нешеге бөлінеді? - Екіге. Өлі және тірі. 4) Өлі табиғат деген не? - тау, тас, су, өзен, көл, құм т. б. 5) Тірі табиғат деген не? - Жәндіктер, жануарлар, құстар, аңдар т. б. Сергіту сәті: Аспанға қарап ай көрдім, Төменге қарап жер көрдім Оңға, солға бұрылып,
--------------------	--

	Егеменді ел көрдім Педагог жетекшілігімен ойын: «Сиқырлы қорапша» Тапсырмалар: жұмбақтар Таңмен көзін ашады, Әлемге нұр шашады.(Күн) Дәмі де жоқ, түсі жоқ Пайдаланбас кісі жоқ.(су) Жұлдыздай жарқырайды, Күндіз бірақ байқалмайды.(Ай) Тәтті іздеп жортады, Аң бар балды қалаған. Үп-үлкен боп қорқады Кіп-кішкене арадан.(Аю) Ұшқаны қызық жалпылдап, Өзі сондай қарқылдақ.(Қарға) Каланың да сөні, Даланың да сөні. Бір-біріне әркез Сыйлайды оны бәрі.(Гүл) «Табиғатты аялайық» ойыны Гүлді жұлуға болмайды, гүлді аялау керек. Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді. Суды ластауға болмайды, сусыз өмір жоқ. Күнімізді бұл баспасын. Көбелекті өлтірмендер, ол - әдемілік белгісі. Құсты атуға болмайды, құс - адамның досы. Жасыл шөпті жұлуға болмайды, ол біздің жерімізге көрік береді. Аңдарды қорғауымыз керек, олар біздің байлығымыз. Асқар тауларымыз биік болсын. Аққуды атуға болмайды, ол сұлулық белгісі. Рефлексия: «Бір сөзбен ата» Күтілетін нәтиже: қоршаған орта туралы түсінік қалыптасты. «Ғ» дыбысының артикуляциясын меңгерді.
ересек тобы	Тақырыбы: Қоршаған орта Мақсаты: Қоршаған ортадағы заттардың атаулары және олардың міндеттерімен танысып, таныс заттарды ажырата алады. Төл дыбыстарды анық айтуға баулу. Миға шабуыл: Үлкеге де сіз · Кішіге де сіз, · Сәлем бердік сіздерге · Құрметпен біз

	Ойын: «Сүйікті қаламызға саяхат» Мақсаты: Қоршаған ортадағы заттардың атаулары және олардың міндеттерімен танысып, таныс заттарды ажырата алады. Фонетикалық жаттығу: -ар-ар-ар- жануар -ік-ік-ік-өсімдік -ор-ор-ор- қамқор -іп-іп-іп-кітап Құрылымдалған ойын: «Кім тез табады?» сын тұрғысынан ойлау; бала үні/ Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Қолымызды созайық. Жапырақ болып дөңгелеп, Жерге келіп қонайық. Ән: «Аю, аю тұршы» Санамақ: Алақай-ау, алақай Қол соғайық балақай Алақай-ау, алақай Өте тамаша! Саусақтар билейді Былай – былай билейді Тук-тук балға Үй жасаймыз торғайға. Бум-бум барабан Соқ-соқ барабан Ду - ду –ду – ду Сыбызғы ойнаймыз. Рефлексия: Бас бармақ Күтілетін нәтиже: қоршаған орта туралы түсінік қалыптасты. «Ө» дыбысының артикуляциясын меңгерді.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Орманда болған оқиға» Мақсаты: «Түлкі мен тырна» ертегісін театрландыру арқылы мінез-құлқын бере білу. «Түлкі мен тырна» ертегінің мазмұнын бекіту, сюжетін рөлмен ойнату арқылы кейіпкерлер мінез-құлқын бере білуге, дауыс ырғағын қабылдауға үйрету. Байланыстырып ауыз екі сөйлеуін түрлі әдіс-тәсілдердерді қолдана отырып дамыту (қимылмен) Қуанамын, күлемін, Жылы менің жүрегім.

Достарыма үнемі,
Риза болып жүремін.
Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?(балалардың жауабы)
Сендер менімен орманға серуендегілерің келе ме?
— Олай болса орманға серуендеп келейік. Серуенге шықпастан бұрын жылы киініп алайық (алгоритм бойынша киім атауларын музыка арқылы мимикамен көрсету) Серуенге шығып бара жатқанда шаңғымен жүрген пошташы тапсырма алып келеді. (андардың іздері)
III. Пошташы: (шаңғымен келеді) Сәлеметсіңдер ме! Мен сендерге орман әлемінен хат алып келдім.
Пошташы: Ия, дұрыс айтасыңдар, мен пошташымын. Менің сөмкем бар, бұл хат салуға арналған сөмке, ал сендер қайда бара жатырсыңдар?
Балалар: Орманға
. Д/о: “Аңдарды ажырат?” Ақ пен сары түсті обручтың ішіне аңдарды ажырату арқылы қойып шығады. (Эйлер шеңбері)
Пошташы: Дұрыс, енді менің қолымдағы тапсырманы орындасандар орманға жетесіңдер.
1. Орманға аңдардың ізімен қимылмен көрсетіп бару. (Бара жатқанда орманның қауіпсіздігін айтып бару: шулауға болмайды, от жағуға болмайды, жеке кетіп қалуға болмайды) Экранда орманның суреті, аңдардың, құстардың дыбыстары. Қандай тамаша! Таза ауа! (тыныс алу жаттығуы)
2. Орманның ағаштарын, құстарын, аңдарын қорғайтын маманды орманшы деп атайды. (Орманның суретін көрсету).
VII. Тосын сәт.
— Балалар экранға қараңдаршы, бұл қандай аң? Экраннан түлкі шығып сөйлейді.
Түлкі: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен Түлкімін! Сендерді көріп қатты қуанып тұрмын.
Түлкі сендердің келгендеріңе қатты қуанып тұр, жай түлкі емес сөйлейтін түлкі екен.
Түлкі: Ал, сендер аңдар туралы ертегі білесіңдер ме?
VIII. Балалардың жауабы: “Бауырсақ”, “Үйшік”, “Айлакер түлкі”, “Маша мен Аю” ертегілері
Түлкі: Мен туралы ертегі тыңдағыларың келе ме? Олай болса «Түлкі мен тырна» ертегісін тыңдайық.
1. Стоп кадр элементтерімен мультфильм көрсетру («Түлкі мен тырна»)
Мультфильмді ортасынан тоқтату арқылы сұрақ-жауап: (толық жауап алу)
— Түлкі немен дос болыпты?
— Түлкі қонағын қалай күтіпті?
— Тырна Түлкіні қалай күтті?
— Ертегі сендерге ұнады ма? (балалардың жауабы)
— Ертегіде не туралы айтылған?
Ертегі желісі бойынша сахналайық, сахналамастан бұрын ең алдымен сергіп алайық.
Сергіту сәті (музыкалық) “Мен Түлкімін”
1. Сахналау ертегі желісі бойынша (балалар ойнайды)
— Айтыңдаршы балалар, Түлкі мен Тырна дос болып қалды ма?
-Ал, сендер доссыңдар ма? Олай болса бір-бірімізді құшақтайық.

	1. -Енді “Түлкі мен тырнаны” да достастырайықшы. Достықтары мәңгі болу үшін не істейміз? (Балалардың жауабы) (Квест технологиясы) Моншақтан Тырнаға құмыра, Түлкіге жайпақ табақ жасап берейік. Түлкі: Тырна екеумізді достастырғандарыңа қатты қуанып тұрмын. Рахмет, балалар! Қорытынды.Рефлексия
ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем» Мақсаты: Балаларға айналамыздағы қоршаған заттардың қазақша атауларын меңгерту. «Қ» дыбысының артикуляциясы. Миға шабуыл:Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз! Жануарлар әлеміне саяхат. Сұрақ-жауап. Педагог жетекшілігімен ойын: «Ғажайып дорба» Қоршаған заттардың атауларымен таныстыру. Фонетикалық жаттығу: Қ дыбысын айта алады. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Қолымызды созайық. Жапырақ болып дөңгелеп, Жерге келіп қонайық. Ән: «Алма кетті домалап» Тіл дамыту: «Сиқырлы сөздер әлемі» Рефлексия. Қорытынды Күтілетін нәтиже: қоршаған заттардың қазақ тіліндегі атауларын меңгерді.
мектепалды топтары	Тақырыбы: «Орманда мекендейді» Мақсаты: Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Миға шабуыл:Сәлемдесу. Жыл мезгілін, апта күнін, ауа-райын анықтап алу. Армысың, шапағатты күніміз, Армысың, мейірімді жеріміз! Армысың, табиғат анамыз, Келді сізге өзіңіздің балаңыз Жануарлар, табиғат түсініктерін жалғастыру. Дыбыстық жаттығу. Ю – ю – ю, Қорбаңдайды аю. Тан – тан – тан, Аң патшасы – Арыстан. Ыс – ыс – ыс, Тарғыл түсті жолбарыс. Қыр – қыр – қыр, Бұл көкжал қасқыр. Іл – іл – іл, Тұмсығы ұзын піл.

	Лан – лан – лан, Шығады жылан. Кі – кі – кі, Айлакер қу түлкі. Ян – ян – ян, Қорқақ қоян. Пі – пі – пі, Тікенекті кірпі. Ін – ін – ін, Жаңғақ жейді тиін. Ойын -жаттығу: «Сөз жалғастыр» Сергіту сәті: «Санамақтар» Педагог жетекшілігімен ойын: 1.Шағала, шағала! Көл – теңізді жағала 2.Аққу – құстың патшасы, Тең келмейді басқасы. 3.Ақ кептер, Көк кептер, Көп кептер. Ойын: Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Рефлексия: «Лайк», «Дизлайк» Қорытынды: балалар сурет бойынша әңгіме құрастырып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптасты.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.11-.29.11.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық (топтық жұмыс)	тіл ұстарту жаттығуларын орындау	«Сандық» ойнау Мақсаты: Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге баулу.	«Бұл қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.	«Сандық» ойнау Мақсаты: Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге баулу.	«Бұл қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Құндылық - Бірлік және ынтымақ	Апта дәйексөзі: «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»			
	Педагогтарға кеңес:	Тіл дамыту жұмыстары: Мнемокесте арқылы жаттау Аппақ қылып өңірді. Қар жауды! Қар жауды! Көп бала көңілді. Қызығып таңғалды			
	Ата – аналарға кеңес:	Сөздік жұмысы			
		Мектепалды топ	Сиқырлы сөздер әлемі		

	«Тілашар!» үйірме жұмысы		Мақсаты: Зат есімдерді атап, қолданылуын қадағалау. Сыпайылық сөздерді ажырату.		
		Ересек	«Нешеу?» Мақсаты: Санай білуге, нешеу? Сұрағына жауап беруін қадағалау. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	«Не артық» (Қысқы ойынға жатпайтын ойын құралын табу)	««Аққала» дидактикалық ойыны. Ойын шарты: үстел үстінде жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді.	мектепалды тобы: «Тоңса біздің қолымыз»	ортаңғы тобы: ««Аққала» дидактикалық ойыны. Ойын шарты: үстел үстінде жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді.	мектепалды тобы: «Тоңса біздің қолымыз»
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Қыс мезгілі Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылату, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұйымдастыру кезеңі 1.Сәлемдесу. Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз. Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?! Өткен тақырыпты қайталау, суретпен жұмыс. 2.Негізгі кезең Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттегі «Қыс мезгіліне» көңіл аудару. Сұрақ қоя отырып, таныс сөздерді қайталау және жаңа сөздермен таныстыру. Мынау не? – Қ-қ-қа – қар. Ақ-ақ – ақ қар. – Қазір қыстың қай айы? -Желтоқсан айы. Жаңа сөздер: Желтоқсан, қаңтар, ақпан, қыс, қар, суық, мұз Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Тоқсан – тоқсан – желтоқсан, тар – тар – келді суық қаңтар, ық – ық – ық – сырт суық Суреттермен жұмыс. «Кім жүйрік?» К/н: қыс айларын атайды.				

	Сергіту сәті. Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз. Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» К/н: Балалар сөздерді қайталап, сұрақтарға жауап береді. Қорытынды. Балаларды мадақтау. Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды? К/н:Қыс мезгілінің айларын біледі, атай алады. Сұрақтарға толық жауап береді.
ересек тобы	Тақырыбы: Қыс қызығы Балаларды қыс қызығын тамашалауға, қоршаған айналаны әдеби тілде көркемдей білуге, тіл мәдениетіне жаттықтыру. Ұйымдастыру кезеңі 1.Сәлемдесу. Қол ұстасып, көне, біз Достасайық бәріміз. Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру. Педагог қыс ерекшеліктерін атайды, балалар суреттерін тақтаға іледі. Балалар әр дұрыс жауап үшін жұлдыз алады, соңында жұлдыздар саналып, жеңімпаз анықталады. 2.Негізгі кезең Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттегі балалардың іс-әрекетіне көңіл аудару. Сұрақ қоя отырып, таныс сөздерді қайталау және жаңа сөздермен таныстыру. Мынау не? – Қардан не жасаймыз? – Аққала жасаймыз. Жаңа сөздер: Қыс, қар, ауа, аяз, сырғанау, мұз, шана, аққала 3.Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Нақ – нақ – нақ – сырғанақ, ұз – ұз – ұз – салқын мұз 4. Дидактикалық ойын: «Суреттен не көрдің?» К/н: суреттен көрген қыс мезгілінің ерекшелігін қазақ тілінде атайды. 5. Сергіту сәті. Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз. 6. Дидактикалық ойын: «Аудармашылар». К/н: қыс туралы айтылған шағын мәтіндерді аудара алады. 7. Қорытынды. Балаларды мадақтау. Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды? К/н: қыс мезгілінің ерекшеліктерін қайталайды, қарапайым диалогке қатыса алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Қысқы қызықтар Ойдан шыққан әңгіме. Мақсаты:Өз ойларын жеткізуге тәрбиелеу. Тілдерін дамыту;Қиялдап, ойдан әңгіме құрауға үйрету; 1.Әңгімелесу Сұрақ-жауап арқылы сурет мазмұнын сұрап білу. -Балалар,ойдан әңгіме құрастыруды қалай түсінесіңдер?

	Мысалы,бүгін әрбір бала өз ойын,не қиялдап отырғаны жайлы әңгіме құрайды.Ілінген тақта суреттеріне қарап құрауға да болады.Әрбір баланың ойдан шыққан әңгімесін сұрақ-жауап арқылы сұрап білу. 2.Суретпен жұмыс. -Суретке өз ойынан әңгіме құрау. -Сұрақтарға жауап беру. 3.Сергіту сәті. Қалықтап қар жауды, Жел соғып,қар түйіршіктері ұшты. Жел басылды, Қар түйіршігі жерге қондық. Сөздік жұмыс жүргізу. 4.Сұрақ-жауап -Осы не туралы айтылған? -Сендерге балабақша несімен ұнайды? 5. Дидикатикалық ойын: «Не жоқ?» Балалар суретке мұқият қарап қандай сурет жоқ екенің анықтауларын керек. Қорытынды: Қыс мезгілі несімен ұнайды? Қыс айлары қандай ? Неліктен алтын күз деп айтамыз? Балаларға сұрақ қойып,қорытындылау.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Сәлем, сиқырлы қыс! Мақсаты: Жаңа сөздерді меңгерту. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелеп айту. Алған білімдердің тиянақтау. Балалардың сөйлеу әрекетін,есте сақтау қабілетін дамыту. Ұйымдастыру кезеңі 1.Сәлемдесу. Жыл мезгілін сұрау. Негізгі бөлім: Суреттермен жұмыс (слайд арқылы) Жаңа сөздер: Қыс, суық, қар, аққала, шырша. 2. Фонетикалық жаттығулар: ық- ық- суық. Ыс-ыс- суық, ар- ар- қар. 3. Дидактикалық ойын «Болады болмайды» Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыта отыра сөздік қорын молайту.Сөздік жұмысын жүргізу. <i>(4к моделі. Креативтілік.)</i> 4. Сергіту сәті: Ішік, пима қолғап бар Арада жоқ тоңғақтар Баста қолың малақай Біз тоңбаймыз алақай.

	5. Тіл дамыту, сөйлеу үлгілері. Мынау қыс. Мынау қар. Қыс суық. 6. Дидактикалық ойын: «Кім көп айтады?» Мақсаты: Балалардың қызығушылықтарын дамыта отыра, сөздік қорын молайту. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балаларды бағалап, мадақтайды К/н: қыс туралы сөздік қоры бар..
мектепалды топтары	Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты: балалар қысқы табиғат ерекшеліктерімен танысады; сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыланады. Миға шабуыл. «Балалалар бағында» өлеңін топ болып еске түсіру. Сұрақтар қою. -Қазір қандай мезгіл? -Қыста адамдар қалай киенеді? -Қыста қандай мерекелер болады?-Қандай ойындар ойнаймыз? -Қыс айларын атайық. Дыбыстық жаттығулар: -ақ-ақ-ақ- аппақ -қа-қа-қа-аққала -на-на-на-шана -ғы-ғы-ғы-шанғы Суреттер арқылы қысқы ойындарды түсіндіру. Сөздікпен жұмыс. Шана-санки Шаңғы-лыжи Аққала-снеговик Қар-снег суық-холодно 3. Еркін ойын сергіту сәті. Аппақ, аппақ – бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бор аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ, Ақ сүт, айран, қант та аппақ. (Е.Өтетілеуұлы) Тіл дамыту. -ыс-ыс-ыс-келіп жетті қыс.

	Күн суық. Қар жауды. Балалар шана, шаңғы, коньки теуіп жүр. Аққала жасады. Қыс қызығы тамаша! Жұмбақ жасыру. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады. (қар) «Аққала» ойыны. Шарты: тақтаның бетіне қиылып жабыстырылған, аққаланың жетіспейтін бөлігін тауып, көзін жұмып барып, жабыстыру. Сұрақ-жауап. Шанамен зырғып желетін, Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтың, Қай мезгіл деп ойлайсың! -Қыста не жауады. -Қар қандай? -Балалар не теуіп жүр? Рефлексия: Шырша Қорытынды: балалар қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейтті. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтады.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.12-13.12.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық (топтық жұмыс)	Д/о «Бірге қайталаймыз» К/н: «Ү» дыбысы бар сөздерді айту, қайталату арқылы тілдерін жаттықтырады.	Д/о «Бірге қайталаймыз» К/н: «Ө» дыбысы бар сөздерді айту, қайталату арқылы тілдерін жаттықтырады.	Д/о «Бірге қайталаймыз» К/н: «Қ» дыбысы бар сөздерді айту, қайталату арқылы тілдерін жаттықтырады.	Д/о «Бірге қайталаймыз» К/н: «І» дыбысы бар сөздерді айту, қайталату арқылы тілдерін жаттықтырады.	Д/о «Бірге қайталаймыз» К/н: «Ұ» дыбысы бар сөздерді айту, қайталату арқылы тілдерін жаттықтырады.
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Құндылық - Бірлік және ынтымақ	Апта дәйексөзі: «Бірлік болмай тірлік болмас»			
	Педагогтарға кеңес:	Тақпақ жаттау: Боран соғар оң жақтан, Боран соғар саол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан			
	Ата – аналарға кеңес:	Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен жаңа сөздерді қайталау.			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Жаттығу: «Суретті жина, қазақ тілінде ата» (қыс мезгіліне қатысты қиыңды суреттерді жинау)		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл	Д/о «Ненің дыбысы»	Д/о «Кел сөйлесейік»	Д/о «Ненің дыбысы» .	Д/о «Кел сөйлесейік»	Д/о «Ненің дыбысы»

ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)					
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Қыс қызығы Мақсаты: Балаларға қысқы ойын түрлерімен таныстыру. Қысқы табиғат ерекшелігі туралы әңгімелесу. Миға шабуыл: Жыл мезгіліне байланысты сұрақтар қою. Дыбыстық жаттығулар -ақ-ақ-ақ-аппақ -қа-қа-қа-аққала -на-на-на-тәтті -дім-дім-дім –жедім «Қыс туралы кім көп біледі?» Сергіту сәті. Аппақ, аппақ – бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бор аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ, Ақ сүт, айран, қант та аппақ. (Е.Өтетілеуұлы) Тіл дамыту. Сөйлем құрату. -Қыста қандай киім киеміз? -Мынау не? «Қар лақтыру» - Мынау не? -Қар деген не?. Бұл ойын балалардың сөздік қорларын бекіту, белсенділігін арттыру мақсатында ойнатылады. «Мұзда қалай ойнаймыз?» Екі суреттің қайсысы дұрыс екендігін сұрайды: мұз айдынында балалар ұқыпты ойнап жүр; балалар төбелесіп, бір-бірін итеріп жатыр. «Қарама-қарсы» <i>Қар жұмсақ, мұз ...</i> <i>Қар жеңіл, мұз ...</i> 4. Рефлексия: Бас бармақ әдісі Қорытынды: балалар қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айта алады.				
ересек тобы	Тақырыбы: Қысқы табиғат Мақсаты: балаларға қыс туралы білімдерін кеңейту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуды дағдыландыру.				

	Миға шабуыл. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Жарқыраған күнге! -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Компьютерде «Аққала» ойынын ойнау. Дыбыстық жаттығулар: —ша—ша—ша—шана —ла—ла—ла—Аққала —ғы—ғы—ғы—шаңғы Сергіту сәті: Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасату тәсілі арқылы өлеңді жаттап алу, тақпақ ішіндегі «ауласында», «жаңа қоныс», «таза ауа», «жаңа үй» деген сөздермен сөздік жұмыстарын жүргізу. «Қыста не көрдік?» Шарты: балабақшада көргендерін атату. Достыққа, бауырмалдыққа, ұқыптылыққа, бір–бірін сыйлауға үйрету. Рефлексия: Шырша Қорытынды: балалар қыс туралы біледі, айта алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Қыс мезгілі керемет!» Мақсаты: қысқы табиғатқа деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыра отырып, табиғаттың әдемі сұлулығын көре білуге және оған қамқор болуға тәрбиелеу. Балаларға қыс мезгілінің табиғатын сипаттауға, өз ойларын хабарлы, синоним сөздерді пайдаланып жеткізуге дағдыландыру. Қызықты сәт: Балалар сендер қысқы табиғатқа саяхат жасағыларың келе ме? (Интербелсенді тақтадан қардың сықырлаған, боранның ұйытқыған дыбысы естіледі) Ендеше көздерімізді жұмайық. Қыс мезгіліндегі табиғатты елестетейік. Қыс мезгілінде табиғатты тамашалауға немен баруға болады? Шаңғымызды алып мына өлең жолдарын айтып барсақ тез жетеміз. Шаңғы теуіп аппақ қарда Жорыққа біз шығамыз Ну орманға асқар тауға Биікке алыс шығамыз. Интербелсенді тақтамен жұмыс. (сурет бойынша әңгімелесу) Балалар суреттен қандай мезгілді көріп тұрсыңдар?

Қысқы табиғат қандай?
 Айналада нелер жатыр?
 Қыста ауа райы қандай болады?
 Суретте балалар немен сырғанап жүр?
 Адамдар қалай киінеді екен?
 Жеке жұмыс: Амира қыста адамдар қалай еңбектенеді?
 Дала өте суық екен. Біз тоңып барамыз. Денемізді қыздырып жаттығу жасайық.
 Сергіту сәті:
 Тоңса біздің қолымыз,
 Қолғап киіп аламыз.
 Сарт-сұрт, сарт-сұрт,
 Шапалақты соғамыз.
 Тоңса біздің аяғымыз,
 Етік киіп аламыз.
 Топ-топ, топ-топ,
 Топылдатып билейміз.
 Тоңса біздің денеміз,
 Тоңды киіп аламыз.
 Зу-зу, зу-зу.
 Шанаменен зулаймыз.
 Балалар сендер қыста ойналатын қандай ойын түрлерін білесіңдер?
 Суреттен қыста ойналатын ойындарды айту: шаңғы тебу, мәнерлеп сырғанау, коньки тебу, хоккей, шанамен сырғанау, аққала жасау.
 Балалар енді біздің топқа қайтатын уақытымыз келді. (музыка қосылады)
 -Қыс мезгілінің ерекшеліктерін есімізге түсірейік ,ол үшін мен сендермен бірге ойын ойнағым келеді.
 Д/ойын: «Қыс мезгілінің ерекшеліктерін тап»
 Ойын шарты: Менің қолымда ғажайып қалташа бар оның ішінде жыл мезгілдерінің суреті бар сендер оның ішінен тақтаға тек қана қыс мезгілінің суретін тауып ілу керексіңдер. Балалар ойын шарты бойынша орындайды.
 Қорытынды:
 Балалар біз бүгін қайда серуенге бардық?
 Қыста ауа райы қандай болады?
 Дала қандай екен? Ағаштар мен шыршалар не жамылған?

	-Қысқы ойындар қандай? Рефлексия.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Қысқы киім. Қысты киімінің қазақша атауларымен таныстыруды жалғастыру; оларды топтай алуға үйрету. 1. Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз. Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Амандасады. Өткен «Менің киімдерім» тақырыпты қайталау. Дидактикалық ойын: «Бұл кім?». Аталған киімдері (көйлек, шалбар, жейде) бойынша баланы табады. 2.Негізгі кезең Балаларға сұрақтар қою: Қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс). –Қыс қандай? (Қыс суық). Адамдар қыста жылы киім киеді. Жылы, жы-лы. Жылы киім. Қысқы киім жылы. Қысқы киім ...(жылы). Балалар сөйлемді жеке-жеке, хормен аяқтайды. 3.Ойын: «Қуыршақты киіндіру». –Қуыршақ не киді? Балалар ойын барысында қуыршаққа кигізген таныс киімдерді атайды. Жаңа сөздермен танысады. Балалар жаңа сөздерді жеке, хормен айтып жаттығады. Қуыршақ не киді? Қуыршақ күрте киді Күрте қандай? Күрте жылы. Мынау не? Мынау – тон. Тон қандай? Тон жылы. Қыста не киеді? Құлақшын қандай? Құлақшын жылы. Тон, күрте, қолғап, құлақшын, етік – қысқы киім. 4.Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ғ-ғ-ғ- ғап-қолғап- қолғап, Ұ-ұ-ұ-ұл-құл-лақ-шын. Тақпақ жаттау. Мен естияр баламын, Өзім кие аламын. Көйлегімді, күртемді, Аяқ киім, пәлтемді. (Е.Өтетілеуұлы) 5.Сергіту сәті. Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт-сарт-сарт. Шапалақты соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топ-топ-топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз, Тонды киіп аламыз. Зу-зу-зу етіп, Шанаменен зулаймыз. Шынығамыз жалықпай, Коньки, шаңғы тебеміз. 6.Қима суреттермен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет». Мақсаты: киімдерді атап үйрену.

	Суреттегі киімдерді айтқызу. Қыз көйлек киеді. Ұл шалбар киеді. 7.Қорытынды бөлім: . Балаларды бағалап, мадақтау. К/н:Қыстық киімдер туралы біледі.
мектепалды топтары	Тақырыбы: Қысқы киім. Қысты киімінің қазақша атауларымен таныстыруды жалғастыру; оларды топтай алуға үйрету. 1. Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз. Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Амандасады. Өткен «Менің киімдерім» тақырыпты қайталау. Дидактикалық ойын: «Бұл кім?». Аталған киімдері (көйлек, шалбар, жейде) бойынша баланы табады. 2.Негізгі кезең Балаларға сұрақтар қою: Қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс). –Қыс қандай? (Қыс суық). Адамдар қыста жылы киім киеді. Жылы, жы-лы. Жылы киім. Қысқы киім жылы. Қысқы киім ...(жылы). Балалар сөйлемді жеке-жеке, хормен аяқтайды. 3.Ойын: «Қуыршақты киіндіру». –Қуыршақ не киді? Балалар ойын барысында қуыршаққа кигізген таныс киімдерді атайды. Жаңа сөздермен танысады. Балалар жаңа сөздерді жеке, хормен айтып жаттығады. Қуыршақ не киді? Қуыршақ күрте киді Күрте қандай? Күрте жылы. Мынау не? Мынау – тон. Тон қандай? Тон жылы. Қыста не киеді? Құлақшын қандай? Құлақшын жылы. Тон, күрте, қолғап, құлақшын, етік – қысқы киім. 4.Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ғ-ғ-ғ- ғап-қолғап- қолғап, Ұ-ұ-ұ-ұл-құл-лақ-шын. Тақпақ жаттау. Мен естияр баламын, Өзім кие аламын. Көйлегімді, күртемді, Аяқ киім, пәлтемді. (Е.Өтетілеуұлы) 5.Сергіту сәті. Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт-сарт-сарт. Шапалақты соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топ-топ-топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз, Тонды киіп аламыз. Зу-зу-зу етіп, Шанаменен зулаймыз. Шынығамыз жалықпай, Коньки, шаңғы тебеміз.

	6.Қима суреттермен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет». Мақсаты: киімдерді атап үйрену. Суреттегі киімдерді айтқызу. Қыз көйлек киеді. Ұл шалбар киеді. 7.Қорытынды бөлім: . Балаларды бағалап, мадақтау. К/н:Қыстық киімдер туралы біледі.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 17.12-20.12.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Құндылық - Бірлік және ынтымақ	Апта дәйексөзі: Ынтымақ - бұзылмайтын қорған»			
	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Ата – аналарға кеңес:	Отан туралы мақал-мәтел жаттау.			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	М.Әлімбаевтың «Біздің Отанымыз - Қазақстан» әңгімесі Мақсаты: Тәрбиеленушілердің бойына Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет-қасиетін қалыптастыру, туған жерін, елін сүйуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорларын молайту, анық сөйлеуге, әңгімелеуге үйрету.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)		Д/о «Бірге қайталаймыз» К/н: «Қ» дыбысы бар сөздерді айту, қайталату арқылы тілдерін жаттықтырады.	Сөздік ойын «Сөз сандығы» К/н: қыс мезгілі туралы түсініктері кеңейді.	Д/о «Бірге қайталаймыз» К/н: «Қ» дыбысы бар сөздерді айту, қайталату арқылы тілдерін жаттықтырады.	Сөздік ойын «Сөз сандығы» К/н: қыс мезгілі туралы түсініктері кеңейді.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Тәуелсіздік төрінде				

	Балаларға тәуелсіздік туралы түсінік беру, сөздік қорларын байытып, тіл мәдениетін жетілдіру. Түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін қалыптастыру. 1. Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз, Жерді көреміз. Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз. Өткен тақырыпты еске түсіреді, қайталайды. 2.Негізгі кезең Слайд: «Менің Отаным». Балалармен суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрау. Біздің Отанымыз – Қазақстан. Отанымыздың бас қаласы – Астана. Қазақстан – көпұлтты , тәуелсіз мемлекет. 3.Ойын: «Киіз үй». Балалар ойын барысында жаңа сөз тіркестерін айтады. Жаңа сөздермен танысады. Менің елім, туған жерім, көк туым, байтақ далам, тәуелсіз ел. 4.Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Лім – лім – менің елім, рім – рім – туған жерім, өк – өк өк – ту көк, сіз – сіз – сіз – тәуелсіз. Тақпақ жаттау. Отан – сенің ата-анаң, Отан – досың, бауырың, Отан – өлкең, астанаң, Отан – аудан, ауылың. 5.Сергіту сәті. Керегені жазайық, Шаңырақты құрайық. Уық болып, иіліп, Киіз үйдей болайық. 6. Дидактикалық ойын: «Кел, сөйлесейік». К/н: қарайды, тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. 7.Қорытынды бөлім: . Балаларды бағалап, мадақтау. К/н: Өз Отаны, туған жері туралы біледі. Сұрақтарға сөйлем құрап жауап бере алады.
мектепалды топтары	Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан». Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Шаттық шеңбері Қуан шаттан алақай! Қуантатын күн келді! Қайырлы таң, қайырлы таң! Күліп шықты күн бүгін! Балалар Біздің планетамыз неге ұқсайды? (Глобусты балаларға көрсетіп, оның неге ұқсайтынын сұрайды) -Балалар, қалай ойлайсындар, глобустағы көк түс нені білдіреді? -Ал сары түс ше? -Балалар, жер шарымызда қандай елдерді білесіндер?

-Балалар, ал біз тұратын мемлекет қалай аталады?

-Дұрыс айтасындар, біз Қазақстан елінде тұрамыз! Барлығымыз да Қазақстан картасына назар аударайық. Мынау біздің байтақ жеріміз (Қазақстанның жерін картадан көрсетеді) Қазақстанның табиғаты алуан түрлі, жері кең, байтақ. Оны білу немесе түсіну үшін картаны пайдалану қажет. Сонда қай жерде қала, әдемі ормандар, биік таулар, теңіз, көл, қазына байлықтары бар екендігін картадан білеміз. Осы картадан еліміздің басты қалаларын кім көрсетеді?

(Балалар жеке-жеке картадан көрсетіп қысқаша мағұлмат береді)

Біз картаға қарап байтақ жерімізбен таныстық.

Мақал- мәтел жаттау.

« Отан –елдің анасы».

« Отан – оттан да ыстық»

« Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас».

« Отанды сүю отбасынан басталады».

« Жері байдың елі бай». т.б.

«Отансыз адам-ормансыз бұлбұл»

- Жарайсындар, балалар.

Ал біздің Отанымыздың бас қаласы қалай аталады? (Астана жайында қысқаша слайдтан суреттер көрсету.

Астана – арман қала

Астана – сұлу қала

Біз оны анамыздай

Сүйеміз шынында.

-Балалар, әр мемлекеттің өз президенті және мақтан ететін рәміздері бар

Ал, еліміздің мемлекеттік рәміздерін кім айтады?

-Дұрыс, мемлекеттің рәміздері: елтаңба, ту, әнұран жатады.

Осы рәміздер туралы жеке түсінік берейін.

Ал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, әнін жазған Шәмші Қалдаяқов.

-Кім осы рәміздер жайында толықтырып тақпақтар айтып береді? (ортаға рәміздер жайында білетін тақпақтарды айтады)

Таир, Алуа, Анар.

Сергіту сәті:

Көгінде күн нұрын төккен,
Жеріне гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!
Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.

Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!
Біздің Қазақстанда көп ұлттар тұрады. Олар қалай тұрады екен?

Балалар, естеріңде болсын Қазақстан Республикасының рәміздерін, мемлекеттік тілін құрметтеп, өз еліңді, жеріңді қорғап, халқына адал еңбек ету керек.

Ал енді балалар. Қазақстан Күннен күнге өркендеп, гүлденуде. Біз осындай елде тұрғанымызға бақыттымыз, балалар, біз бақыттымыз ба?

Тәуелсіз еркін елде біз

Дүниеге келгенбіз.

Көк ту мен елтаңбамыз,

Бар біздің өз теңгеміз.

Тәуелсіз-еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді.

Теңге-біздің төл ақшамыз.

Рефлексия. (Балалар кішкентай жүрекшелерді жер шарына жапсырады)

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.12-27.12.24ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық (топтық жұмыс)	«Жаңа Жыл» мерекесіне дайындық	«Жаңа Жыл» мерекесіне дайындық	«Жаңа Жыл» мерекесіне дайындық	«Жаңа Жыл» мерекесіне дайындық	«Жаңа Жыл» мерекесіне дайындық
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Құндылық – заң және тәртіп	Апта дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар»			
	Ата – аналарға кеңес:	Сөйлеу мәдениетін жетілдіру мақсатында «Қазақ тілін бірге үйренейік» тақырыбында ата-аналарға жаңа сөздерді үйде қайталауға кеңес беру			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	Тақпақ үйрету: Ғ.Орманов «Сырғанақ» Жасап қардан сырғанақ, Астымда шанам сырғанап, Келіп қалдым зымырап. Ей, бөгеме, жолды аш! Бол, тез, асық, шапшаң бас! Ал басамын, аулақ қаш!		

Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	Жаттығу: «Не артық»	Жаттығу: «Не артық»	Жаңылтпаш жаттау: Қарға, қарға, қарғалар. Қар үстінде жорғалар.	Жаттығу: «Не артық»	Жаңылтпаш жаттау: Қарға, қарға, қарғалар. Қар үстінде жорғалар.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Аңдардың қысқы тіршілігі. Мақсаты: Балаларға жануарлардың қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. Балалар аңдарды сипаттамасын танып біліп, түсіну қабілеттерін арттыру. Сөздік қорларын жетілдіріп, жаттап айта алады. Аңдарға аяушылық сезімін таныта алады. Миға шабуыл. Жыл мезгіліне байланысты сұрақтар қою. Дыбыстық жаттығулар Ән :«Аю тұршы» Мәлімет беру. «Қыстағы аңдардың тіршілігі Сергіту сәті Әне аюдың апаны жатыр онда дәу аю жайлап басып барайық ұйықтап жатқан аюды Біз оятып алмайық «Менің сүйіп жейтін қорегім қайсысы» Суретпен жұмыс: «Мекеніне апар» ойыны Мақсаты: Ұй жануарларын дала жануарларыннан ажырата алады. Ұй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін айта алады. Құрылымдалған ойын: «Ненің баласы?» Рефлексия Қорытынды: аңдар туралы айта алады; ұй жануарлары мен жабайы жануарлары ажырата алады.				
ересек тобы	Тақырыбы: Аңдардың қысқы тіршілігі Мақсаты: Аңдардың қысқы тіршілігімен танысып, олар жәйлі әңгімелей алады. Олардың дене бөліктерін ажыратып және атай алады. Аңдарға аяушылық сезімін таныта алады. Миға шабуыл. Сәлемдесу.				

	«Қайталау» ойыны Суретпен жұмыс.Аңдар Сергіту сәті: «Аңдардың дыбыстары» Сөздік ойыны. Санамақ ойыны Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін Болып шықты он бақай Ойын: “Не қайда тұрады? “ Түлкі інде.Аю апанында қыстайды. Тиін ағаш қуысында. Аңдарды санап шығу. Бірінші қоян,екінші қоян,...,бесінші қоян. Бір қоян,екі қоян,...,бес қоян. Әңгімені тыңдау. Рефлексия: «Мен білетін көп сөз» Қорытынды: балалар жануарлар туралы қазақ тілінде айта алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Аңдардың қысқы тіршілігі Мақсаты:Аңдардың қысқы тіршілігі туралы ақпарат беру.Аңдардың дене бөліктерін ажыратып, дұрыс атай білу.Балаларға табиғатқа қамқорлық және аңдарға аяушылық сезімін тәрбиелеу. Шеңберге тұрғызып, сергіту сәті: «Қыс келді, қыстың қарлы күнін, Қарды біздер күтеміз! Аңдарға қамқор боламыз, Табиғатты сүйеміз!» Әңгімелеу Балаларға аңдардың қысқы тіршілігі туралы қысқаша әңгіме айту: «Қыста кейбір аңдар ұйқыға кетеді, мысалы, аю. Ал кейбіреулері өздеріне азық жинайды, мысалы, тиін. Қасқырлар мен түлкілер қар астынан азық іздейді. Қыста аңдарға қиын, сондықтан біз оларға қамқор болуымыз керек.» Суреттер арқылы аңдарды таныстыру (аю, қоян, түлкі, қасқыр, тиін).Балалардан сұрақ қою: ○ Бұл қандай аң?

	○ Олар қыста не істейді? ○ Дене бөліктерін атап көрейік (құлақ, құйрық, аяқ, дене). Дидактикалық ойын: «Кімнің ізі?» • Суреттен әр аңның іздерін көрсетіп, балалардан қандай аңның ізі екенін табуын сұрау. • Жауап берген балаға мадақтау сөздер айту. Қимылды ойын: «Аңдар сияқты бол» • Балаларға әр аңның қозғалысын көрсету ұсынылады: ○ Қоян – секіру. ○ Түлкі – баяу жүру. ○ Қасқыр – ақырын жүгіру. ○ Аю – ауырлап жүру. Күтілетін нәтиже: Балалар аңдардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелей алады. Аңдардың дене бөліктерін ажыратып, атай алады. Табиғатқа және аңдарға қамқорлық сезімін қалыптастырады.
мектепалды топтары	Миға шабуыл: «Тез ойла Ойын: Жұмбақ шешкізу. - Қорбаң-қорбаң етеді, орман оның мекені -АЮ - Құйрығы ұзын, өзі қу - ТҮЛКІ - Терісі ақ, сұр болады, өзі қорқақ аң -ҚОЯН - Жыртқыш аң, сұр, орманда тұрады -ҚАСҚЫР - Кішкентай, сары, жаңғақ жинайды -ТИІН -Бұлардың барлығын бір сөзбен, қалай айтамыз? -Неге жабайы аңдар деп айтамыз? Видео арқылы аңдарды көрсету. Балалар экранға қарайықшы. Жабайы жануарлар олар орманда өмір сүреді, өз тамақтарын өздері тауып жейді, қыста кейбір аңдар ұйықтайды, ал түлкі, қасқыр, қоян секілді аңдарға қыс өте ауыр тиеді. Сергіту сәті. «Аңдар айтысы» ойыны. Жабайы аңдарды айтқанда секіреміз, үй жануарын айтқанда қол соғамыз. ”Ата және есінде сақта”. Сөйлемді аяқта: Қасқыр(қандай?)-сұр, ашулы, аш, қауіпті, тісі өткір, жабайы, Аю(қандай?)-... . Түлкі(қандай?)-... . Кірпі(қандай?)-... . Қоян(қандай?)-... . Тиін(қандай?)-... . Ойын: “Не? Ненің? Ненікі?” Із(ненікі?)-түлкінікі, қасқырдікі, Құлақ(ненің?)-түлкінің, қасқырдың,

	Бас(ненікі?)-... Мағынсы ұқсас сөздерді атау: Аю-маймақ,(қасқыр,түлкі,...). Ойын: «КУБИК» Әрбір аң түскенде: - Немен қоректенеді? - Қысқы баспанасы не? Аю –апанда, тиін –ағаш қуысындағы індерде, қоян-бұталар арасында, түлкі-інінде, қасқыр-апанда, кірпі інінде. Рефлексия: Мейірім сыйлап жүрейік. Аюдың –батырлығын, Қоянның –жүйріктігін, Түлкінің –әдемілігін, Тиіннің-ақкөңілдігін, Қасқырдың-қайсарлығын тілеймін. Қорытынды: балалар аңдар туралы айта алады.
--	--

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.12.24ж.-03.01.25ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Педагогтарға кеңес:	Тіл дамыту жұмыстары: Біз әдепті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Үлкендерге жол беріп, Біз ақылды боламыз.			
	Құндылық – заң және тәртіп	Апта дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар»			
	Ата – аналарға кеңес:	Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалардың тілін дамыту.			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	«Ә» дыбысы (Әңгімелесу) Мақсаты: Балабақша туралы әңгімелеуге үйрету. «Ә» дыбысын дұрыс айтуға қалыптастыру.Монолог түрінде сөйлеуді дағдыландыру.		
		Ересек	«Туған жерге саяхат» (саяхат) Мақсаты: Амандасу және қоштасу түрлерімен танысып, бекіту. Әңгімелесу арқылы баланың сөздік қорын байыту.Астанаға саяхаттау арқылы Қазақстан туралы білімдерін кеңейту. Байланыстырып сөйлеуге үйрету.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл	«Тыңда, көрсет, қайтала». Мақсаты: жаңа сөздерді бекіту.	Д/о: «Қайтала, көрсет» өтілген тақырыпқа			«Тоңса біздің қолымыз» әнін жаттату

ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)		байланысты сөздерді қайталау. Күтілетін нәтиже: Сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстары бар жаңа сөздерді дұрыс айтады.			
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Алақай, Жаңа жыл! Балаларды жаңа жыл мерекесінің ерекшелігімен таныстыра отырып, ондағы Аяз ата мен Ақша қыздың орын ұғындыру. Ой – қиялдарын дамыту. Мәнерлеп айта білуге жаттықтыру. Ұйымдастыру кезеңі 1.Ғажайып сәт: Аққаланың қонаққа келуі. Балалармен сәлемдесу. Аттарын сұрап, танысу. Жыл мезгілін, айын, апта атауын сұрау. «Шаттық шеңбері» Біз қандаймыз, қандаймыз,Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз!Еш уайымды білмейміз. Негізгі бөлім: Аққала балаларға «Жаңа жыл» мерекесінің слайдын көрсетеді. Жаңа сөздерді бірге қайталайды. Жаңа сөздер: Жаңа жыл, сыйлық, жасыл шырша, ойыншық 2. Дыбыстық жаттығулар: Сөздерді буынға бөлу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды табу. Ыл – ыл – ыл – жаңа жыл, ық – ық – ық – сыйлық, ша – ша – ша – жасыл шырша 3. «Сенде не бар?» д/ойыны. Сөздік жұмысын жүргізу. К/н: балалар өздерінде бар затты атайды. Мысалы: менде жасыл шырша бар, менде ойыншық бар, менде сыйлық бар. 4. Сергіту сәті: «Аппақ қар». Аппақ, аппақ көбелек, Жерге қонар себелеп. Ақ жұлдызша жылтылдап, ұстатпайды. Не керек? Қолың созсаң ақ күміс, Алақанға толады. Жұмып, ашсаң лезде, Зым – зия жоқ болады. 5. Жекелей жұмыс: сұрақ-жауап. 6. Д/о: «Аяз атаға көмек». К/н: түрлі тапсырмаларды орындай отырып, өткен тақырыптарды қайталайды, сөйлем құрап жауап береді. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балаларды бағалап, мадақтайды. Күтілетін нәтиже: Жаңа жыл мерекесі туралы біледі. Әңгімелей алады.				
ересек тобы	Тақырыбы: Алақай, Жаңа жыл!(тақырыпты жалғастыру) Балалармен «Жаңа жыл» мерекесі туралы әңгімелесе отырып, оларды ақылды, әдепті, ұқыпты болуға тәрбиелеу. Сөздік қорларның белсенділігін арттыру, тілдерін ширату. Ұйымдастыру кезеңі				

	1.Ғажайып сәт: Аққаланың қонаққа келуі. Балалармен сәлемдесу. Жыл мезгілін, айын, апта атауын сұрау. Өткен тақырыпты қайталау. «Шаттық шеңбері» Біз қандаймыз, қандаймыз,Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз!Еш уайымды білмейміз. 2.Негізгі бөлім: Аққала балаларға «Аяз ата мен Ақшақардың» суреттерін көрсетеді. Жаңа сөздерді бірге қайталайды. Жаңа сөздер: Аяз Ата, Ақшақар, әдемі, қызық, мереке 2. Дыбыстық жаттығулар: Сөздерді буынға бөлу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды табу. Қар – қар – қар – әдемі Ақшақар, зық – зық – зық – мереке қызық 3. «Суреттер сөйлейді» д/ойыны. Сөздік жұмысын жүргізу. К/н: балалар суреттерге қарап, таныс сөздерін атайды, сөз тіркестерімен сөйлем құрайды. 4. Сергіту сәті: «Аппақ қар». Аппақ, аппақ көбелек, Жерге қонар себелеп. Ақ жұлдызша жылтылдап, ұстатпайды. Не керек? Қолың созсаң ақ күміс, Алақанға толады. Жұмып, ашсаң лезде, Зым – зия жоқ болады. 5. Жекелей жұмыс: сұрақ-жауап. 6. Д/о: «Қызықты асхана». К/н: өткен тақырыптарды қайталайды, сөйлем құрап жауап береді. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балаларды бағалап, мадақтайды. Күтілетін нәтиже: Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелей алады. Сұрақтарға сөйлем құрап жауап бере алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Алақай, жаңа жыл Мақсаты:Жаңа жыл, ертеңгілік сөздерін түсініп айтуға үйрету. сөздердің мағынасын түсініп, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. Жұмбақ жасыру «Ақсақалды шал жылына Бір-ақ рет келіп кетеді Қызы мен ұлына Сыйлық алып келеді. Ол кім балалар?» Біз Аяз атаға тақпақтар оқимыз, ол бізге көп сыйлық әкеледі. Дыбыстық жаттығулар: -ша-ша-ша-шырша -қар-қар-қар –Ақшақар -ді-ді-ді-әкелді Көрнекті суреттерді пайдаланып, сөздік жұмысын жүргізу. Аязата-Дед Мороз

	Ақшақар-Снегурочка Әкелді – принес Өте-очень Қуаныштымын – рада (рад) Педагог шеберлігімен ойын: « Сәйкестендір» қыс жыл мезгілдерінің ішіндегі суық мезгіл, қыста барлық дала құстары жылы жаққа ұшып кетпейді, кейбір суыққа төзімді құстар қыстап қалады.Бұлар сауысқан,қарға, торғай.Қыста құстардысуықтан қорғануға сыртқы жүндері де көмектеседі. -балалар қыс мезгілі сендерге ұнай ма? -қыс туралы қандай тақпақтар білеміз? 1. Жұмбақ жасыру: Енді мен сендерге жұмбақтар жасырайын. 1.Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. 2. Көсеуді бесеуге тықтым. 3.Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы Қыста қардан тұрады, Танып көрші сен оны 4.Қысы- жазы бір түсте Суретті құрастыр балалар қараңдаршы мынау не? шыршаның түбінде (сурет) ақ қоян жатыр, қанекей бәріміз ақ қоянды қолымызға алып жылытайық, өзі тоңып қалғанға ұқсайды, өзі сыбырлап бірдеме дегендей, құлағымызды тосып тыңдайық. Бәріміз қоянды ортаға алып сергіту жаттығуын жасайық. балалар , қоян сендерге рахмет айтып жатыр. «Енді менің үйшігімнің үстінде өсіп тұрған шыршаны әдемі ойыншықтармен безендіріп берсеңдер» - деген ұсыныс айтып тұр. Барлығымыз шыршаны безендірейік. -балалар аққала тұрғызып, аққала әнін орындайды. Рефлексия: «Аққала» әнін орындаймыз Қорытынды: балалар қыс мезгіліне байланысты жаңа сөздерді біледі, айта алады.
ортаңғы тобы	1.Миға шабуыл. Қыс мезгілі туралы тақпақты қайталау. 2. Еркін ойын дыбыстық жаттығулар: -ша-ша-ша-шырша -қар-қар-қар –Ақшақар -ді-ді-ді-әкелді

	Көрнекті суреттерді пайдаланып, сөздік жұмысын жүргізу. Аяз Ата-Дед Мороз Ақшақар-Снегурочка әкелді – принес Өте-очень Қуаныштымын – рада (рад) 4.Еркін ойын: тақпақ айту. Жаңа жыл туралы тақпақ айтқызу. 5.Еркін ойын сергіту сәті. Балалармен бірге Аяз Ата сыйлықтар алып келе жатқанын салу. Аяз Ата ойының ойнау. 6.Педагог шеберлігімен тіл дамыту. Жаңа жыл мерекесі өте тамаша! Аязата, Ақшақар балаларға сыйлықтар әкелді. Жасыл шырша, жарық шамдар, көп жұлдыздар жанып, жарқырады. Өте көңілді, қызықты болды. / сын тұрғысынан ойлау; коммуникативтік; бала үні/ 7.Ән айту. «Жаңа жылда сол рас па?» Рефлексия: жұлдызшалар Қорытынды: балалар қыс мезгілі, жаңа жыл туралы біледі, айта алады.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.01-10.01.25ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Құндылық – заң және тәртіп	Апта дәйексөзі: «Тәртіп - тәрбие бастауы»			
	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Ата – аналарға кеңес:	Сөйлеу мәдениетін жетілдіру мақсатында «Қазақ тілін бірге үйренейік» тақырыбында ата-аналарға жаңа сөздерді үйде қайталауға кеңес беру			
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	Д/о «Қай мезгіл?»	«Сиқырлы қалпақ» ойыны.	Д/о «Қай мезгіл?»	«Сиқырлы қалпақ» ойыны.	Д/о «Қай мезгіл?»
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
ересек тобы	Тақырыбы: Көңілді санамақтар. Балаларға санамақтар айтқыза отырып, тіл мәдениетін жетілдіру, сөздік қорларын белсендіру, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұйымдастыру кезеңі 1.Ғажайып сәт: Ақылбектің қонаққа келуі. Балалармен сәлемдесу, танысу. Жыл мезгілін, айын, апта атауын сұрау. Өткен тақырыпты қайталау. «Шаттық шеңбері» Біз қандаймыз, қандаймыз,Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз!Еш уайымды білмейміз. Негізгі бөлім: Ақылбек балаларға «Отбасы» суреттерін көрсетеді. Отбасы мүшелерін бірге қайталайды.				

	2. Дыбыстық жаттығулар: Сөздерді буынға бөлу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды табу. Мақ – мақ – мақ – бас бармақ, мек – мек – мек – шылдыр шүмек 3.«Кел, санайық санамақ» д/ойыны. Сөздік жұмысын жүргізу. К/н: балалар бірге қайталайды, жаттап алады. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз! Бас бармағым – әкем, балабы үйрек – анам. Ортан терек – ағам, шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен! Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз! 4. Сергіту сәті: «Аппақ қар». Аппақ, аппақ көбелек, Жерге қонар себелеп. Ақ жұлдызша жылтылдап, ұстатпайды. Не керек? Қолың созсаң ақ күміс, Алақанға толады. Жұмып, ашсаң лезде, Зым – зия жоқ болады. 5. Жекелей жұмыс: сұрақ-жауап. 6. Д/о: «Орындарына қой». К/н: балалар санмаққа байланысты отбасы мүшелерін орналастырады. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балаларды бағалап, мадақтайды. Күтілетін нәтиже: Санамақтар айта алады, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Санамақтар Мақсаты:Балаларды санамақтар арқылы қазақ тіліндегі сандарды үйренуге үйрету.Тілдік дағдыларын (тыңдау, айту, түсіну) дамыту.Балаларды ұлттық мұраға қызықтыру және сабаққа белсенді қатысуға ынталандыру. Балалармен қазақша амандасу: «Сәлеметсіздер ме, балалар! Қалыңыз қалай?»Олардың көңіл-күйін сұрау: «Бүгінгі күніміз жақсы өтсін!»Шеңберге тұрғызып, сергіту сәтін өткізу: «Қолыңды көтер, бір деймін, Қолыңды түсір, екі деймін. Үш деп тұрып, алақан соқ, Төрт деп күліп, отыра қал!» Балаларға санамақ дегеніміз не екенін түсіндіру: «Санамақ – санамақ арқылы санауды, ойды дамытуға көмектесетін қызықты өлеңдер. Санамақта сандарды қазақша үйренеміз.» Санамақ таныстыру: Балаларға қарапайым санамақ айту: Бір дегенім – білім, Екі дегенім – ерлік, Үш дегенім – үміт, Төрт дегенім – тыныштық, Бес дегенім – бақыт.

	Ойын: «Саны бар затты тап» Кимылды ойын: «Кім жылдам?» Мұғалім сан айтады, ал балалар сол санға байланысты қозғалыс жасайды: ○ 1 – бір рет секіру; ○ 2 – екі рет алақан соғу; ○ 3 – үш рет шапалақ ұру; ○ 4 – төрт қадам жасау. Дидактикалық ойын: «Санды ата» Балаларға қолдағы саусақтармен сандарды көрсету, балалар оны қазақша атап айту керек. Сабақты санамақпен аяқтау: «Алты деген – ақыл, Жеті деген – жетістік. Сегіз деген – сыйластық, Тоғыз деген – тұрақтылық, Он дегенім – он саулық!»
ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Сандар әлеміне саяхат» Мақсаты: Балаларды 1-ден 5-ке дейінгі сандарды дұрыс атауға үйрету. Санамақтар арқылы сандарды есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, ұйымшылдыққа баулу. Шеңберге тұрып, сергіту сәті: «Бір-бірімізге қол берейік, Достық әнін шырқайық. Сандар әлеміне аттанып, Бәрін бірге санайық!» Әңгімелеу: «Сандар патшалығы» Мұғалім балаларды қиял әлеміне жетелеп әңгімелейді: «Ертеде сандар патшалығы болыпты. Онда сандар бірге тату өмір сүріпті. Бірақ сандардың есімдерін адамдар ұмытып кетпес үшін, олар бізден көмек сұрапты. Сол сандардың атауын қайталаймыз.» Санамақ айту Балаларға санамақ таныстыру: Бір дегенім – білім, Екі дегенім – еңбек. Үш дегенім – үміт, Төрт дегенім – тірек. Бес дегенім – береке. Балаларға санамақты қайталау ұсынылады. Ойын: «Сандарды тап!» Суреттердегі сандарды тауып, оларды атау. ○ Суретте 1 алма, 2 гүл, 3 қоян т.б. бейнеленеді.

	○ Мұғалім санды атайды, балалар сәйкес заттарды көрсетеді. Қимылды ойын: «Сандар биі» Балалар музыкаға билейді. Музыка тоқтағанда мұғалім сан атайды, балалар сол санды дене мүшелері арқылы көрсетеді: ○ 1 – бір аяқпен секіру. ○ 2 – екі қолды көтеру. ○ 3 – үш рет алақан соғу. ○ 4 – төрт қадам жасау. ○ 5 – бес саусақты көрсету. Дидактикалық ойын: «Сандарды орналастыр» Балаларға магнитті тақтаға сандарды ретімен орналастыру ұсынылады. Күтілетін нәтиже: Балалар сандарды дұрыс атап, оларды санамақ арқылы қолдана біледі. Сандарды ретімен ажыратуды үйренеді. Ұйымшылдық және достық сезімдері қалыптасады.
мектепалды топтары	Тақырыбы: Ертегілер елінде Қазақ тілінде ертегіні тыңдай алу, естерінде сақтау дағдыларын, зейіндерін бекіту. Артикуляциялық аппаратты, сөздік қорларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұйымдастыру кезеңі 1.Ғажайып сәт: Қуыршақ Сәуле сиқырлы сандықшамен кіреді. – Сәлеметсіңдер ме! Қайырлы күн, балалар! <i>Дидактикалық ойыны:</i> «Дұрысын ата?». Өткен тақырыпты қима суреттер арқылы қайталау. Қуыршақ Сәуле сиқырлы сандықшасынан қима суреттерді көрсетеді. – Мынау не? – Мынау – шырша – Бұл қай кезде болады? – Жаңа жыл мейрамында 2.Негізгі бөлім: Қуыршақ Сәуле «Бауырсақ» ертегісін естеріне түсірулерін сұрайды. Сандықтан қуыршақ театрының ойыншықтарын шығарады. Педагог «Бауырсақ» ертегісін қуыршақ театры арқылы көрсетеді. Жаңа сөзбен танысу: бауырсақ – колобок. – Ертегі кейіпкерлерін ата. Мынау кім? – Ата, әже. – Мынау не? – Қоян, (түлкі, аю). – Мынау – бауырсақ, қ-қ-қ ба-уыр-сақ (қайталау). 3.Балалар жеке-жеке және хормен қайталайды. «Сұрақ-жауап» дидактикалық ойыны. <i>Ертегіге қатысты сұрақтар қойып, шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді құрайды.</i> – Бауырсақ кімнен қашты? – Бауырсаққа нелер жолықты? (Қоян қалай секіреді? Аю қалай жүреді? Түлкі қалай жүреді?)

	Қима материалдармен жұмыс. «Дұрыс ата» ойыны. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды: Мынау – қоян, мынау – түлкі, мынау – аю, мынау – қасқыр. 1. Сергіту сәті: Оңға қарай бір адым, Солға қарай бір адым. Бір орнында жүгіріп, Айналамыз бұрылып. Жоғары, төмен қараймыз, Орнымызда тоқтаймыз. 5. Үлестірмелі материалдармен жұмыс: «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін сызықпен қос. Ата. Педагог тапсырманы түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді. 6. Д/о: «Кейіпкерлерін тап». К/н: балалар түрлі суреттер арасынан «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін табады, атайды. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балаларды бағалап, мадақтайды. Күтілетін нәтиже: Ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды және есте сақтайды..
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.01-17.01.25ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық (топтық жұмыс)	Д/о «Қандай? Қанша?» Сұрақ қою арқылы көрсетіген заттың санын, түсін ажырату. Күтілетін нәтиже: қойылған сұрақтарды түсінеді, толық жауап береді.	Д/о «Не жоқ?» Өтілген сөздерді қайталату, сұраққа жауап беруге үйрету. Күтілетін нәтиже: сұрақты түсінеді, жауап береді.	Д/о «Кел, сөйлесейік!» «Қыс» тақырыбында сөйлесу, табиғи құбылыстарын ажырату. Күтілетін нәтиже: Қайталау арқылы тілдерін жаттықтырады.	Д/о «Кел, сөйлесейік!» «Қыс» тақырыбында сөйлесу, табиғи құбылыстарын ажырату. Күтілетін нәтиже: Қайталау арқылы тілдерін жаттықтырады.	«Не жоқ?» Өтілген сөздерді қайталату, сұраққа жауап беруге үйрету. Күтілетін нәтиже: сұрақты түсінеді, жауап береді.
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Педагогтарға кеңес:	Тіл ұстарту. Қы-қы-қы, Кісінейді жылқы. Шақ-шақ-шақ, Құлдырайды құлыншақ. Ық-ық-ық, Тышқан жейді мысық. Қыр-қыр-қыр Бұл көкжал қасқыр.			
	Құндылық – заң және тәртіп	Апта дәйексөзі: «Әділ заң - аспан тірегі»			

	Ата – аналарға кеңес:	Жаңылтпаш жаттау. Қараңдаршы қанағатты! Қара лақты қамамапты. Қамқорлықпен қарамапты, Қаңғыртыпты қара лақты.			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	«Қ» дыбысына қатысты сөздерді буындарға бөлу. Қу-ат,Қа-нат,кұ-лып, қа-сық,қар-быз,қа-ра-қат,кұ-лын,қа-лам.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	Д/о «Қысқы табиғат»	Д/о «Аю, аю аю»	Д/о «Қай мезгіл?»	Д/о «Аю, аю аю»	Д/о «Қай мезгіл?»
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Сандар әлемі. «І» дыбысы. Бірден онға дейін қазақ тілінде санай білуге үйрету. Тілді түсіну, есте сақтау қабілеттерін дамыту. «І», «ы» дыбыстарын дұрыс айта білуге жаттықтыру. 1. Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері Қуан шаттан, Қуан шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң, Қайырлы күн. Күліп шықты, күн бүгін 2. Өткен тақырыпты қайталату. Д/ ойын: «Сипатынан таны» сұрақ - жауап арқылы сөйлем құрату. 3. Дыбыстық жаттығулар. Ір – ір – ір – мына сан бір, кі – кі – кі – мына сан екі, өрт – өрт – өрт – мына сан төрт, Ес – ес – ес – мына сан бес, ты – ты – ты – мына сан алты, ті – ті – ті – мына сан жеті, Гіз – гіз – гіз – мына сан сегіз, ғыз – ғыз – ғыз – мына сан тоғыз. 4. Д/ойын «Қанша, неше?» Мақсаты: сұрақтарды түсініп, толық жауап бере білуге үйрету. 5. Сергіту сәті. «Бұйрығымды орында» Екі рет алақан соқ, үш рет ... 6. Тіл дамыту. «Саусақтармен ойнайық». (санамақтар айту) Бір, екі, үш, бір, екі, үш, Ал, қанекей, үш. Төрт, бес, алты, жеті, төрт, бес, алты, жеті, Мынау, ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, сегіз, тоғыз, он.				

	Ал, қанекей қон! Асықпа да, саспа, Бірден қайта баста! 7. Д/ойын: «Сөз сандығы». Мақсаты: өтілген тақырыптарды естеріне түсіру. Әр дұрыс жауап арқылы сандыққа әшекейлер жинау. 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: бірден онға дейін санайды, заттардың санын біледі, айта алады.
ересек тобы	Тақырыбы: Сандар әлемі. Бірден 5ке дейінгі сандарды ретімен айта білуге үйрету. Тілді түсіну, есте сақтау қабілеттерін дамыту. 1. Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері Қуан шаттан, Қуан шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң, Қайырлы күн. Күліп шықты, күн бүгін 2. Өткен тақырыпты қайталату. Д/ ойын: «Қанша, неше?» сұрақ - жауап арқылы санау, сөйлем құрату. 3. Дыбыстық жаттығулар. Ші – ші – ші – бірінші, шы – шы – шы –алтыншы, өп – өп – өп – мынау көп, мынау аз. 4. Д/ойын «Нешінші тұр?» Мақсаты: сұрақтарды түсініп, толық жауап бере білуге үйрету. (аю үшінші тұр) 5. Сергіту сәті. «Бұйрығымды орында» Екі рет алақан соқ, үш рет ... 6. Тіл дамыту. «Саусақтармен ойнайық». (санамақтар айту) Бір, екі, үш, бір, екі, үш, Ал, қанекей, үш. Төрт, бес, алты, жеті, төрт, бес, алты, жеті, Мынау, ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, сегіз, тоғыз, он. Ал, қанекей қон! Асықпа да, саспа, Бірден қайта баста! 7. Д/ойын: «Сиқырлы асхана». Мақсаты: өтілген тақырыптарды естеріне түсіру. Әр дұрыс жауапқа тағам беріледі. 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: сандарды ретімен атайды, ерекше дыбыстарды дұрыс айта алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Ойын (іс – нұсқауларды үйрету) Балаларды күнделікті ойнап жүрген ойындарында етістікті «секір, жүгір, қуып жет, қуып жет те ұста» деген сөздерді түсініп, орындай білуге дағдыландыру. 1. Ұйымдастыру кезеңі. Ғажайып сәт: үстіне спорт киім киген Ақылбектің келуі. Балалармен сәлемдесу. Танысу. сұрау. Балалармен таңғы шеңбер жүргізеді. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, балалар!

	Жыл мезгілін, айын, апта атауын . Бүгін аптаның қай күні? Өткен тақырыпты қайталау. Дидактикалық ойын: «Ғажайып асхан» сөздік жұмысы. 2. Негізгі бөлім: - мен сендерді батыл, қайратты болып өсу үшін орындалатын іс – нұсқаулықтармен таныстырамын. Мені мұқият тыңдаңыздар. Жаңа сөздермен танысады. Жаңа сөздер: Екі топқа бөлініңдер, секір, жүгір, қуып жет, қуып жет те ұста 3.Дыбыстық жаттығулар. Ін – ін – ін – екі топқа бөлін, кір – кір – кір – қояндай болып секір, гір – гір – гір – алға қарай жүгір, ет – ет – ет – досыңды қуып жет. 4. Дидактикалық ойын: «Тыңда. Көрсет. Қайтала» қимылдық. К/н: тыңдайды, түсінеді, қимылмен қайталайды. 5. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Қолымызды созайық. Бойымызды жазайық Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. 6. Тіл дамыту. «Балалар не істеп жатыр?». Мақсаты: суреттегі балалардың іс – әрекеттерін таныс сөздермен әңгімелей білуге баулу. 7. Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?». Мақсаты: өтілген тақырыптарды естеріне түсіру, қайталану. Сөз арасында кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта білуге баулу. 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: етістікті сөздерді түсінеді, айтады, нұсқауларды орындайды.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Қызықты сандар. 1.Сәлемдесу. Бала, бала, баламыз, бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, батамыз да қаламыз. 2. «Дене мүшелері» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты еске түсіру. «Мынау не?» 3.Дыбыстық жаттығулар. Ір – ір – ір – мынау бір, кі – кі – кі – мынау екі, өрт – өрт – өрт – мынау төрт, Ес – ес – ес – мынау бес 4. Дойын «Неше аң бар?» (өздік жұмыс). Мақсаты: жабайы аңдарды қазақ тілінде санай білуге үйрету. 5. Сергіту сәті: Бір – орныңнан тұр, екі – орныңда секір. Үш – құстай ұш. 6. «Жұлдыз жина» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балардың тілдерін дамыту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Шарты: Слайдтағы айдың суретінің қасына жасырылған сөздерді табу арқылы жұлдыздарды жинау. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: Қазақ тілінде санай алады.
мектепалды топтары	Тақырыбы: Сандар әлеміне саяхат

Мақсаты: 1-ден 10-ға дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. Сандарды басқа сөздермен байланыстыра қолданып айта алу дағдыларын қалыптастыру. Шапшаңдыққа, тез ойлап, қазақ тілінде дұрыс жауап бере алуға үйрету. Балалардың танымдық және логикалық білімдерін арттыру.

Шаттық шеңбері»

Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де,
Қуанайық, достарым,
Жарқыраған күнге!

«Санап көр!» флипчарт-ойыны. Экранға суреттер мен сандар шығады. Балалар суреттер санына сәйкес санды қаламмен басады. Дұрыс жауапты басса, көңілді смайлик шығады, қате басса, көңілсіз смайлик шығады.

«Алма бағында» флипчарт-ойыны.

«Қанша көбелек?» флипчарт- ойыны.

«Неше жаста?» флипчарт-ойыны. Жолда Машаға туған күндерін тойлап жатқан жануарлар кездеседі (қоян, тиін, қасқыр). Олардың нешеге толып жатқандығын торттың үстіндегі майшамдар саны арқылы білеміз.

Мысалы: «Қоян неше жаста?» деген сұраққа «Қоян үш жаста» деген жауап болуы керек. Дұрыс жауапты білу үшін үш шардың үстіндегі үш цифрдың біреуін басады.

«Аудармашы» дидактикалық-қимылдық ойыны. Мұғалім балаларға допты лақтырады да, сандарды орыс тілінде айтады. Балалар қазақ тіліне аударып айтады да, допты кері лақтырады.

«Қызықты пиктограмма». Машаға тағы бір тапсырманы шешу оңайға соқпай тұр. Бұл – белгісіз таңбалар мен сандар. Бұларды тиісті орнына қойып оқығанда сөйлем шығады. Мысалы: Менде бір алма бар.

«Қай сан жоқ?» флипчарт-ойыны. Келесі жолдағы кедергі - жоғалған сандар қатары. Флипчартта белгілі бір саны жоғалған қатар беріледі.

«Мақал-мәтелдер».

- Балалар, сендер құрамында сан атаулары бар мақал-мәтелдер білесіңдер ме? Білсеңдер, айта қойыңдар.

1. Дос сегіз болса, дұшпан сегіз.
2. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл.
3. Бірінші байлық – денсаулық,

Екінші байлық - ақ жаулық,
Үшінші байлық – он саулық.

Қорытынды: Рефлексия

Күтілетін нәтиже:сандар мен зат атауларын қазақ тілінде атай біледі.қазақ тілінде 1-ден 10-ға дейін санауды үйренді.балалар сандар мен зат атауларын байланыстырып сөз тіркесі мен сөйлем құрай алуы менгерді.

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.01-24.01.25ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Құндылық – заң және тәртіп	Апта дәйексөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды»			
	Ата – аналарға кеңес:	«Екі дос» әңгімесін оқуға кеңес беру.			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	БӨШҚД-ТРИЗ өрнегі. Қызыл-алма, қызанақ, гүл, т.б Жасыл-жапырақ, шөп, қияр, т.б – Көк түсті қандай заттарды білесіңдер? -Сары түсті не көріп тұрсыңдар?		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	Д/о: «Кім не істейді?»	Д/о: «Мұрын, мұрын, мұрын» Мақсаты: балаларды дене мүшелерін дұрыс көрсете білуге жаттықтыру.	Д/о: «Сөзге сөз қос	Д/о: «Сөзге сөз қос».	Д/о: «Сөзге сөз қос»

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	
мектепалды топтары	Тақырыбы: Дене мүшелері. Дене мүшелерінің қазақ тіліндегі атауларымен таныстырып, оларды дұрыс атай білуге үйрету. 1. Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері Қуан шаттан, Қуан шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң, Қайырлы күн. Күліп шықты, күн бүгін 2. Өткен тақырыпты қайталату. Д/ ойын: «Мен бастаймын, сен кошта» сұрақ - жауап арқылы сөйлем құрату. 3. Дыбыстық жаттығулар. -не – не – не – бұл дене -өз – өз – өз – мынау көз Дай – дай – дай – кең маңдай Рын – рын – рын - мынау мұрын Лақ – лақ – лақ – естиді құлақ Уыз – уыз – уыз – бұл ауыз 4. Д/ойын «Тыңда, қайтала, көрсет» Мақсаты: қазақ тілінде айтылған дене мүшені қайталап, көрсету. 5. Сергіту сәті. Орныңнан тұршы, қолыңды жушы. Айнаға қарашы, шашыңды тарашы. Аяғыңды басшы, бойыңды жазшы. 6. Тіл дамыту. «Жұлдыз жина» ойыны. Дене мүшелерін атау, олардың атқаратын қызметтерін айту. 7. Қимылдық ойын: «Дене мүшелері» Мақсаты: мұғалім атаған дене мүшесін қозғалту, атау. 8. «Жұлдыз жина» ойыны. Мақсаты: өтілген тақырыптарды естеріне түсіру. Слайдтағы айдың суретінің қасына жасырылған сөздерді табу арқылы жұлдыздарды жинау. 9. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: дене мүшелерін қазақ тілінде атап, сипаттай біледі.
ересек тобы	Тақырыбы: Дене мүшелерінің қызметі Адамның дене мүшелерін атай білу, сөздік қорларын молайту, қазақ тіліне тән «қ», «і» дыбыстарын дұрыс айта білуге жаттықтыру. 1. Ұйымдастыру кезеңі. Үйренген өлеңдерін топ болып қайталату. Қуан шаттан, Қуан шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң, Қайырлы күн. Күліп шықты, күн бүгін 2. Өткен тақырыпты қайталату. Мынау- дене. Екі құлақ, екі көз, мынау мұрын. Менің маңдайым кең.. 3. Дыбыстық жаттығулар. Іс – іс – іс – ақ тіс Іл – іл – іл – сөйлейді тіл Ін – ін – ін –мынау ерін Сақ – сақ – сақ – бес саусақ Қан – қан – қан – алақан

	Ше – ше – ше – мынау өкше 4. Д/о: «Суретші нені ұмытты» (Суретте адамның бет жүзі жоқ, саусақтары жоқ. Толықтыру). Мақсаты: балалар адам бейнесі бар суретті қарап, онда қай мүшенің жетіспейтінін қазақ тілінде айту. 5.Сергіту сәті: Орныңнан тұршы, қолыңды жушы. Айнаға қарашы, шашыңды тарашы. Аяғыңды басшы, бойыңды жазшы. 6. «Аудармашылар» ойыны. Мақсаты: мұқият тыңдауға үйрету, сөздерді біріктіріп, сөйлем құрай білуге баулу. Шарты: тақырыпқа сай орыс тілінде айтылған қысқа әңгімелерді қазақ тіліне аударарды. 7. Сөздік ойын «Не істейді?» Мақсаты: аталған дене мүшелердің қызметін етістікті сөздермен жауап беруге үйрету. - көз не істейді? (көз көреді) - құлақ не істейді? (құлақ естиді) - тіл не істейді? (тіл сөйлейді) 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: дене мүшелерінің атқаратын қызметі туралы біледі, әңгімелей алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Менің дене мүшелерім Мақсаты: Адамның дене мүшелері туралы айту, атауын білу. Тіл байлықтарын дамыту, өз ойларын білдіруге баулу;Балаларды жастайынан өз денсаулықтарын күтуге, салауатты өмір сүруге баулу. Шаттық шеңберге тұрғызып тақпақты айтады, амандасады. Ғажайып сәт: - Балалар, біз бүгін «Өзіңді танып біл» еліне саяхат жасаймыз. Есік ашылады. Ішке дәрігер мен Дымбілмес кіреді. Балалармен амандасады. Д: Балалар сіздер саяхатқа барады дегенді естіп, мен мына Дымбілместі ертіп келдім, өткені ол серуен кезінде ойнап жүріп, денесінің бір жерін ауыртып алған сияқты, денесінің қай жері екенін білмейді. Сіздермен бірге «Өзіңді танып біл» елінің бөліміне барса, ол денесі туралы көп білереді. -Онда жоғары шығып төрлетіндер! Балалар, қалай ойлайсыңдар біз ауырып жүрсек, біздің көңіл – күйіміз жақсы бола ма? Сонда, біз қандай болу керекпіз? -Дұрыс, балалар! Ендеше сендерге бір ертегі оқып берейін. Ертегіні оқиды. -Ал, балалар сендер қалай ойлайсыңдар адамға ең керекті басы, мойыны, қолдары, денесі немесе аяқтары ма? Сөздік жұмыс: -Ендеше тақтадағы суретке қарап, адам дене мүшелерін атап көрсетейік. Ал, өз денемізді сақтау керек пе? Біздің денеміз әдемі, сау болып өсу үшін не қажет? -Дымбілмес не ауырғаның түсіндің бе? Д-с: Иә, рахмет! Дәрінер менің қолым ауырып тұр екен. Д: Рахмет, балалар! Енді біз емделуге барайық. Қоштасады. -Дұрыс балалар, ал қазір барлығымыз орнымыздан тұрып, «Күн шуағы» деген ойын ойнайық. Күн шуағы сіздердің көздеріңе қарайды, көздеріңнен беттеріңе қарай жылжиды, алақандарыңмен сипандаршы, ол әрі қарай

	мұрынына, аузына, бетіннің ұшына түсті. Алақандарыңмен күн шуағының жолдарын сипаңдар, мойынына, кеудеге, қолына, аяғына дейін барды. Күн шуағы бізді жылытады, сен оған күліп қарап, мейірімінді шуақты жүрегіңе түй. -Ойын «Өз досыңды таны» М: Балалардың есте сақтау және салыстырып ойлауын дамыту. Ш: Мұғалім балаларға бір – біріне қарап қандай айырмашылықтарын және ұқсастықтарын бар екенін айтуды ұсынады. Балалар шашыңның түсі, көзі, мұрын пішіні, бойы, түсі жағынынан айырмашылықтарын бар екенін айтады. -Отыра қойыңдар балалар, өте дұрыс. Енді, біздің балалар қандай денсаулық жайлы мақал – мәтел біледі екен. Қорытынды. Мадақтау. Күтілетін нәтиже: Балалар адамның дене мүшелерінің аттарын, атқаратын қызметтерін біледі. Өз ойларын жеткізіп айта алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Дене мүшелері 1.Сәлемдесу. Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. 2. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты еске түсіру. «Мынау не?» 3.Дыбыстық жаттығулар. Ас – ас – ас – бір бас, не – не – не – бір дене Ыз – ыз – ыз – бір ауыз, ын – ын – ын – бір мұрын Ол – ол – ол – екі қол, яқ – яқ – яқ – екі аяқ Лақ – лақ – лақ – екі құлақ 4. Д\ойын «Тыңда, қайтала, көрсет» Мақсаты: қазақ тілінде айтылған дене мүшені қайталап, көрсету. 5. Сергіту сәті: «Тоңса біздің қолымыз» (музыкамен) 6. «Қоян себетін толтыр» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балардың тілдерін дамыту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Шарты: Әр жасырылған сөз табылған сайын қоян себетін сәбізбен тола бастайды. 7. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: Дене мүшелерінің қазақша атауларын біледі.
мектепалды топтары	Тақырыбы: «Дене мүшелері» (жалғастыру) Мақсаты: өз денсаулығын сақтауға деген қызығушылығы мен ынтасын қалыптастыру және тәрбиелеу. Ұйымдастыру кезеңі. Жылулық шеңбер: «Біздің көмекшілеріміз» - Балалар, адамдар ұйықтағанда олардың барлық дене мүшелері демалады, ояңғанда оларға, «Қайырлы таң!» деп тілек білдіру керек.

Қайырлы таң, көздерім, сендер ояндындар! (Көздерін қолдарымен басу)
Қайырлы таң, құлақтарым, сендер ояндындар!(Құлақтарын ұстау)
Қайырлы таң, қолдарым, сендер ояндындар! (Шапалақтау)
Қайырлы таң, аяқтарым, сендер ояндындар!(Топырлату)
-Адамдардың бәрінде бас, дене, қол, аяқ бар. Қане, айнаға қарайықшы!
Біз нені көріп тұрмыз?
-Басымызды сипап, қол-аяғымызды көрсетейікші. (балалар өздерінің дене мүшелерін көрсетеді).
-Біздің шашымыз, көзіміз бірдей ме?
-Адамның дене мүшелерінің қайсысы көп, қайсысы біреу?
-Саусақ, шаш, кірпік-көп, ал мұрын, ауыз, тіл – біреу.
Бет- әлпет
Әрбір адамның бет-әлпеті бар. Бетті бірнеше бөліктерге бөлуге болады. Бет бөліктері: шеке, көз, мұрын, жақ, ауыз, иек. Беттің әр бөлігінің өзінің қызметі бар. Көз, құлақ, мұрын – бұлар сезім мүшелері.
Көз
Көз- көру мүшесі. Біз әр түрлі заттарды көреміз. Көздің көмегімен біз кітап оқимыз, теледидар көреміз, табиғатты тамашалаймыз. Көзді сақтауымыз керек.
Құлақ
Біз құлақпен әр түрлі дыбыстарды естиміз. Желді, құстар әнін, музыканы, адамдардың сөзін, бәрін біз құлақпен естиміз.құлағың ауырса нашар естуі де мүмкін. Сондықтан құлақты сақтау керек!
Мұрын
Біз мұрынмен тыныс аламыз және иістерді айырамыз. Мұрын –иіс сезу мүшесі. Иіс сезу дегеніміз – бұл әр түрлі иістерді айыру.
Ауыз
Ауыз – бұл ерін, тіс, тіл.
Тіл- дәм сезу мүшесі. Тағамның тұздылығын, қышқылын, тәттілігін, ащысын тіл арқылы сезінеміз. Тіл-сөйлеу мүшесі. Біз тіспен тамақты шайнаймыз. Тісті таңертең және кешке тіс щеткасымен, тіс пастасымен тазартып жүруіміз керек.Тісті сақтау керек.
А. Мыңжасарованың «Қайда екен» өлеңі
Қайда екен қолымыз,
Оңымыз бен солымыз.
Білеміз бе оны біз?
Міне, оң мен солымыз,
Міне, алақай қолымыз.
Қол соғайық, бір, екі!
Ал санайық, бір, екі!
Топылдатып билейтін
Аяғымыз қайда екен?
Міне, аяқ, алақай! Міне, аяқ, алақай!

	Бір, екі деп басайық, Тез, тез адым жасайық. Ойын: «Былай істе» Мақсаты: дене мүшелерін көрсетге және қимылын жасауға үйрету. - Немен иіскеуге болатынын көрсет. Гүлді(иіссуды...) иіске. - Немен тыңдауға болатынын көрсет. Сағаттың тықылын (судың сылдырын, қағаздың сыбдырын...) тыңда. - Немен алуға болатынын көрсет. Гүлді (орамалды, кітапты...) ал. - Допты немен ұруға болатынын көрсет. Допты қолмен ұр. Допты аяқпен теп. - Немен тістеуге болатынын көрсет. Кәмпиттен (тоқаштан, алмадан...) бір тісте. - Немен көруге болатынын көрсет. Үстелге (терезеге, қуыршаққа...) қара. Адамда дене, бас, құлақ, қол, аяқ бар. Баста көз, мұрын, ауыз, құлақ, шаш бар. Күтілетін нәтиже: дене мүшелерін біледі, қазақ тілінде атай алады.
--	---

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

Келісемін  әдіскер Волкова Н.В.

Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ИП «МиД Продакшн» «Вундеркинд» бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.01-31.01.25ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А.Мусағалиева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық (топтық жұмыс)	Дид/ойын «Сөйлеп тұрған кім?»	апта күндерін «Сиқырлы қалам» арқылы қайталатып жаттату.	ұлттық ойын: «Сақина».	апта күндерін «Сиқырлы қалам» арқылы қайталатып жаттату.	ұлттық ойын: «Сақина».
Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Педагогтарға кеңес:	Балалардың күнделікті үйренген қазақша сөздерін ата-аналардың және тәрбиешілердің қадағалауын тапсыру.			
	Ата – аналарға кеңес:	Ата-ана бұрышына: Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. (Е.Өтетілеуов)			
	«Тілашар!» үйірме жұмысы	Мектепалды топ	«Дұрыс-бұрыс». Ойынның шарты: қазақ тілінде бір сөз тіркесін атап, балаларға доп лақтырады. Егер мұғалімнің атағаны дұрыс болса, балалар «дұрыс» деп мұғалімнің айтқанын қайталайды, ал дұрыс болмаса		

			«дұрыс емес» деп айтып, өзі дұрысын атап, допты қайта мұғалімге лақтырады.		
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тіл ұстарту жаттығулары, өткен тақырыптарды қайталау)	<i>Сама, Алексей</i> Д/о:«Сөйлемді аяқта»	мектепалды тобы: <i>Владислав, Теона</i> Д/о:«Тыңда, көрсет, қайтала»	<i>Султан, Максим</i> Д/қ ойын: «Кім жылдам?»	мектепалды тобы: <i>Настя, Эмилия</i> Д/о:«Тыңда, көрсет, қайтала».	ересек тобы: <i>Мадияр, Амирхан</i> Д/қ ойын: «Кім жылдам?»
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет					
мектепалды топтары	Тақырыбы: Салауатты өмір салты Балаларға салауатты өмір салтының қажеттілігі жөнінде түсінік беру, сөздік қорларын молайту. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Ой – қиялдарын дамыту, тілдерін ширату. 1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлем деймін мен күнге, Сәлем деймін мен саған. Сәлем деймін досыма, Сәлеметсізбе, деймін үлкенге! Тілеймін саулық баршаға. 2. Өткен тақырыпты қайталату. Дидактикалық ойын «Кім тапқыр» Суретті сөздік арқылы сөйлем құрату. 3. Дыбыстық ойын «Ерекше дыбысты тап». Мақсаты: төл дыбыстарды ажырата білуге үйрету. 4. Ғажайып сәт. Ақ қоянның жылап келуі. «Менің ішім ауырып тұр, басым ауырып тұр, ештеңе де жасағымкелмейді. Сендер қалай үнемі көңілді жүресіңдер? Маған осының сырын айтасыңдар ма? Мұғалім: - Әрине айтамыз, балалар, ақ қоянға көмектесеміз бе? Д/ ойын «Не істеу керек?» мақсаты: ойлау, Жаңа сөздер: шынығу, таза ауада, тік ұста бойыңды, жаттықтыр. 5. Сергіту сәті. Иілеміз оңға бір, иілеміз солға бір, Жаттығу жасаймыз. Оң аяқ, сол аяқ. Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. 6. Сөздік ойын «Балалар не істеп жатыр?». Мақсаты: балалармен бірге слайдта көрсетілген балалардың іс – әрекеттерін әңгімелей отырып, денсаулық туралы түсініктерін кеңейту. 7. Шығармашылық ойын «Денсаулық гүлі». Мақсаты: Сұрақ-жауап арқылы еске сақтау қабілеттерін дамыту. 1. Таза ауада жүргенді ұнатасыңдар ма? 2. Жаттығу жасайсыңдар ма? 3. Тіс тазалайсыңдар ма? 4. Ойнағанды ұнатасың ба!				

	«Иә» десе күлтешені сары түске, «жоқ» десе күлтешені «қызыл» түске бояулары керек. 7. Қимылды ойын.«Денсаулық ережесі» Мақсаты: сөздік қорларын молайту. Экраннан денсаулыққа байланысты іс- әрекеттер көрсетіледі Дұрыс болса қолдарын шапалақтайды, дұрыс болмаса аяқтарын топылдатады. 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: Салауатты өмір салтының адам өміріне маңызын түсінеді, әңгімелей алады. .
ересек тобы	Тақырыбы: Салауатты өмір салты: Менің күн тәртібім (т-ж) Табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін дамыту. 1.Ұйымдастыру кезеңі. Балаларды ортаға шақырып сұрақ қою, олар жауаптарын әр түрлі қимыл –әрекеттер арқылы көрсетеді. - Көңіл-күйлерің қандай?(«Жақсы» деп бас саусағын жоғары көрсетеді); - Ойнағыларың келе ме? («Иә» деп қолдары шапалақтайды); - Кім тәртіпті бала? («Біз» деп өздерін көрсетеді); 2. Өткен тақырыпты қайталату. «Аудармашы» Мақсаты: Сұрақ-жауап арқылы, сөздік қорларын молайта отырып, еске сақтау қабілеттерін дамыту. 3. «Дыбыстар қайда орналасқан» ойыны.Ойын мақсаты: төл дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Ойын шарты: Үш сандықша жасалынады. Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында, екінші дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс аяғында көрсетілген. Балаларға жазылған сөздер үлестіріліп береді. Дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол сөзді сандықшаларға салады. 4.Жұмбақ жасыру. Уақытты өлшеп, сана Таппайды тағат. Бұл не? (сағат) - Бұл сағат не үшін керек деп ойлайсыңдар? - Сағаттың көмегімен нені өлшейді.Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздер: Оянамын, жуынамын, тазалаймын, киінемін, тараймын, 5.Сергіту сәті: «Еден-төбе-мұрын» ойыны: Сұқ саусақпен біресе төбені, біресе еденді, біресе мұрнын көрсету және «төбе», «еден», «мұрын» деп айту. Кейде айтқан сөзі мен қимылын керісінше жасап, балаларды жаңылыстыру. 6. «Бұл қашан болады?» ойыны. Ойын шарты: күн тәртібіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу.Мақсаты: Сұрақ-жауап арқылы, сөздік қорларын молайту. 7. «Тәтті тіл» ойыны.Мақсаты: сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту.Мазмұны: таза-лас, ки- шеш, тәтті- ащы, ақ-қара, жылы- суық т.с.с.педагог сөз айтады, балалар оған мағынасы қарама-қарсы сөз айтады. 8. Қорытынды бөлім: Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды К/н: күн тәртібіне байланысты іс-әрекеттерді ажырата алады.
ересек тобы	Тақырыбы: «Мен тәртіпті баламын» Мақсаты: құрдастарымен өзара әрекеттесудің ережелерін сақтауға үйрету, келіспеушілікті шешу тәсілдерін таба білу қабілетін қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу дағдыларын

Миға шабуыл: Қуанамын мен де, (өзін көрсетеді)

Қуанасың сен де, (көршісін көрсетеді)

Қуанайық достарым, (қолдарын ұстайды)

Арайлап атқан күнге.(қолдарын көтереді)

1. Ән: «Күлімде күн күлімде»

/Тіл дамыту: «Сіз», «біз» деген жылы сөз

Жылытады жүректі.

Жақсылық билеп жанды тез,

Оятады игі тілекті.

2. Әдептілік әліппесімен танысу

Анаң сенің базардан

Алма сатып әкелді.

Ең үлкенін жақсысын

Саған таңдап әперді

Не деп барып жеу керек?

Балалар жүр көшеде

Естіледі айғай-шу.

Сенде шықтың, көршіңді

Қойып кеттің байқамай.

Не деу керек?

Осы келген бетінде

Допты қудық, жарыстық.

Көшенің сол шетінде,

Кезікті бір танысың.

Ұмыттың сен не деуді.

5. Дыбыстық жаттығулар:

-үн-үн-үн – күн

-үн-үн-үн-түн

-лік-лік-лі-әдептілік

-мі-мі-мі – әдемі

6. Сергіту сәті:

Апам үшін күнде мен ,

Отынға ағаш жарамын.

Су құямын гүлге де,

Дүкенге де барамын.

Сыпырамын үй ішін,

Жуам ыдыс-аяқты.

	Жылай қалса ,бөпемді, Жұбатамын ойнатып. Құрылымдалған ойын-жаттығу: «Мен қамқор баламын» Рефлексия.Қорытынды: балалар әдептілік туралы біледі.Жақсы менен жаманды ажыра алады.
ортаңғы тобы	Тақырыбы: Салауатты өмір салты Балаларға салауатты өмір салтының қажеттілігі жөнінде түсінік беру, тазалыққа баулу. 1.Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу. Шашымды тарадым. Айнаға қарадым. Ерте тұрдым ұйқымнан. Мен бақшаға барамын. 2. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты еске түсіру. 3.Дыбыстық жаттығулар. ра-ра-ра - шашыңды тара, у-у-у- Қолыңды жу 4. «Ғажайып қалта» дидактикалық ойыны. Сөздік жұмысын жүргізу.Мақсаты: қазақ тілінде балалардың тазалық құралдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Мынау- тазалық, сабын, сүлгі, тіс пастасы, тіс щеткасы 5. Сергіту сәті Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолды жу. Тазалықтың досы Су дегенің осы. 6. Дидактикалық ойын: «Ретімен жина» (балалар себеттегі ойыншықтарды, киімдерді, гигиеналық заттарды реттеп жинайды). Мақсаты: балардың тілдерін дамыту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. 7.Қимыл- қозғалысты ойын «Жақсы-жаман» Мақсаты: жаңа сөздерді бекіту. -Балалар,мен тақпақтар оқимын.Егер жақсы бала туралы болса,қолдарыңды шапалақтайсыңдар.Егер жаман бала жөнінде болса көздеріңді жұмасыңдар. К/н: тазалық құралдары туралы айтады және оларды пайдалана біледі
мектепалды топтары	Тақырыбы: « Мейірімділік ережелері» Мақсаты: Балаларға мейірімділік туралы түсінік беру, адамдардың іс-әрекеттерін бағалау, сөздік қорын молайту. Мейірімділік істерді жасауды тәрбиелеу. Ой қозғау: Үлкен де Сіз. Кішіге де Сіз. Бәріне де ізетпен. Біздер сәлем береміз. Балалар қайталайды. 2.Педагог жетекшілігімен ойын. « Мейірімділік ережелері»

	-Бір-бірлеріңді есімдерінен атаңдар. -Мейірімді болыңдар, дос болыңдар. -Бір-біріңді мұқият тыңдаңдар, сөздеріңді бөлмендер. Жолға шығайық. Қарандар, 1.Біздің күніміз көңілсіз; оның шуақтарында жаман сөздер жазылған. Біз осы сөздерді жақсы сөздермен ауыстырайық. . Сәлемдесу көлден өту үшін амандасатын сөздерді есімізге түсірейік: Сәлеметсіз бе, қайырлы таң, күн, кеш, сәлем, привет. 3. Құрылымдалған ойын: «Сұрақ – жауап». Бізге Әдептілік көпірден өту керек. Егерде сұраққа дұрыс жауап берсеңдер, сонда ғана өтуге болады. 1.Әдепті адамдар кездескенде бір-біріне қандай сөздер айтады?(сәлеметсіз бе) 2.Ал қоштасқанда не дейді? (сау болыңыз) 3.Егерде, байқаусызда біреуді итеріп қалсаң не деу керек? (кешіріңіз) 4.Өтініш айтқанда не деу керек? (мархаббат) 5.Көмек үшін қалай алғыс айтады? (рахмет) 4. Сергіту сәті: Жақсы істер айтса: алақай! – деп шапалақтаймыз; жаман істер болса: фу! Деп аяқтарымызбен топылдатамыз. -үлкендерге көмек беру; -кішкентайларды ренжіту; -қыздарды қорғау; -ойыншықтарды алып қою; - итті тамақтандыру; -мысықтың құйрығынан тарту; -гүлдерді суару. 5. Тіл дамыту Қатты жаңбыр астында Қоян иесіз қалыпты. Орындықтан түсе алмай, Бас-аяғы суға малыныпты Қорытынды: Мейірімді сөздерді айта алады. Мейірімді істерді жасайды.
--	--

Қазақ тілі мұғалімі: Г.А. Мусағалиева

